

808.03
А32

АРХИВТІК
ҚОР

Ө. АЙТБАЕВ

Аудармадағы
фразеологиялық
құбылыс



АЛМАТЫ • 1975

ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

ӨМІРЗАҚ АЙТБАЕВ

АУДАРМАДАҒЫ ФРАЗЕОЛОГИЯЛЫҚ
ҚҰБЫЛЫС



Қазақ ССР-нің «ҒЫЛЫМ» баспасы
АЛМАТЫ — 1975

Аудармадағы фразеологиялық құбылыс. Айтбаев
Өмірзақ. Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1975,
228 бет.


Еңбек көркем аударма проблемасының нақты бір мәселесі — фразеологизмдерді ана тілінде берудің жолдарын зерттеуге арналған. Зерттеуге тірек болып отырған А. М. Горькийдің бірнеше шығармасы. Ең алдымен мұнда жалпы фразеологизмдердің зерттелуі жайлы, оларды бір тілден екінші тілге аудару жөніндегі әр алуан көзқарастардың сыры сараланады. Бұлардың күнделікті аудармашылық істе бір ізге түсіп, қалыптаса бастаған бірнеше жолдары көрсетілді. Сондағы алдымен көзге түсетін бір жайт, Горький фразеологизмдерін аудару арқылы ана тіліміздің стилдік мүмкіндіктерінің ашыла, молая түсуі.

Кітап жоғары оқу орындары мен орта мектептердің тіл және әдебиет пәнінің оқытушылары мен мұғалімдеріне, студенттерге, журналистер мен аудармашыларға, сондай-ақ аударма өнеріне пейіл білдіруші басқа да мамандық иелеріне арналады.

Жауапты редакторы
Қазақ ССР Ғылым академиясының
корреспондент-мүшесі М. Балақаев

А $\frac{70202-112}{407(07)-75}$ 118—75

© Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1975 ж.



К І Р І С П Е

Жер бетінде ежелден өмір сүріп келе жатқан халықтардың көбі осыдан жарты ғасыр бұрын бір-бірінің дүниеде бар екені жайлы да бейхабар болатын. Бірақ дүниені дүрліктірген ұлы оқиғалар бұйығып жатқан елдердің өміріне орасан өзгерістер әкелді. Ғылымның, техниканың дамуына байланысты халықтар арасындағы кеңістіктер жақындасып, қашықтықтар қысқарды. Енді адамдар өз үйінен алысқа ұзамай-ақ бір-бірін біле бастады. Осының нәтижесінде ортақ мүдде, бірегей мақсат, бірегей сөздер пайда болды. Бірақ адамдар тілінің әр түрлілігі бұрынғы қалпынша қала берді де, халықтар достығының дәнекері ретінде аударма өнері жандана бастады.

Аударма араласпайтын, аударма қатыспайтын мәдени өмірдің бірде-бір саласы жоқ.

Аударма деген сөздің ауқымы (аумағы) кең. Бір тілден екінші тілге өлең, көркем проза, ғылыми және ғылыми-көпшілікке арналған әр қилы еңбектер, дипломатиялық документтер, іс қағазда-

ры, саяси қайраткерлердің мақалалары мен шешендердің сөздері, газет материалдары т. т. толып жатқан дүниелер аударылуы мүмкін. Мұның бәрінде де аудармашыға қойылатын талап аударма теоретиктерінің¹ айтуынша екі ыңғайда көрінуге тиіс.

1) Аударманың мақсаты — түп нұсқа текстің тіл білмейтіндерге таныстыру;

2) Ал аудару дегеніміз — өзге тілдің құралдарымен баяндалған тексті екінші тілдің құралдарымен барынша толық, әрі дәл жеткізу деген сөз.

Шынында, аударма өнерінің мәселелерін жан-жақты талдап беру қиын. Өйткені «нельзя объять необъятное» деп Козьма Прутков айтпақшы аударманың сала-саласын бір шағын жұмыстың көлемінде түгел тексеру мүмкін болмас еді.

Аударма осы заманның өз мұқтаждығына сай туған өнер. Оның мәселелерін қарастыру деген сөз — дүние жүзі халықтарының ынтымақ, бірлігінің жаршысы болу деген сөз. Өйткені, халықтардың өзара қарым-қатысының күшеюі, бір-бірімен жақындасуы заманымыздың жарқын белгілерінің бірінен саналмақ.

Халықтардың өзара ынтымағы мен достығынан туындап жатқан жарқын ойлар мен жалынды істер лаулағанда «ошақ басында отырып қалу» жөн емес. Ендеше ұлттық мәдениетіміздің даму, өркендеу жайы оның интернационалдық сипатына тікелей қатысты екеніне дау жоқ.

¹ А. В. Ф е д о р о в. Основы общей теории перевода. М., 1968, стр. 15.

Дарқан мәдениетіміздің бір ұшы аудармаға ойысып жатады. Мәдени өміріміздің қандай бір саласын алсаңыз да, аударма араласпаған, аударма қатыспаған түрін табу қиын. Осыдан келіп біз барша адамзат мәдениетін біріне-бірі жалғаса, ұласа жарасып жатқан байтақ жазира деп ұғар болсақ, соған дәнекер, оны селбестіретін әр жұрттың қолындағы пәрменді құралдың бірі — аударма екенін айқын аңғарамыз.

СССР-да жүзден аса ұлт өмір сүреді. Ұлы Отанымыздың осы көп ұлттық құрамы аударма мәселелерінің мән-маңызының қаншалықты екенін танытса керек. Совет Одағын мекендеген өзге туыс халықтар сияқты қазақ халқы үшін де аударма атқарып отырған қызмет ерекше бағаланары сөзсіз.

Біз бүгінгі таңда марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, дүние жүзі мәдениетінің асқан үлгілерін өз ана тілімізде оқи алатын дәрежедеміз. Прогрестік мәні өзгеше, бұл процесс негізінен ұлы орыс тілі арқылы іске асып жатқаны кімге болса да анық. Қай тілдің, қай халықтың болмасын көптің рухани жан-дүниесін байытар қазынасын біз ұлы орыс тілі арқылы меңгерудеміз. Қазір орыс тілінен аударылған сансыз дүниелерді қарап шықсақ, біз ғылым саласында да, көркем әдебиет саласында да әлемнің төрт бұрышында болған, болып отырған небір оқиғалардан оймен, көкірек көзбен көңілге түйер дәрежеге жеткен екенбіз.

Бүгінгі тірлігімізге, тынысымызға ауадай қажет не түрлі рухани азықты орыс тілі арқылы

алып отырмыз. Аударма бізді орыс халқының шалқыған мәдениетінің түпсіз мұхитына еркін жүздіріп, телегей сезімге бөледі.

Осыған қарағанда аударманың біздің мәдени өмірімізден алатын орны орасан зор екені өзінен-өзі байқалады.

Белгілі бір ұлт әдебиетінің даму дәрежесін, заңдылықтарын білу үшін де, оны көрші әдебиеттермен байланыстыра зерттеуге тура келеді. Мәселен қазақ әдебиеті мен әдеби тілінің бүгінгі деңгейге дейінгі даму өрісін орыс әдебиеті мен тіліне байланыстыра қарамасақ, көп мәселеде олқы түсер едік. Ал сол өзара байланыс, қарым-қатынас дегеніңіз аударма арқылы жүзеге асатыны анық. Мұндай қарым-қатынастың әдебиет пен тілге тікелей әсері болары тағы да анық.

Аударма, сонымен бірге, туған әдебиетіміздің эстетикалық мүмкіндіктерінің молаюына, әдеби тіліміздің байи түсуіне айрықша әсер етеді. «Переводы необходимы и для образования нашего еще не установившегося языка; только посредством их можно организовать из него такой орган, на коем можно будет разыгрывать все неисчислимые и разнообразные варианты человеческой мысли»,²— дейді В. Г. Белинский. Көптеген тіл білімпаздарының, әдебиетші ғұламалардың зерттеулеріне қарағанда, Белинскийдің осы пікірді айтқан уақытынан бері орыс тілі ең бай тілдердің біріне айналып

² В. Г. Белинский. Полное собрание сочинений, т. I. М., 1953, стр. 130.

отыр. Мұнда аударма әдебиеттің алатын үлесі мол.

Марксистік гнесеологиялық көзқарас бойынша әр тілде сөйлейтін халықтар мекен еткен әлемді және сол халықтардың мәдени мұрасын танып білу тек аударма арқылы мүмкін. Әрине бұдан кез келген аударма түп нұсқаны толығымен танытар дәрежеде деген қорығынды жасалмауы тиіс. Сонда да кез келген аударма, оның ішінде, әсіресе, көркем аударма басқа тілдің амалдарымен жасалған шығарманы екінші тілдің құралдарымен қайта жасау болып табылады. Бұл процесс әр алуан халықтардың өзара қарым-қатынасы негізінде тарихи дәлелденген және жасалған тәжірибелер мұның әбден мүмкін екенін көрсетіп отыр. Ал енді бұл аудармалардың сапасы, салмағы т. б. түрлі қасиеттері деген мәселенің бәрін көркем аударманың теориясы тексеруге тиіс. Аударма теориясы осындай қажеттіліктен келіп туған.

Біздің негізінен көңіл қойып отырғанымыз — көркем аударма. Яғни көркем әдебиеттің екінші елге сапары жайлы деп те айтса болар еді мұны.

Аударманың тарихына үңіліп қарасақ, ел мен елдің, халық пен халықтың өзара ұғысу, жақындасу ниеті ертеден-ақ пайда болған сияқты. Оған дәлел — әр жұрттың өмірінде замандар бойы жалғасып келе жатқан аударма өнерінің үлгілері. Әсіресе, аударманың өзге үлгілерінен гөрі көркем туындылары бір халықтан екінші халыққа, бір тілден екінші тілге жеделірек жетіп отырған. Халықтың рухани тілек-талабынан келіп туған өзге елдің көркем шығармаларын аудару процесі

келе-келе өзіндік принциптері мен қағидаларын алға тартады. Аударудың әр қилы тәсілдері мен заңдылықтары бой көрсетеді.

* * *

Сөйтіп бір халықтың әдеби мұрасын екінші елдің рухани қазынасы етуді мұрат тұтқан адам аудару үстінде екі тілдің өзді-өзіне ғана тән неше алуан ішкі заңдылықтарының сырына үңіліп, аударудың өзіндік заң-жобаларын түзе (сыза) бастайды. Әрбір тіл арасында аударма арқылы болып жататын не қилы салыстыру, салғастыру дегендердің бір жүйеге түсіріліп, саралануы қажет екенін ертеден ұққан азаматтар осы жөнінде өз пікірлерін айтып, жазып отырған. Мәселен, дүние жүзілік мәдениеттің алтын қорын аралап кетер болсақ, сонау ертедегі Рим дәуірінің алыптары — Ливий Андроник, Цицерон, Гораций, Квинтилиан т. б. бастап, жиырманшы ғасырға дейінгі аударма проблемаларына арналған сан алуан теориялық пікірлердің болғанын тарихтан білеміз.

Сол дәуірлер сырын танытатын бұл қағида, көзқарастардан аңғарылған бір нәрсе: аударманың қай дәуірде болмасын қоғамда үлкен роль атқаратыны. Яғни қоғам дамуындағы әр қилы өзгерістердің жүзеге асуына аударманың да елеулі қызметі болғанын Ф. Энгельстің мына бір сөзінен аңғаруға болар еді. «Своим переводом библии Янтер дал в руки плебейскому движению мощное орудие... Крестьяне всесторонне исполь-

зовали это орудие против князей, дворянства и попов»³.

Әрбір дәуірдің дамуына қарай аударманың әр қилы принциптері бой көрсеткен. Сонау ерте дәуірдің өзінде-ақ еркін аударма мен сөзбе-бөз аударма пайда болған. Әріпқойлық діни әдебиеттерге деген «киелі» көзқарастар негізінде қалыптасса, еркіндік римляндықтардың гректің бай әдебиетінен үйрену талабынан туса керек. Шындығында, тарихқа жүгінсек, сол кезеңде грек әдебиетінің римляндықтар әдебиеті мен тіліне тигізген әсері ұшан-теңіз. Бұдан ұғатынымыз: аударманың тіл мен әдебиетке тигізер әсерінің қай кезде де мол екендігі. Тағы бір ескеретін нәрсе, сонау ерте кезде-ақ бой көрсеткен аударманың бұл екі тәсілі күні бүгінге дейін ұласып келе жатқаны. Көп дау, талас-тартыс осы екі принцип маңында өрбиді.

Қайта туу (эпоха Возрождения) дәуірі творчестволық істің жаңа мұраттары мен түрлерін тарата отырып, аударманың ролін көтеріп тастады. Бұл кезде Германияда аударманың әр қилы принциптері көріне бастайды. Тіпті бөтен тілдің синтаксисіне дейін жеткізуді талап еткендер (Никлос фон Виле) де, қайта өңдеуге дейін баратын еркіндікті талап етушілер (Генрих Штеинхавель, Альбрехт фон Эйб) де болған. Англияда поэтикалық түрлердің қандайын болмасын ұлттық өңге айналдыру арқылы әдебиетін дамыту ағымы болған екен.

³ Г. Г а ч е ч и л а д з е. Проблемы реалистического перевода. Автореф. докт. дисс. Тбилиси, 1961.

Францияда аударма патша сарайындағы аристократтар талғамына лайықты жасалып отырған. Яғни еркін аударма етек алған.

Әр қилы елде әр алуан принциптері қалыптаса бастаған аударма тәжірибесін түбегейлі тексеріп, оны ғылым ретінде теориялық жүйеге салып қарастыру қажеттігі осылай келіп туды.

* * *

Аударма мәселесіне арналған алғашқы теориялық еңбектер XVIII ғасырда шыға бастаған. Мәселен: Германияда — Хоттингердің «Нечто новейшей фабрикации переводов из греков и римлян» деген, Англияда — Тайтлердің «Эссеи о принципах перевода» деген еңбектері жарық көрген. Мұның соңғысын, жақсы аударманың негізгі принциптерін анықтап берген (түп нұсқаның идеясын, стилін және жазу мәнерін беру. — *Ө. А.*) еңбек ретінде аудармашылар мен теоретиктер күні бүгінге дейін пайдаланып жүр. Осы еңбектер шыққан кезеңде аударма және аудармашылар жөнінде екі түрлі пікір болған сияқты. Оның бірі — түп нұсқа авторын аудармашы еліне алып келіп, өз жерлесі ету де, екіншісі, керісінше, аудармашының автор еліне көшуі. Автордың жағдайымен түбегейлі танысу үшін оның еліне бар дейтін принципті немістің ұлы ақыны Гете ұстанған.

Батыс Европа мәдениетінің тарихынан аударма теориясына қатысты әр қилы пікір айтып, еңбек жазған талай ғұламаларды (мәселен, аударманы шешуі жоқ жұмбақ деп ұғатын Гумбольдт, «пере-

вод — смерть понимания» дейтін Мориц Гаупт, автордың жанын беруге тырыс дейтін Шлейермахер т. б.) келтіруге болады.

* * *

Аударма теориясын сөз еткенде, оның қалыптасуына тікелей қатысы бар ұлы орыс мәдениеті өкілдерінің пікірлеріне тоқтамай өте алмаймыз. Россияда алғаш еркін аударма принциптерін қолдап, сол жайында пікір айтқан Ломоносов, Сумароков, Третьяковский, Державиндер, т. т.

«Переводчик прозы — раб, переводчик поэзии — соперник» деген әйгілі қағидасымен орыс аударма өнерінде өзінің айтулы ізін қалдырған В. А. Жуковскийдің жөні бір бөлек.

А. С. Пушкин, М. Ю. Лермонтов айтқандарынан аударма теориясына негіз боларлық және соның дамуына едәуір септігін тигізген жайды аңғарамыз. Сондай-ақ, Белинский, Чернышевский, Добролюбов, Писарев сынды сыншылардың аударма жөніндегі қағидалары өз алдына бір бөлек зерттеу объектісіне лайықты дүние. Бұлардың соңынан акад. Веселовскийдің үлгісі шықты. Осы мектептің өнегесін үлгі тұтқан аудармашылар саны молайды. Алайда, қайсыбір зерттеулерге жүгінсек, бұлар жасаған аудармалардың біразынан түп нұсқаны орыстандыру, творчестволық ерекшеліктер жағынан кедейлену айқын байқалар еді.

XIX ғасырдың соңғы кезеңінде тіл білімінде үстем бола бастаған декаденттік ағым мен психологизм аудару өнеріне деген пессимистік көзқа-

расты таратып жіберді (Потебня). Ал түрге еуестенушіліктің, қашан да, әркімнің өз басының талғамына лайықты аударма жасауға итермелейтінін аударма тарихынан білеміз. Жалпы Ұлы Октябрь революциясына дейінгі аударма теориясына қатысты пікірлердің қысқаша шолу жасағандағы сипаты осындай. Осы қысқаша шолудың өзінен-ақ аударма өнері ғылым ретінде қалыптасып, оның принциптері, өзіндік заңдылықтары теориялық тұрғыдан тексеріліп, жүйелі жолға салынбағанын анық аңғаруға болады.

* * *

Аударманың бүкіл халықтық сипатқа ие болуы А. М. Горький есіміне тікелей байланысты. Советтік Россияны мекен еткен халықтар әдебиетінің тамаша үлгілерін баршаға ортақ қазына ету талабы аударма процесін бұрынғыдан әлдеқайда жандандырып жіберді. Алексей Максимович ұлттар әдебиетінің орыс тіліне аударылуын ғана емес, олардың бірінен біріне аударылуын да арман етеді. Аударма ісінің бүкіл халықтық мәні бар мәселе екеніне қатты көңіл бөле отырып, ол аудармашыларға қатаң талап қояды. Аудармамен айналыса бастаған творчество өкілдеріне, бұл мәселенің принциптері мен қағидаларын қарастырып, теориялық еңбек жазуын тапсырады. Өйткені бұған дейінгі аудармаларда әркімнің қалауынша әр қилы жасалған жарамсыз үлгілер көп болатын. Олардың көбін қайта қолға алып, ғылыми негізде қайта жасау қажеттігі туды.

Мұндай аса жауапты мәселенің дұрыс жолға қойылуы үшін аудармашыларды аударманың ең қарапайым да түсінікті қағидаларымен қаруландыратын теория керек еді. Сөйтіп, 1919 жылы аударма теориясының әлібиі жасалды. Мұны алғаш қолға алған аударманың аса көрнекті теоретиктерінің бірі, ол кездегі жас әдебиетші К. Чуковский⁴ болатын. Кейін бұл еңбек әлденеше толықтырылып, жаңартылып басылып отырды.⁵

Аударма теориясына қатысты алғашқы еңбекті жазар алдындағы қиындықты К. Чуковский былай есіне алады:

«Однажды Алексей Максимович во время заседания нашей коллегии обратился ко мне с вопросом, с каким обращался к другим:

— Что вы считаете хорошим переводом?

Я стал в тупик и ответил невнятно:

— Тот... который... наиболее художественный...

— А какой вы считаете наиболее художественным?

— Тот... который... верно передает поэтическое своеобразие подлинника.

— А что такое верно передать? И что такое поэтическое своеобразие подлинника?

Здесь я окончательно смутился».⁶

⁴ К. И. Чуковский, А. Федоров. Искусство перевода. Л., 1930.

⁵ К. И. Чуковский. Искусство перевода. М.—Л., 1936; Высокое искусство. М., 1941; Высокое искусство. О принципах художественного перевода. М., 1964; Высокое искусство. М., 1968.

⁶ К. Чуковский. Высокое искусство. М., 1968, с. 7.

Міне сол алғашқы кітапша шыққан жылдан бері аударманың мәселелерін әр қилы көзқарастар тұрғысынан қарастырған әр алуан еңбектер пайда болды.⁷ Аударма өнерінің ерекшеліктері мен заңдылықтарын таратып, талдай алатын тамаша теоретиктер өсіп жетілді. Олар — М. П. Алексеев, А. В. Федоров, Г. Гачечиладзе, И. А. Кашкин, О. Кундзич, А. В. Куниң, Ю. Д. Левин, П. М. Топер, Я. И. Рецкер, В. М. Россельс, В. Е. Шор т. б.

Советтік Қазақстанда да аударма мәселесіне байланысты біраз еңбектер жарияланды.⁸ Республикамызда шығатын барлық газет-журналдарда аударманың түбегейлі мәселелері туралы үзбей ғылыми ой-пікірлерін жазып келген М. Әуезовтің, М. Қаратаевтың, С. Талжановтың, Ә. Сатыбалдиевтың, Т. Әлімқұловтың, Ә. Ипмағамбетовтың, Е. Букетовтың, Қ. Қанафиеваның, А. Жовтистің, Е. Ғабдіровтың, Ш. Сарыбаевтың, Ә. Нұрпейісовтың, М. Әлімбаевтың, С. Нұрышевтың т. б. ұсыныс-қа-

⁷ М. П. Алексеев. Проблемы художественного перевода. М., 1961; А. В. Федоров. О художественном переводе. Л., 1941; Введение в теорию перевода. М., 1953, 1958; Основы общей теории перевода. М., 1968; Н. Б. Аристов. Основы перевода. М., 1959; «Мастерство перевода», 1959, 1962, 1963, 1963—1964, 1964—1965, 1966, 1967—1968, 1969, 1970, 1973.

⁸ Бұл жөнінде С. Талжановтың «Көркем аударма туралы» (1962) кітабы мен Ә. Сатыбалдиевтың «Рухани қазынасын» (1965); М. Әлімбаевтың «Өрнекті сөз — ортақ қазынасын» (1967); Қ. Сағындықовтың «Көсемнің асыл мұрасын» (1970); «Материалы регионального совещания по переводу...» (1960) жинағын қарауға болады.

ғидалары бұл проблеманың ғылым ретінде қалыптасуына едәуір септігін тигізгені мәлім.

Бұларға қоса аударма проблемаларына арналған Бүкіл одақтық, республика аралық, республикалық кеңес-мәжілістер көптеген күмәнді, түсініксіз жайларды теориялық тұрғыдан ғылыми талқыға салып, саралап шықты. Әрине бұл мәжілістер аударма теориясының әр алуан мәселелерін түбегейлі шешіп берді деп айту ертерек. Алайда ден қоюға тұрарлық бір ақиқат: аударма өнерінің бүгінгі таңда филология ғылымының ерекше бір саласы ретінде танылып, оның даулы-даусыз мәселелерінің нақты ғылыми жолмен тексеріле бастауы. Дәлелдеме, дәйектемелерге негізделген мұндай ғылыми бағыт аударма проблемасының көптеген мәселелерін нақтылы шешуге, сөйтіп аудармашыларға қиындық туғызып келген кейбір жайттар жөнінде қажетті принциптерді ұсынуға едәуір септігін тигізгені хақ.

Бұл үлкен проблеманың қағидаларын талдап беруде әр қилы көзқарастар күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Аударма өнерінің мәселелерін тексеруде әр қилы ғылым саласы келіп түйісіп жатады. Әдебиет, тіл, психология, тарих, этнография, математика, т. т. Мұның ішінде аударманың өзіндік объекті (егер осылай айтуға болса.— *Ө. А.*) тіл мен әдебиет болуға тиіс. Өйткені көркем аударманың тексеретін мәселесі белгілі бір тілде жазылған көркем туындының екінші бір тілдегі көрінісі. Осыдан келіп аударманы зерттеу саласында тілшілер мен әдебиетшілер арасында әр алуан көзқарастардың болатыны ақиқат.

Жалпы, теориямен айналыспаған аудармашының аударманың қазіргі талабына лайықты іс бітіруі неғайбіл. Советтік аударма теориясының бүгінгі талабы дегенде біз көркемдігі жағынан дәл, толыққанды аударманы айтамыз. Қанша дегенмен, өз бетінше, өз қалауынша аудармамен айналысушы адам білгенін өзімен ала кетеді де, оның қолы жеткен ақиқат жұмбақ күйінде қалады. Ал теория сондай көптеген тәжірибелерді қорыта келіп, қол жеткен табыстарды көпке ортақ дүниеге айналдырады.

Аударманың ғылыми қағидаларын ортақ мүддеге айналдырушы теоретиктердің бұл жөніндегі ұстанған принциптерін үш түрге бөліп, топтап әңгімелеуге болар еді.

Олардың бірі — аударманы әдебиет тану ғылымының еншісіне беріп, оны таза творчестволық құбылыс ретінде қарастыратындар. Мәселен, И. А. Кашкин, А. А. Смирнов, И. Брагинский, В. Россельс, В. Шор т. б. пікірлері негізінен осы ыңғайда түйісіп жатады.

Ал проф. А. В. Федоров бастаған тілшілер қауымының көбі аударманы тіл білімінің объектісі ретінде зерттейді. Бұлардың қатарына Л. С. Бархударов, В. А. Ларин, Я. И. Рецкер т. б. қосуға болар еді.

Бұл екі көзқарасты жалғастырып, аралық позицияда тұрған үшінші бір топ аударманы өз алдына бөлек сала ретінде тексереді. Яғни аударма негіздері тіл мен әдебиет қағидаларына сүйенсін дейді. Өзінің дәлелді теориялық тұжырымдарымен аударма ғылымының дамуына бөлекше

үлес қосқан Г. Гачечиладзе мұны былай түсіндіреді: «Аударма теориясы лингвистика мен әдебиеттану ғылымының аралығында тұрған, өзіндік орны бар өзгеше ғылым». А. Лейтестің де: «Она могла бы стать наукой об осмыслении и воссоздании художественных произведений средствами другого языка, показывая на материале многих литератур, как читательское сотворчество перерастает в сотворчество писательское»,— деген пікірінен Г. Гачечиладзе ұсынып отырған принциптерді қолдайтынын аңғарамыз. Үш топтың өкілдері аударма проблемаларын осылай әр қилы тараптан тексеруді талап ете отырып, іс жүзінде бірінің мәселесін бірі қамтып кете береді.

Мәселен, аударманың көркемдік қасиетіне, эмоциялық, эстетикалық әсеріне айрықша мән беріп, алдымен тек соның жеткізілуін қадағалайтын зерттеушілер, кейде еріксіз, сол көркемдік ерекшеліктерді жасауға тікелей қатысты тілдік құралдарды талдап кетеді. Ал, керісінше, тіл мамандары әлгі тілдік факторларды талдай келе, бұлардың көркем құрал есебінде атқаратын қызметін саралайды. Осылай болуы заңды. Өйткені, біздің ойымызша, көркем аударма әдебиет пен тілге тікелей қатысты. Егер мұны құсқа теңеп бейнелеп айтсақ, құстың қос қанатсыз ұша алмайтыны сияқты, көркем аударма да әдебиет пен тіл қағидаларынсыз дами, өркендей алмақ емес. Міне сондықтан да, біз көркем аударманың өз заңдылықтарына орай жасаған соңғы тұжырымды қуаттаймыз.

Аударманы творчестволық процесс деп оның эстетикалық мәніне, әсеріне баса назар аударатындар мен лингвистикалық мәселе ретінде тексеретін

тілшілердің екеуі де бұл проблеманы бір жақты ететін тәрізді. Өйткені, аударма мәселесінде бұл екеуін бөліп, олардың екінші тілдегі көрінісін жеке-жеке іздестіру жарамайды. Бұлай аударма проблемаларын түбегейлі тексеру мүмкін емес. Шындығында аударманың творчестволық процесс екеніне ешкім дау айта алмаса керек. Ал сол творчестволық процесс екінші тілде қалай, немен жеткізілуге тиіс? Егіздің сыңарындай, тіпті бірінен бірі туып, біріне бірі жалғасып жатқан құбылыстың жігін ажыратып байланыссыз қарастырудың қажеті қанша. Ал аударманың творчестволық процесс екеніне дауымыз болмаса, мұның тек тіл құралдары арқылы іске асырылатыны тағы анық. Сонда, теориялық топшылау жасағанмызда мұның «эмоциялық мәселелері» немесе «лингвистикалық мәселелері» деп бөлек-бөлек қарастыруға негіз бар ма?

Бізге айқын нәрсе, аудару процесінде де, теориялық анализ жасау барысында да лингвистикалық құбылысты эстетикалық-эмоциялық әсерден бөлуге тіпті болмайтындығы. Өйткені, әдемілік дегеніңіз лингвистиканың функциясына жатады. Көркем контексте лингвистикалық құбылыстың осындай қызметі байқалмайтыны белгілі. Лингвистикалық элементтегі эстетикалық қызмет (функция) дегеніміз көркем туындыда бір сөзді жазған замат немесе оны аударған бойда көрінеді. Осы айтып отырған эстетикалық әсер дегеніңізді алсақ, ол тіл құралдары арқылы жасалады. Сөйтіп, аудармада бұл екі процестің екеуі де қатынасады. Онсыз аударманың жасалуы мүмкін емес.

Тілдің әрбір элементі көркем контекстке ене отырып, сапалық өзгеріске ұшырайды. Яғни лингвистикалық құралдардың қабілеттілігі көркемдік мән-мағынаға айналып жатады. Сондықтан да: «В диалектическом единстве лингвистического и художественного, в способности отмеченного качественного превращения и состоит возможность преодоления основного противоречия, выраженного в формуле — перевод прекрасного с одной лингвистической системы на другую»,⁹— деген теоретик О. Кундзичтің пікіріне қосылуға тура келеді.

Осы тұрғыдан алғанда «... область художественного перевода начинается там, где кончается область языковых сопоставлений»¹⁰— деген Г. Гачечиладзенің; «пусть он (тілді айтып отыр.— *Ө. А.*) будет подчинен определенному художественному или идейному замыслу, но сам по себе представляет материал чрезвычайно богатый»,¹¹— деп түсінетін А. Федоровтың пікірлері де дау туғызады.

Көркем шығарманы жеке алып қарағанда ол көркем туынды есебінде эстетикалық әсер ететін категория. Біз оны оқығанда ондағы сөйлем мүшелерін талдап жатпай-ақ таңдай қағамыз. Ал, енді сол шығарманы аудару қажет болса, не сол аударманы талдау керек болса, оны бірнеше

⁹ О. Кундзич. Переводческий блокнот, стр. 222 (Сб.: «Мастерство перевода», 1968).

¹⁰ Г. Гачечиладзе. Проблемы реалистического перевода. Автореф. докт. дисс., Тбилиси, 1961.

¹¹ А. В. Федоров. Введение в теорию перевода. М., 1958. стр. 4.

бөлікке, материалға бөлуге тура келеді. Сөйтіп лингвистикалық анализдің қажеттігі туады. Әдеби-лингвистикалық байланысты осындай бірлікте қарау қажет.

Қазақ аударма өнерінің тарихына үңілсек, дәл осы тектес ара жігі айқын, анық пікірлер бар деп айту қиын. Мұнда біз мынау тілшілер ұсынған, мынау әдебиетшілер ұсынған пікір деп бөліп-жарып жатпаймыз. Тек бір ескерте кететін жай мынау: аударманы өнер деп ұғатын жазушы, журналистер қауымы мұны тек әдебиеттің тексеретін саласы деп танытыны¹². Тілші ғалымдар тарапынан бұл жайында айтылған үзілді-кесілді пікірді кездестіре алмаймыз. Мұның мәнісі арнайы зерттелмегендіктен бе деп ойлаймыз. Ал кейінгі тұжырымның, яғни аударманы әдебиет пен тіл арасындағы құбылыс деп қарайтын көз-қарасты қолдайтын зерттеушілер де бар. Мәселен, аудармашы ғалым Ә. Сатыбалдиевтың бұл турасындағы қайсыбір ойлары реалистік аударма ғылыми теоретиктерінің бірі Г. Гачечиладзең кейбір пікірлерімен үндесіп жатады.

* * *

Көркем аударма теориясының аудармашылар ұстанған тәсілдері қайсы, бүгінгі таңда ұстанатын тәсілдері қайсы? Біз кіріспенің басында

¹² Ә. С а т ы б а л д и е в. Рухани қазына. Алматы, 1965; С. Т а л ж а н о в. Көркем аударманың мәселелері. Алматы, 1962; М. Ә л і м б а е в. «Өрнекті сөз — ортақ қазына». Алматы, 1967.

халықтар арасында достық қатынастың дә-некері ретінде пайда болған аударма өнерінің о бастан-ақ екі түрлі тәсілі бой көрсеткенін айтқан едік. Олар сөзбе-сөз аударма мен еркін аударма. Бұлар аударманың күнделікті тірлігінде талай әжетке жаратылып келген тәсілдер. Тіпті күні бүгінге дейін қайсыбір аудармалардан көрініп қалады. Аударманың әр қилы үлгісін жасап, әр алуан қағидаларға жүгінген өнерпаздар іс барысында сан түрлі ағым жетегінде болғанмен, олардың бәрі де осы екі үлгінің, екі тәсілдің маңайына келіп үйіріле береді. Екі тәсілдің әрқайсысын дәуіріне, кезеңіне қарай жеке-дара алып қарастырсақ оларды түсінуде, қолдануда қилы-қилы ұғымның да болғаны мәлім.

Бұл екі тәсілдің тарихи мәнін бір жақты түсініп, теріс ағым ұстанып жүрген зерттеушілердің де бар екенін ескере отырып, алдымен аударманың біз сөз етіп отырған осы принциптеріне тоқтала кетуді жөн көрдік. Теориялық тұрғыдан қарастырғанда бұл принциптердің мән беруді тілейтін өзіндік ерекшеліктері мол. Және аударма процесіне қырсығын тигізген кездері де жиі кездеседі. Осындай пайдалы-пайдасыз жақтарын марксистік диалектикаға жүгіне отырып қарағанда ғана ғылыми ақиқат тұжырым жасай аламыз.

* * *

Шынында аударманың қай түрі болмасын ол белгілі бір кезеңнің жемісі. Ғылымның, практикалық істің өзі әкелген алғашқы адымдары

болады. Сондай қажеттіліктен келіп туған еркін аударма тәсілі кезінде прогрессивтік роль атқарғаны мәлім. Өйткені ғылым, өнер, экономиканың алғашқы тәй-тәй басқан шағында бірден реалистік аударманы талап ету мүмкін емес еді. Ол кезде халықтың білім дәрежесінің өзі көптеген мәселені түсіндіріп алуды тілейтін. Аудармашылардың өзі тілесін, тілемесін алып отырған объектісін түсіндіруге ыңғайлай беретіні біріншіден осыдан, екіншіден сол аудармашылар сүйенерлік бірде-бір жол-жобаның, аударманың семантикалық жүйесінің әлі қалыптаспауынан деп білеміз. Осы тұрғыдан қарағанда, бұл принциптің өз кезінде ролі ерекше болғанын ұғу қажет. Мұның кесірлі тәсілге айнала бастаған кезін анықтау ғылыми байыптылыққа саятын нәрсе. Аударма тәжірибесі молайып, оның әр қилы жаңа, жарқын принциптері туа бастағанда, қайсыбіреулердің еркіндіктен арыла алмай жүруі әрине орынсыз-ақ. Оның себебін ашып, бүге-шігесін талдау ғылымның міндеті.

Ал сөзбе-сөз аударманы кейбір практиктер мен зерттеушілер жарамсыз тәсіл деп түсіндіреді. Шынында бұл тәсілдің де себепсіз тумағанын ескеру керек сияқты. Кейінгі кезде жариялана бастаған ғылыми-теориялық еңбектерге және аударма тәжірибесіне жүгінсек, бұл принциптің көңіл аударуды тілейтін тұстары көп-ақ. Ғылыми тұжырымның мәні я олай, я былай деп тоқ етерін айта салумен анықталмаса керек, қайта нақты мәселенің себеп-салдарына жүгінген жүйелі дәлелдемелерге орай байқалса керек. Әрине сөзбе-сөз, әріп-

қой аударма дегендердің ғылыми қағидаларға салғанда бадырайып көрінетін баянсыз түрлерін көрсету лазым. Аударманы ғылым деп танитындығымыздан оның әдіс-тәсілдерін ғылыми жүйеге салып, себеп-салдарын дәлелдемелермен аша, ажырата баяндауға міндеттіміз.

Жалпы ғылымның принциптері, әдіс-тәсілдері себепсіз ойдан жасалмайды. Қандай тәсіл болмасын ол белгілі бір шындықтың айнасы. Ендеше сөзбе-сөз аударма практикасындағы белгілі бір мұқтаждықтан, қажеттіліктен келіп туған. Ал ол тәсілдің жарамды-жарамсыз болмысын анықтау екінші мәселе. Ғылыми талдауды тілейтін тұс осы. Ендеше біз аударма тәжірибесі алып келген әр қилы әдістерді түсіндіруде бір жақты ұғымнан қашыңқырап, соның себеп-салдарына үңілуге тиіспіз. Оның жарамды қасиеті қайсы, жарамсыз қасиеті қайсы — міне осы мәселелер, көбінесе көмескі күйде қала беретін. Тағы бір ескеретін жай мынау: әдетте сөзбе-сөз аударманы жарамсыз деп табатын жолдастар, шынында да мұны сөзбе-сөз ұғатын тәрізді. Яғни белгілі бір сөйлем компоненттерін сол тұрған қалпында, сондай тәртіппен көшіру деп түсінеді. Егер мұндай тәртіппен аударсақ, әрине сөзбе-сөз тәсілдің түкке жауағысыз боларына күмән жоқ. Ал сөзбе-сөз аударманы дұрыс ұғатындар ұстанған принцип сәл басқашалау. Олар әлгі сөйлемді мағыналық топқа айналдырып тұрған компоненттердің түп нұсқадағы күйін сақтап жатпайды. Бірақ сондағы айтылмыш ойды білдіруге қатысып тұрған сөздердің бәрінің лексикалық мағынасын жеткізуге

тырысады. Жеткізгенде, әрине әр сөзді жеке-жеке қуалап, жеке-жеке аударатын болсаңыз баяғы Гумбольдт айтқан¹³ жалған тұжырымға баратыныңыз ақиқат. Гумбольдт не дейді. Оның айтуынша аударма дегеніміз шешілмейтін жұмбақты шешуге әурелену болып шығады. Мұның мәнісі: аудармашы жүзіп келе жатқан су астында шөккен екі тас бар. Бір халықтың көркем мүлкін жеткізуді мұрат тұтқан адам қалайда осы екі тастың біріне ұрынады. Оның бірі түп нұсқаға өте адал болу үшін, ана тілінің заңдылықтарын аяққа басу болса, екіншісі ана тілінің заңдылықтарына түп нұсқаның бар қасиетін түгел бағындырып басқа қиянға шығып кету. Осыдан келіп әрбір халықтың зат, материя, болмыс жайындағы түсінігі әр қилы, соған орай тіл байлығы да алақұла. Ендеше бай тілден кедей тілге аудару мүмкін емес деген идеалистік қорытынды жасайды.

Міне осы жалған ұғымның жетегінде кетпес үшін сөзбе-сөз аударманың ішкі-тысқы характерін талдап, таратып түсіну қажет. Яғни сөзбе-сөз дегенді сол сірескен қалпында қабылдамай, аудару кезінде сөйлем компоненттері аударылатын тілдің заңдылықтарына қарай ыңғайлана, орындары ауысып түсіп жататынын және сөйте тұрып түп нұсқа мазмұны мен формасы түгел жеткізілетінін қамтамасыз ететін тәсіл деп те қарағанмыз жөн.

¹³ Г. Р. Г а ч е ч и л а д з е. Проблемы реалистического перевода. Автореф. докт. дисс. Тбилиси, 1961.

Бүгінгі советтік көркем аударманың аса үлкен табысы деп адекватты немесе реалистік аударманы айтуға тиіспіз. Бұған дейін адекватты және толыққанды аударма деген терминдер пайда болған. Бұлар жөнінде жоғарыда сілтеме жасалған еңбектерді қарауға болады.

* * *

Бұрын аударма қатынасы болмаған елдердің көркем туындысын екінші тілге жеткізуде толып жатқан қиындықтар болатыны белгілі. Ол қиындықтардың басы ең әуелі тілдердің әр қилы топқа жататындығынан басталады. Яғни тілдер құрылысы (типология) жағынан басқа-басқа болып келсе, бұл тілдерде жазылған көркем шығармаларды бірінен екіншісіне аудару оңайға түспейді. Аударма процесіне едәуір ықпалын тигізетін екінші бір жағдай — тілдердің негізі туыс еместігі. Басқаша айтқанда, индоевропа тілдерінен түрік тілдеріне, немесе керісінше түрік тілдерінен индоевропа тілдеріне аударудың сан алуан қиындықтарын байқаймыз. Ал туыс тілдерді бірінен екіншісіне аудару әлдеқайда жеңіл. Мысалы, өзбек тілінен қазақ тіліне, қазақ тілінен қырғыз тіліне т. т. көркем шығармаларды аударуда көптеген жеңілдіктер болатынын да аударма тәжірибесі көрсетіп жүр. Әрине, бұл жерде лингвистикалық факторлардан тыс нәрселер де бар. Бұлар да аударма ісінде айрықша роль ойнайтын факторлар. Мәселен, халықтардың мәдени өміріндегі тарихи орталықтар және ұзақ мерзімдік

өзара тілдік қарым-қатыстың барысында пайда болған ұғымдар мен көзқарастардың ұқсастығының әсері мол. Бұл тұста аудармашының қызметі көп мәселені шешіп тастауы мүмкін. Сөз алмасу (заимствования деген мағынада алып отырмыз.— *Ө. А.*), калька жасау және қайта жасанған сөздер аударма арқылы келеді. Бұлар тіліміздегі көптеген сөздерімізге сапалық өзгерістер енгізеді. Яғни тілімізде осы аудармаға дейін байқалмаған жаңа мағыналық сипаты бар сөз қатары көріне бастайды. Бұл процестің келесі аудармаларға жеңілдік жасайтынына дау жоқ.

Тілдердің индоевропа тармағына жататын орыс тілінен түрік тобына жататын қазақ тіліне аударуда осындай құбылыстардың болып келгенін көреміз, әлі бола беретінін де сеземіз. Аударма процесінде болып жататын әр алуан толқындардың біраз себебі тілдердің осы тек өзгелігі мен құрылыс өзгелігін дұрыс ұқпаудан туса керек. Алайда орыс тілінен аударудың тарихын *М. Горький* творчествосы негізінде қарап өткенімізде әлгіндей ізденістердің, толқындардың қилы-қилы түріне тап болдық. Сонымен бірге *Горькийді* аударудың алғашқы кезеңнен бергі елу жылғы мерзімді салмақтап қарағанымызда аударма тілі көптеген сөздердің қосалқы мағыналы қосымша қорына ие болған екен. Бұлар адекватты аударма есебінде дайын күйге ие болады. Тіпті түп нұсқадағы қайсыбір конструкциялардың эквиваленті есебінде алуға болатын дайын грамматикалық конструкциялар да қалыптаса бастады. Сөйтіп тілде аударғыш құрал түрінде пайдаланылатын

семантикалық қосалқы жүйе жасалады. Аударма процесін жеделдетуде мұның ролі ерекше. Әрине бұларды, көбінесе, байқау қиын да. Аудармамен түбегейлі айналысып жүрген маманның сөздік қорында осындай жүйе өзінен-өзі қалыптаса бастайтыны хақ.

Бұл семантикалық жүйенің молаюы немесе таралуы аударма қатынасының характеріне байланысты. Көркем шығармалар жиі-жиі аударылып отырса жаңа мағыналық топтар молая, түрлене түспек те, керісінше аудару процесі тежелсе бұлардың да өрісінің тарылуы табиғи нәрсе. Бір кездері орыс тілінен қазақ тіліне аударудың қиындықтары болғаны мәлім. Олар, ілгеріде ескерткеніміздей, орыс тілі мен қазақ тілі құрылысының ерекшелігінен, тілдік дәстүрлі эквиваленттердің аздығынан және осы тілдерде сөйлейтін халықтар ұғымында қалыптасқан әдет-ғұрып, салт-санаға байланысты сөздердің өзгешелігінен туып жатқан қиындықтар еді.

Соған қарамастан қазір орыс тілінен қазақ тіліне аударудың алуан түрлі арналы жолдары жасалды. Жаңа ұғымды берерлік тіліміздің дәстүрлі эквивалентін құрайтын жаңа терминдер, жаңа тіркестер пайда болды. Мұның көптеген мысалын Горький шығармаларының аудармаларынан көреміз. Күні бүгінге дейін әр қилы типтегі тілдер арасында болып келе жатқан аударуға мүмкін емес тілдік қайшылық орыс тілі мен қазақ тілінің арасында қазір жоқ десе де болады.

Алайда қайсыбір тілдік материалдың мағыналық салмағы сайма-сай келмей шаршататын түс-

тары кездесуі әбден мүмкін. Мұның себебін проф. А. А. Реформатский былай түсіндіреді. «Частные случаи непереводимости основываются на чисто языковом факте — отсутствии в одном языке материальности, имеющейся в другом»¹⁴.

Ал туыс тілдерден аудару бір есептен оңай болғанмен, оның да өзіндік қайшылықтары жетерлік. Мұнда екі тілдік омонимия мен полисемия¹⁵ неше түрлі қиындықтар туғызуы ықтимал. Сөздердің сыртқы түріндегі жалған ұқсастықтың аудармашыларды әрдайым адастыратынын қырғыз, өзбек тілдерінен аударылған көркем туындылар материалы негізінде байқауға болады. Сыртқы түріне қарай тон пішіп, соған орай эквивалент ретінде берілген сөздер көбінесе мүлде басқа мағынаны ұқтырып, түп нұсқаға тән кейбір өзгеше құбылыстарды солғындатады.

Түп нұсқадағы полисемантикалық сөздің әр қилы мағынасына, аударма тілде өзара мағыналық жігі айқын көрініп тұрған әр түрлі сөздер тұра келуі мүмкін. Алайда туыс тілдердің бірінен екіншісіне аударудың жеңілдіктері мол. Лексика және грамматика саласында сондай-ақ стилистикалық жүйесінде эквиваленттер табу оңай екені анық. Әрине, кейбір зерттеушілердің айтқанын-

¹⁴ А. А. Реформатский. Лингвистические вопросы перевода. «Иностранные языки в школе», 1952, № 6, стр. 22.

¹⁵ 1962 жылы Ленинградта басылған «Теория и практика перевода» жинағында А. М. Финкельдің «Об автопереводе» деген мақаласын қараңыз.

дай, көптеген реалийлерді аударудың ¹⁶ оңай емес екені де белгілі.

Жалпы біз аударылғыштық және аударылуға келмейтін жайларды сөз еткенде, әңгіме көбінесе, лексика туралы болмақ. Өйткені бұл мәселелердің бәрі де, түптеп келгенде, жеке сөздердің мағыналық белгілерін талдау арқылы шешіледі. Ал аударма мәселесінің грамматикалық проблемасы болған емес. Қай тілде де грамматикалық формаларды, конструкцияларды беретін эквивалент конструкциялар жетерлік. Егер грамматикалық сәйкестіктер болмай қалатындай жағдайда, адекватты аударманы лексикалық құралдармен жасау мүмкіндігі бар.

Лексикада, ең алдымен, негізгі сөздік қордағы сөздерді іріктеп қараған жөн. Бұл сөздер әлі экспрессивтік өңге көшпеген, сондықтан олардың көбі нейтральды болады. Аудармадағы сәйкессіздіктер көбінесе осындай сөздерді экспрессивті ажары айқын перифериялық тұлғалармен беруден туып жатады. Немесе керісінше, экспрессивті ажары айқын сөздерді мұндай белгілерден жұрдай сөздермен беруден кетіп жатады. Бұл тұста мынаны да ескеру қажет: тілдердегі негізгі сөздік қордың мөлшері, аумағы бірдей бола бермейді. Бірінде енген сөз, екіншісінде қалыс қалады. Жалпы негізгі сөздік қордағы сөздердің бәрі де, егер идиом немесе идиома құрамына жатпаса, аударылғыштық қасиеті жағынан термин сөздерден кейінгі екінші орынды алатын тәрізді.

¹⁶ В. Д. Андреев. Некоторые вопросы перевода на русский язык болгарской художественной литературы. В сб.: «Теория и критика перевода». Л., 1962.

Лексиканың перифериялық қабаттарына жататын — диалектизмдер, кәсіби-сөздер, дөрекі ұят мәнді (вульгарная) сөздер, қарапайым сөздер (просторечья) элементі, арготизмдер де аударма элементтері болып саналады. Бұлардың қатарын архаизмдермен, вульгаризмдермен толықтыра түсуге болар еді. Стилистикалық құбылысы жағынан ерекше топқа жататын терминдер мен идиом сөздер де осы қатардан табылуға тиіс. Бұл екі түрлі лексикалық топ бар қасиеті жағынан біріне-бірі қарама-қайшы. Термин сөздердің бір-ақ түрлі мағынасы болатындықтан және онда экспрессияның аздығына, халықаралық мәніне байланысты аудару әлдеқайда жеңіл. Ал керісінше идиом сөздерді аударуға кедергі жасайтын басты өзгешеліктері — олардың образдылығы, экспрессиясы, көп мағыналылығы.

Кісі аттары мен каламбурлар және географиялық атауларды аударудың да өзіндік ерекшелігі мол қиын сала. Каламбурдың қиындығы олардағы идиоматикалық мәнге байланысты. Алайда Н. М. Любимов сияқты аудармашы ғұламалар* «Глуде бір кездеспесе, сөздің аударуға көнбейтін ойнақылығы деген болмайды, тіпті болуға тиісті емес»¹⁷, — деп тұжырады.

Аударма теориясының негізгі мәселелерінің бірі — аударманың адекватты және аударылғыштық принциптері болса керек. Мұның әрқайсысына жеке-жеке тоқталу қажет. Бұл біріне-бірі көмектесетін, біріне-бірі байланысты ұғымдар. Ау-

¹⁷ Н. М. Любимов. Заметки о художественном переводе. В сб.: «Тетради переводчика», 1960, № 3.

дарылғыштық деп мазмұн мен форманың бар қасиетінің барынша түгел жеткізілуін ұғатынымызды жоғарыдағы баяндаулардан байқауға болады.

Ал адекватты деген ұғым жөнінде әр қилы пікір таралып жүр. Бұл пікірлер табиғаты кімдердің айтуына орай танылмақ, яки көркем аударманың маманы ма, әлде машинамен және математикалық тәсілмен айналысып жүрген лингвист пе деген нәрсені анықтап алғанымыз жөн. Өйткені бұл екеуі мәселені екі тұрғыдан қарайды. Алайда қай пікірді қадағалап көрсек те, адекватты аударма жөнінде мардымды еш нәрсе біле алмаймыз. Аударма теориясындағы бірегей тиянақты қалыпқа түспеген шашыранды ұғынылып жүрген тәсілдің бірі осы. Мұны көбінесе «толыққанды» деп те, «реалистік» деп те әйгілеп қояды. Бұл атаулар бір-біріне синоним бола ала ма, оның да басы ашылмаған мәселе. Айтылып жүрген пікірлерге жүгінсек осы ала-құлалық айқын көрінеді.

Адекват жөнінде жөнді пікір айтқан А. А. Смирнов: «Адекватным мы должны признать такой перевод, в котором переданы все намерения автора (как продуманные им, так и бессознательные) в смысле определенного идейно-эмоционального, художественного воздействия на читателя, с соблюдением по мере возможности — путем точных эквивалентов или удовлетворительных субститутов (подстановок) — всех применяемых автором ресурсов образности, колорита, ритма и т. п.; последние должны рассматриваться, однако, не как самоцель, а только как средство

для достижения общего эффекта. Несомненно, что при этом приходится кое-чем жертвовать»¹⁸.

А. В. Федоров негізінде аударылғыштық принципті түбегейлі қолдай отырып, бұл жөнінде өз пайымдауын ұсынады. Әлгі Смирнов айтып отырған кейбір «құрбандыққа баруға тура келеді» дегеннің «толыққанды» («полноценный») аудармаға еш қайшылығы жоқ деп түсінеді. Смирновтың тұжырымындағы «тұтас нәрсе мен жеке элементтер арасындағы тепе-теңдік» тезисіне қосымша Федоров: «полноценность может и не требовать одинаковой степени словесной близости к оригиналу»¹⁹, — деп тұжырады. Бұл екі пікірді салыстырып қарасақ «адекват» пен «толыққанды» («полноценный») дегенді тепе-тең ұғым ретінде есептейтіні байқалады.

Осы тектес түсінікті Ф. Д. Батюшков зерттеулерінен²⁰ де көруге болады. Аударманың бұл принциптері жөнінде бұрын-соңды айтылып жүрген пікірлерді жинақтай келсек, адекватты аударма көптеген қосымша факторларға байланысты жасалатынын аңғарамыз. Мәселен шығарманың адекватты аудармасы сол аударылатын көркем туындының түріне, жанрына және аударманың мақсатына орай жасалады екен.

¹⁸ А. А. Смирнов. Перевод. «Литературная энциклопедия», т. VIII. М., 1934, стр. 527.


¹⁹ А. В. Федоров. Введение в теорию перевода. М., 1953, стр. 113.

²⁰ Ф. Д. Батюшков. Задачи художественных переводов. В кн.: «Принципы художественного перевода». Петроград, 1920, стр. 11.

Біз зерттеу жұмысымыздың объектісі етін ұлы орыс жазушысы А. М. Горький шығармаларының қазақ тіліндегі аудармаларын алып отырымыз. Жазушының қазақ тіліне аударылған туындылары көп. Олардың бәрін жан-жақты талдап шығу мүмкін емес. Сондықтан, біз зерттеуді нақты мәселелер төңірегінде жүргізіп, топшылауларымызды соған орай түйдік. Нақты мәселе дегенде, көңілімізге алдымен ұялаған және зерттеу үшін ғылыми мәні айырықша тілдік құбылыс — көркем құрал — фразеологизмдер екені белгілі.

М. Горький творчествосына баруымыздың мынадай себептері бар. Қай халықтың болмасын әдеби мұрасын сөз еткенде, біз советтік дәуірде қол жеткен табыстарымызда ұлы орыс халқының мәдениетіне байланыстыра бағаламай кете алмаймыз. Оның ішінде көп ұлтты совет әдебиетінің қалыптасып, өркен жаюына Алексей Максимовичтің қосқан үлесі ерекше болғанын тарихтан білеміз. Әдебиеттегі жаңа дәстүр — социалистік реализм әдісі Горькийдің тапқан, қалыптастырған, негізін қалаған «бәсіресі». Ұлт республикалар әдебиеті осы негізде, осы ыңғайда дамығаны мәлім. Сол социалистік реализм әдісінің ұлт әдебиеттеріндегі көріністері әр алуан. Одан тағлым алып, әдебиетіміздің жаңа бағытын бағдарлауда М. Горькийден үйренудің арналы жолдары жасалды.

Қазақ совет әдебиетіндегі М. Горькийдің әсері ұшан-теңіз. Ол өткен дәуірдің игі дәстүрлерін бір



басына жинаған, жаңа дәуірдің жарқын болашағын бұлжытпай танып, жаңа жол бастаған ірі тұлға. Мәдениеті, әдебиеті жаңа-жаңа тәй-тәй басып келе жатқан қазақ сияқты елдің жазушылары Горькийді үлгі тұтпағанда кімді үлгі тұтар еді, содан үйренбегенде кімнен үйренер еді. Көркем шығарманың өзіне ғана тән көптеген шарттарын меңгеруде, жаңа заманның жаңа талабына сай қалам ұштауда М. Горькийдің үлгі-өнегелік ролі айрықша болды.

Мұның үстіне ұлы жазушы көркем «әдебиеттің бірінші элементі — тілге» өзгеше мағына-мән беріп, соның білгірлікпен ұстартылуын қатаң талап еткен. Оның кейбір жас жазушы шығармаларының тіліне берген талдама-бағалары күні бүгінге дейін қаламгерлердің назарынан түспей жүрген шарттар.

М. Горький халықтар достығының жаршысы. Ол замандар бойы бірінің тірлігі жөнінде бірі бейхабар өмір сүріп келген халықтарды бір-біріне жақындастырудың алуан түрлі жолын қарастырған гуманист. Сол елдерді біріне-бірін тереңірек таныстырудың ең асыл жолы, олардың әдеби мұраларын бірінен біріне аудару деп түсінеді. Мінеки, сондықтан ұлы жазушы совет үкіметі орнаған алғашқы жылдардан-ақ күн тәртібіне аударма мәселесін қояды.

Сөйтіп ол аударма мәселесінің мәні мен маңызын ерекше бағалап, оның ғылыми қағидалары мен шарттарын қалыптастыруды да қолға алады. Бұл саладан да ұлы жазушының өнегелік ролін көреміз. Осыншама игі әсері болған адамгершіл

идеяны жалау еткен қаламгердің қазақ әдебиетіндегі көріністерін, іздерін оның аудармалары арқылы жүйелі әңгімелеудің ғылымдық мәні бар деп білгендіктен де біз М. Горький шығармаларын негізгі объектімізге айналдырып отырмыз.

Ігі әсер дегенде біздің аса көңіл қоятын тұсымыз оның шығармаларында қолданылатын көркем құралдарының, яғни тілдік элементтердің қазақ тіліне жасаған ықпалы, соларды ана тілімізде берудегі өз мүмкіндіктеріміз болмақ. Егер осы айтылғандарды бір мәселенің төңірегіне топтап нақтылай түспесек пікір шашырандылығына ұрыну қиын емес. Сондықтан М. Горький аудармалары дегенде жалпы қарастырып қана қоймай, соның ішінде жазушы туындыларының негізгі стильдік ерекшеліктерін танытатын құбылыс — фразеологизмдердің, идиомдардың берілу тәсілдері тексеріледі. Мәселе осыған ойысқан соң, біз әрине, бұл бейнелі құралдар көбірек орын тепкен шығармаларды алдымен ескергеніміз түсінікті болар. Оның үстіне фразеологизмдердің аударылу жайын сөз еткенде, бұл факторлардың өзі жайында, оның негізгі белгілері жайында айтпай кету мүмкін болмас еді.

Бұл мәселелерді тексерудегі негізгі мақсат мынау: қазақ әдебиетіне М. Горький мен оның шығармаларының әсері ерекше деп тапсақ, мұның қазақ тіліне, әсіресе әдеби тілімізге әсері мүлде бөлекше. Мәселенің бұл екінші жағын М. Горький шығармаларының аудармалары арқылы ғана анықтауға болады.

Осыдан келіп аударманың өз жүйесі, өз принциптері, өз негіздері қандай, оның қазақ аудармашылары ұстанып жүрген қағидалары қандай деген мәселелер туындайды. Аударма ғылымының теориялық мәселелері қазақ филологиясында қай деңгейде тексерілген және оның бүгінгі қалпы қай шамада дегендер де аздап қадағаланады.

Жалпы әдеби тілдің қалыпты күйге түсуіне, тіл мәдениетінің артуына аударманың да едәуір әсері бар. Жаңа заманның жаңа іс-әрекеттеріне лайықты қалыптасқан сан түрлі ұғымдарды жасауда, оларды нормалы күйге түсіруде орыс тілінен аударудың ролі айрықша болғанын, бүгінде тілімізге әбден сіңісіп кеткен көптеген термин сөздерден айқын аңғарамыз. Ендеше тіліміздің ішкі мүмкіндіктерін ашып, оны жетілдіре түсуде аударманың атқарған қызметі ерекше бағалануға тиіс. Аудармалар арқылы қазақ тілінде дайын мағыналық топтар қалыптасынын жоғарыда ескерткен болатынбыз. Тіліміздің ішкі мүмкіндіктері дегенде, оның эстетикалық-эмоциялық әсерінің жаңа өрнектері де әңгіме етіледі.

Осы сөз болған мәселенің бәрін де А. М. Горький шығармаларының аудармалары арқылы байқауға болады. Жазушы туындыларының осы тектес мәселелерін талдау — қазақ аударма теориясын жасаудағы кілттің бірінен саналмақ.

Біз Горькийді аудару арқылы Горькийден көп нәрсе үйренуге болатынын айттық. Тек бұл ғана емес, оны аудару арқылы, бізде жалпы аударма проблемасының біраз мәселелері шешілгенін байқаймыз. Горькийді тексере отырып, біз аударма

мәселесінде тіл құралдарын пайдаланудың әр алуан жолдарын танимыз. Тіліміздің эстетикалық мүмкіндіктерінің аршылуына себепші болған өрнектердің қайсыбірін табамыз. Сонымен бірге, аударамадағы аса бір қиын құбылыс ретінде арнайы қарастыруды тілейтін фразеологизмдердің берілу жолдарын саралаймыз.

Тақырып етіп М. Горький творчествосын, оның ішінде жазушы қолданған фразеологизмдердің қазақ тіліне берілу жолдарын қарастыратын болғандықтан, жалпы тіліміздегі фразеологизмдер деген не, олардың зерттелуі, көркем шығармалардағы орны, және бұларды бір тілден екінші тілге аударудың жолдары жайында тоқталмай кете алмадық. Фразеологизмдердің түрлері, олардың классификациясы жөнінде күні бүгінге дейін әр қилы пікірлер таралып жүр. Оларды аудару жөнінде ғалымдар, жазушылар, аудармашылар арасында ала-құла пікірлер бар. Мұның бәрін саралап, жүйеге келтірмей зерттеуіміз мақсатына жете алмайтындай көрінді. Фразеологизмдерді аудару үшін, олардың өзіндік ерекшеліктерін, көркем шығармада атқаратын стилистикалық қызметін айқындап алу қажет.

Еңбектің I—II тараулары («Фразеологизмдерді зерттеу жайы мен оларды аудармада беру тәсілдері») осы мәселелерге арналған.

III тарауда М. Горькийдің фразеологизмдерді қолдану тәсілдері, бір тұтас туындыдағы фразеологизмдер жүйесінің қазақ тіліндегі көрінісі, фразеологизмдердің жеке образ жасаудағы қызметі мен соның аудармадағы күйі, түп нұсқа жә-

не аудармашылар қолданған принциптер сөз болады. Осылар арқылы тіліміздің, жоғарыда сөз болған, ішкі мүмкіндіктерінің қалай аршыла түскенін, кейбір сөздердің жаңаша тіркесіп, жаңа бір мағыналық реңкке көшкенін, эстетикалық әсеріне ықпал жасағанын және мұның бәрі әр аудармашыда әр қилы ыңғайда көрінетінін талдауға тырысамыз.

Бірінші тарау

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАЙЫ

Сөйлеуіміз сөйлемнен тұрады да, сөйлем әлденеше сөзден тұрады. Жеке сөздің сөйлемге айналуы сирек. Синтаксистік тұрғыдан алып қарасақ сөз бен сөйлем аралығында тағы бір топ бар, ол — сөз тіркестері. Сөз тіркесі дегеніміз екі не бірнеше сөздерден құралған грамматикалық бірлігі бекем топ. Сөз тіркестері еркін және тұрақты боп екіге бөлінеді. Еркін тіркестер жұмыс барысында, қажеттілікке орай қайта жасала беруі әбден мүмкін. Мұндағы сөздер қайтып ажырамастай қалыпта емес, керегі болса алмастырылып, орын ауыстырыла береді. Мысалы, *Ажар жұмысқа кешігіп келді* дегендегі *Ажар келді, жұмысқа келді, кешігіп келділер* еркін тіркестер.

Ал еркіндігі жоғалған, ажырамастай қалыпта кірігіп кеткен тіркестерді тұрақты тіркестер дейді. Бұларды біз фразеологизмдер деп атаймыз. Сөз, сөз тіркесі, сөйлем дегендеріңіз синтаксис тексеретін сала бола тұра өлгі тұрақты тіркес неге лексикологияның мәселесі ретінде қарастыры-

лады. Себебі фразеологиялық тіркес туралы мәселе синтаксис тексеретін шеңберден шығып кетеді. Тіпті мұның лексикология, фонетика, грамматика сияқты өз алдына жеке сала болып зерттелуіне де қақысы бар.

Фразеологизмдердің тек өзіне ғана тән өзгеше белгілері бар. Осы белгілер тілдің бұл категориясын өз алдына жеке сала ретінде қарастыруға итермелейді. Әрі тілдің басқа единицалардан айырмасын айқындайтын негізгі ерекшелік болып табылады. Бұл белгілердің түрі мына төмендегідей:

- а) лексикалық мәні,
- ә) компоненттік құрамы,
- б) грамматикалық категориялардың түрі.

Бұл белгілердің тек фразеологизмдерге қатысты екенін дәлелдеу үшін, сол фразеологизмдерді тілдік единица сөзбен және сөз тіркесімен салыстыру қажет. Екеуінің де фразеологизмдермен ортақтасып кететін белгілері бар. Сөз тіркесі дегеніңіз фразеологизмдер жасалатын ұяның бірі.

* * *

Лексикалық мәні және грамматикалық жасауы жағынан сөз бен фразеологизмдердің ұқсастығын тұстары көп. Фразеологизм мен сөздің лексикалық мәнін ашқанда, олар біріне-бірі синоним болып келетінін байқау қиын емес. Мысалы: *қас пен көздің арасы — лезде; жермен жексен қылу — бірдей, тегіс; төбе шашы тік тұру — үрейлену; жерден жеті қоян табу — қуану; ит-*

жеккен — алыс; үріп ауызға салғандай — сұлу т. т.

Фразеологиялық тіркестердің жеке сөздер тектес стилистикалық өңі ажарлы келеді. Сөйлемдегі орнына, қолданылу жүйесіне қарай фразеологиялық тіркестер кейде еркін тіркесіп, кейде тұрақтанып қалатын тұстары бола береді. Мысалы, **ат үсті** деген фразаны алайық. «**Бұрын көлік мініп көрмеген қызға ат үсті жайсыз көрінді**». Мұнда фразалық мән жоқ. Ал, «**олар мәселені ат үсті қарады**» десек фразеологиялық мәнi бар тіркес.

Фразеологизмдер тіл-тілдің бәрінде бар құбылыс. Және бұларды тілдің бөлекше бір сыпаттағы, шырыны мен сөлі таусылмайтын дәмді элементтері деп айтуға болар еді. Тілдің байлығы, тілдің сұлулығы, тілдің өткірлігі дегеніңіздің айрықша көрінер жері осы фразеологизмдер маңы. Ойды әсемдеп айтуды үйренудің мектебі осылар. Сөзіңіз нақты, дәлелді болсын десеңіз, өңменнен өтіп, қолқаны қозғайтын дәрежеде болсын десеңіз, халықтың хас туындысы — айшықты сөздер тобының тамырын басыңыз. Сонда ғана сіз тілдің қасиеті деген не, байлығы деген не сияқты сауалдарға нақты жауап бере аласыз.

Қай елдің, қай жазушысының қай шығармасын алсаңыз да тілдің осы халықтық элементтерінің сан түрін табуға болады. Яғни қаламгерлердің қай-қайсысы да сөйлеудің халықтық формасын пайдалануға бейім. Осының өзінен-ақ ғылымдағы фразеологизм проблемасының мейлінше қызықты, мейлінше қиын проблема екенін байқау

қиын емес. Осыларды ғылыми проблема ретінде қарастыратын әр алуан еңбектердің сөлін сүзсек мұның не қилы мәселелері айқындала түседі екен.

Фразеологизм мәселесі көптен сөз болып келеді. Оның бүкіл ішкі-тысқы қасиеттерін ашып, оларды қолданудың пайдасы мен заңдылықтарын аршып берген еңбектердің санының өзі мыңға тартады.

Лингвистиканың жеке тарауы ретінде қалыптасып келе жатқан фразеология жайында жазылған зерттеулер өте көп. Мәселен 1964 жылы шыққан «Проблемы фразеологии» деп аталатын жинақта 500-ден астам зерттеу жұмыстары көрсетілген болатын. Содан бергі аралықта мұндай еңбектердің саны едәуір молайғаны мәлім. Бұл орыс ғалымдарының зерттеулері ғана. Ал туысқан ұлт республикаларының ғылыми жұмыстарымен танысар болсаңыз фразеология мәселесіне арналған сан түрлі зерттеу еңбектерін табасыз. Осының бәрі фразеология проблемасының өте қызықты әрі қиын проблема екенін байқатады.

Проф. Б. А. Ларин 1956 жылы фразеология лингвистикалық пән (дисциплина) ретінде «жасырын даму» («скрытого развития») дәуірін бастан кешіруде деп жазған еді. Жоғарыдағы еңбектерді талдап таныссаңыз «жасырынбақтың» күні өтіп, енді ғылыми айтыс, талас дәуірі басталғаны тәрізді. Қазір фразеологияның мәнін, міндетін, аумағын түсінуде әр түрлі бағытты ұстанатын бірнеше ағым пайда болғанын байқау қиын емес. Қаншама еңбектер жазылғанмен, фразеоло-

гияның небір қызықты проблемалары біртіндеп ашылып, дәлелденіп келе жатқанмен, әлі де даулы мәселелері жетерлік.

Әдетте, біздің сөйлеуіміз *шай ішу, ағаш үй, бір үзім нан, ұзақ жол, жақсы адам, үлкен қала* т. б. тіркесуден тұрады емес пе. Бұлардың әрқайсысының құрамындағы сөздерді ауыстырып, басқа сөздермен байланыстырып айта беруге болады. Мұндағы айтылып отырған нәрсе күнделікті тұрмыста үнемі кездесетін үйреншікті құбылыстар. *Көп қабатты үй, лимонды шай, жол жүру* деп неше құбылтып айта бересіз. Бірақ тіліміз құрамындағы сөздер өзара тығыз байланысқа түсіп, жігін ажыратпай тас түйін боп тұрған тіркестерге де бай. Бұл тіркестердің құрамындағы сөздердің қай-қайсысын болсын орнын ауыстыруға, не басқа сөзбен алмастыруға бола бермейді. Ондай бола қалған күнде, басқа бір конструкцияға айналып, басқа бір мағынаға ие боп кетеді: әлгі тіркес мағынасы жойылады. Мұндай тіркестерді біз фразеологизмдер деп атап жүрміз. Фразеологизмдер қатарына кіретін тұрақты тіркестердің бәрі бірдей емес. Қайсыбірінің құрамындағы сөздер бастапқы лексикалық мағынасын сақтап тұрса, енді біразының компоненттері жиылып мүлде басқа бір ұғымды білдіріп жатады. Қандай түрі болмасын мұндай тіркестердің бәрі де фразеология қатарында қарастырылуы тиіс. Бұдан былайғы жерде біз осы тақылетті тіркестерді фразеологизмдер деген терминге жинақтап сөз етпекпіз. Пікірдің нақты, жинақы болуына септігі тие ме лейміз.

Лингвистиканың өзге салалары сияқты, фразеология да жеке және жалпы сипатты болады.

Фразеологияға жататын барлық тіркестердің жалпы атауы ретінде фразеологиялық единица деген термин жиі қолданылады. Бұл терминді әуелде акад. В. В. Виноградов²¹ атаған еді. Көптеген ғалымдар бұл терминнің жалпы атау ретінде сәтті табылғанын қолдағанмен, кейінгі кезде оның мазмұнын әлі айқындай түсу қажеттігін айтып жүр. В. В. Виноградовтың классификациясы бір кезде айрықша роль атқарды. Сонымен қоса, оның көптеген мәселелері жете қарастырылмай, дамытылмай, көмескі күйде қалғаны мәлім. Жоғарыда ескерткеніміздей, совет тіл білімінде фразеологияны зерттеген жүздеген еңбектер пайда болды. Фразеологияны өзінің ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі объектісіне айналдырған көптеген айтулы ғалымдар бар. Олар өз зерттеулерінде В. В. Виноградовтың классификациясына дау айтады, дәлелді пікір қозғайды. Шынында, бұл пікірлердің жаны бар. Әлі піспеген күмәнді, күдікті жерлері тағы бар. Акад. В. В. Виноградовта фразеологиялық тізбектер (фразеологические единства) кейде метафоралық тұрақты орамдар (метафорические устойчивые обороты) деп те аталады. Тағы бір жерде бұлар идиомдар болып, оның құрамына мақал-мәтелдер, тұрмыстық қосарлы аттар (составные бытовые названия), канатты сөздер, үзінді цитаттар, кішіпейілдік фор-

²¹ В. В. Виноградов. Основные понятия русской фразеологии как лингвистической дисциплины. «Труды юбилейной научной сессии ЛГУ», секция филол. наук, 1946.

мулалар (формула вежливости) т. б. еніп кеткен.

Сөз тіркесі түріндегі фразеологияның объектісін таныту үшін, кейбір зерттеушілер «фразама» деген термин қолданып жүр. Бұл термин «лексема», «морфема», «семема» деген атаулармен сәйкес, әрі ұйқас. Ал түрі жағынан сөйлемге бара-бар фразеологизмдерді «тұрақты фраза» («устойчивая фраза») деп атайды. Бұл терминді қолдануға пейіл білдіріп жүрген зерттеушінің бірі В. Н. Телия.

Жалпы фразеологиялық тіркестерді зерттеуші ғалымдар тұрақты сөз тіркестерінің спецификалық мәнін әр қилы ұғынады. В. В. Виноградов, О. С. Ахманова, С. И. Абакумов, А. И. Смирницкий, Б. А. Ларин еңбектерін²² қараңыз.

В. Н. Телия өзінің «Фразеология дегеніміз не»²³ деген зерттеуінде құрылысы жағынан сөз тіркесі не сөйлем боп келе беретін фразеология объектісінің барлық түрін жинақтап атау үшін «фразеологиялық орам» («фразеологический оборот» не жай ғана «орам»), «фразеологизм» деген терминдерді қолданады. Бұлай атауда ол отандық ғылымның игі дәстүріне сүйенген.

Қазақ ғалымдарының арасында да тұрақты тіркестердің жалпы атауы ретінде осыған ұқсас

²² В. Л. Архангельский. Устойчивые фразы в современном русском языке. Ростов, 1964; Н. Н. Амосова. Основы английской фразеологии. 1964; В. А. Ларин. Очерки по фразеологии. «Уч. зап. ЛГУ», № 198, вып. 24. 1956; С. И. Абакумов. Устойчивые сочетания слов. «Русский язык в школе», 1936, № 1.

²³ В. Н. Телия. Что такое фразеология? М., 1966.

ғылыми терминді ұстанатындары бар. Мысалы, авторлар коллективі — проф. М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаев²⁴ жолдастар мынадай пікір айтады: «Мағынасы жалпыға белгілі, грамматикалық байланысы жағынан бір бүтін единица болып, қолданылуы дәстүрге айналған тұрақты сөз тіркестерін тіл білімінде фразеологиялық орам немесе фразеологизмдер деп атайды». Авторлардың «фразеологиялық орам немесе фразеологизм» деп отырғандарына енетін тұрақты тіркестер — идиома, фраза, мақал-мәтелдер. Бұған қалыптасқан тиянақты фразеологиялық сөздердің бір саласы ретінде қос сөздерді де қосады.

Мұнда фразеологиялық единица және оның В. В. Виноградов жіктеген үш түрі жоқ. Акад. І. К. Кеңесбаев та қазақ тіліндегі фразеологизмдерді әлгіндей жік-жікке бөліп жатпайды. Ол «лексикалық формасы, стилистикалық қызметі жағынан тілімізде айырықша орын алатын»²⁵ мұндай нақыл сөздерді екі топқа бөліп қарастырады. Ол лингвистика тілімен айтқанда идиомдар, фразалық топтар.

Осыған қарағанда көптеген түрік тілдерінде В. В. Виноградов классификациясын сол күйінде қабылдаудың ретті бола бермейтінін әңгіме етіп жүрген пікірлердің жаны бар тәрізді, осындай пі-

²⁴ М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1966.

²⁵ «Халық мұғалімі», 1946, № 1—2.

кірлерді азербайжан, өзбек, татар т. б. ғалымдары да ұстанып жүр. Және дәлелдері көкейге қонымды — сол тілдің өз заңдылықтарына орай қорытылған пайымдаулар. Мысалы, 1961 жылы Самарқанда басылып шыққан «Фразеология мәселелері» («Вопросы фразеологии») деген жинақтағы А. А. Коклянованың мына пікіріне көңіл аудармауға болмайды, мақала «О границах фразеологии тюркских языков» деп аталады.

«Түркі фразеологизмдерін зерттеушілердің негізгі міндеті — фразеологиялық материалдарды өзге тілдерде қалыптасқан жүйеге салып жіктеу емес, қайта бірқатар теориялық мәселелердің басын ашу болса керек» — дейді ол.

Фразеология терминінің өзі түштеп келгенде — орам, сөйлемше (оборот, выражение) деген ұғымды білдіреді. Бұл phrasis — орам, сөйлемше (оборот, выражение); logos — ұғым, ілім (понятие, учение) деген грек сөзі. Фразеологияның көп мағыналылығы мазмұны күні бүгінге дейін сақталып келеді.

Орыстың атақты ғұламалары: М. В. Ломоносов, академиктер: Ф. Буслаев,²⁶ И. И. Срезневский,²⁷ Ф. Ф. Фортунатов,²⁸ А. А. Шахматов,²⁹

²⁶ Ф. Б у с л а е в. Исторические очерки народной словесности и искусства, т. I—II. СПб., стр. 131.

²⁷ И. И. С р е з н е в с к и й. Замечания об образовании слов из выражений. «Изв. ОРЯС», 1873, т. X, стр. 68.

²⁸ Ф. Ф. Ф о р т у н а т о в. Сравнительное языкознание. — Избранные труды, т. I. М., 1956, стр. 173—174.

²⁹ А. А. Ш а х м а т о в. Синтаксис русского языка. Л., 1941.

проф. А. А. Потебня³⁰ т. б. айтқан пікірлері фразеологияны зерттеу жұмыстарын ғылыми арнаға салып, дұрыс бағыт берді. Бұл ғалымдардың пайымдаулары фразеологияны зерттеудің белгілі-белгілі кезеңдерін, даму сатыларын танытады. Бірақ бұлардың ешқайсысы да фразеологияны лексикологияның жеке бір бөлімі ретінде бөліп қарастырмаған жоқ. Өз дәуірінің ғылыми ой-өрісінің деңгейімен қарағанда ұтымды, дәлелді пікір өрбіткенмен, түбегейлі зерттеу біздің ғасырымыздың 30—40 жылдарының үлесіне қалған болатын.

Фразеологияны лексикологияның жеке бір тарауы ретінде бөліп шығарған Ш. Балли³¹ болатын. Ол фразеологияның белгілі бір қалыптағы күйін (синхроническая фразеология) қарастырудың негізін жасады. Ш. Балли: «языки постоянно изменяются, функционировать они могут только не изменяясь», — дей отырып, тілдің дәл қазіргі, осы күнгі жағдайына ерекше мән береді. Міне сондықтан Ш. Балли концепциясының қазіргі кезеңде де едәуір маңызы бар. Дегенмен Ш. Балли де фразеологияның түрлерін, мазмұнын таратып, талдап айтып бере алмады.

30—40 жылдары совет тіл білімінде фразеологияға арналған жеке еңбектер шыға бастады. Проф. Е. С. Истрина³² фразеологияны лексиколо-

³⁰ А. А. П о т е б н я. Из лекции по теории словесности. Басня. Пословица. Поговорка. Харьков, 1894, стр. 103.

³¹ Ш. Б а л л и. Общая лингвистика и вопросы французского языка. М., 1955, стр. 29.

³² «Современный русский литературный язык» (Программы задания для заочных пединститутов), вып. 24, 1933, стр. 12—16).

гияның жеке тарауы етіп бөлген. И. Вульфус «К вопросу о классификации идиомов»³³ деген мақаласында Ш. Баллидің теориялық көзқарастары тұрғысынан біраз пікір қозғаған.

Л. А. Булаховский фразеологияны тіліміздегі бейнелеуіш мәнерлі сөздер жайындағы ғылым деп есептейді. Фразеологияны: «обычно разложимые в смысловом отношении словосочетания, но закрепившиеся в языке как материал ходовой цитации (половицы, поговорки, удачные выражения писателей, ставшие «крылатыми» словами, и т. п.) и потому получившие известную цельность»,³⁴— деп түсінеді.

«Тұрақты тіркестердің» этимологиялық жүйелі классификациясын жасауға тырысқан проф. С. И. Абакумовтың әрекеттері³⁵ де көңіл аударарлық. Ол идиоматика мен фразеологияның жігін ажыратады.

Ол идиомалық орамдардың ерекше белгілері ретінде мыналарды көрсетеді: семантикалық бір тұтастығы, аударуға келмейтіні, синтаксистік және лексикалық тұлғаларға бөлінбейтіні, грамматикалық формаларының өзгермейтіні, сөздер орнының тұрақтылығы, сөз жасау мүмкіндігінің кемдігі. Фразеологияға жататын орамдардың беретін мағынасы оның компоненттерінің негізгі лексикалық мағынасынан алшақтамайтынын анықтайды.

³³ «Русский язык в советской школе», 1929, № 6.

³⁴ Л. А. Булаховский. Введение в языкознание, ч. II. М., 1954.

³⁵ С. И. Абакумов. Устойчивые сочетания слов. «Русский язык в школе». 1936, № 1.

Сонымен, Абакумовтың пікірі бойынша фразеология дегеніміз ойды білдірудің дайын сөйлемшелері жөніндегі ғылым.

Фразеология мен идиоматиканың анықтамасын беруде Е. Д. Поливанов: Фразеология (или идиоматика) является «особой дисциплиной (наряду с фонетикой, морфологией, синтаксисом и словарем, или лексикой), занимающей по отношению к лексике то же положение, которое синтаксис занимает по отношению к морфологии», так как эта дисциплина оперирует так же, как и лексикология, «выражением индивидуальных понятий (лексических значений)» в отличие от синтаксиса и морфологии, которые «имеют своим объектом изучение символики общих (абстрактных) идей»,³⁶ — деп жазады. Поливановтың анықтамасы И. А. Бодуэн де Куртенэ қолданған сөздердің көп қызметтілігі (полифункциональность) жайындағы жалпы методологиялық концепциясынан шығып жатқан ұғым. Мұны кейін Л. В. Щерба мен Е. Д. Поливановтың қабылдағаны мәлім. Фразеология мәселесімен арнайы шұғылданбаса да, Поливанов еңбектерінде, кейде, осындай аса қажет ғылыми пайымдауларын айтқан. Кейінгі зерттеушілер үшін бұл сияқты пікірлердің орны бөлек.

Фразеология синтаксисінен лексикологиядан, семасиологиядан бөлек жеке-дара дами алмайды.

³⁶ Е. Д. Поливанов. О фонетических признаках социально-групповых диалектов и, в частности, русского стандартного языка. В кн.: «За марксистское языкознание». М., 1931, стр. 119.

Сөйлеуіміздегі сөздерден гөрі семантикалық бір тұтас тізбектерді, яғни сөздерден гөрі күрделірек сөздер тобының (фраза, идиома, фразеологиялық тығыз топ, тұрақты бөлінбейтін тіркестер, фразеологиялық единицалар) жігін ажырату ниеті В. В. Виноградовтың жазуы бойынша К. Бругман, Г. Пауль, Ш. Балли, А. Сеше, О. Есперсен, И. А. Бодуэн де Куртенэ, А. А. Шахматовтардың еңбектерінде байқалған. Бұл бір жол. Яғни бұл семантикалық сипаттама. Мұндай семантикалық топтарды басқа бір жолмен қарастыруға болатынын талдаған ғалымдар да бар. Фраза құрудың механизмін басқарып отырған тіл категорияларын зерттеу айырықша нәтиже береді. Сондай категориялардың бірі тіл жүйесінің фактісі ретіндегі сөз мағынасының құрылысы болса керек. Фраза құрудың әр қилы процесінің негізін жасайтын сөз мағынасының құрылысын зерттеу жолын ең алғаш В. В. Виноградов³⁷ көрсеткен болатын. Ол «Современный русский язык» (вып. I. М., 1938, 122 б.) деген еңбегінде былай деп жазған: «Тесная связь идиоматики и фразеологии с лексикологией обусловлена не только структурной близостью понятий слова и идиомы, но и постоянным движением внутри языка от слов к идиомам и фразам — и обратно — от фраз и идиом к словам». Ал «основные типы лексических значений слова», — деген «ВЯ» журналының 1953 жылы 5-санында жарияланған мақаласында В. В. Виноградов фра-

³⁷ В. В. Виноградов. Основные понятия русской фразеологии... «Труды ЛГУ», 1946.

зеология төңірегіндегі ойларын кеңейтіп, біраз жаңа ұғымдарды өрбітті.

В. В. Виноградов фразеологиялық топқа семантикалық анализ жасап, оның мағыналық жіктерін дәл ажыратып классификациялаған. Ең алдымен, ол бұл топтан фразеологиялық тіркестерді (фраз. сочетания) бөліп шығарды да, Ш. Баллидің «единства» деп жүргендерін екіге ажыратты: фразеологиялық түйдектер (тұтастықтар) және фразеологиялық тізбектер (единства) деп. Осының әрқайсысын жеке-жеке талдап көрейік.

1) Фразеологиялық тұтастықтардың (сращения) негізгі белгілерін тізіп айтсақ мынадай түйін жасауға болады. Біріншіден, бұлар ішкі формасынан айрылған, дәлелдемесі жоқ жеке сөздер сияқты лексико-семантикалық единицалар. Екіншіден, тұтастықтар компонентінің бірде-бірі жеке өзіндік мағынаға ие бола алмайды. Яғни олар негізгі лексикалық мағыналарынан мүлде айрылған. Бір бүтіннің беретін мағынасы мен жеке компоненттердің әрқайсысының лексикалық мағынасы арасында ешқандай байланыс жоқ. Үшіншіден, мұның құрамындағы сыңарлардың сырттай қарағанда жеке-жеке тұруы тек тілдің өзінің ежелден қалыптасқан дәстүріне, дағдысына байланысты нәрсе. Егер В. Виноградовтың өз сөзімен тұжырасақ фразеологиялық тұтастықтар — «ертіндіге айналған лексикалық бөлшектердің химиялық қосындысы». Бұл сияқты тұтастықтарды идиома деп те атайды. Идиомаландырылған сөз тіркестерінің грамматикалық мағынасы да өзгеріп кетеді. Оның себебі фразеологиялық тұтастықтардың семанти-

калық жағынан бөліп жаруға келмейтіндігіне байланысты. Яғни семантикалық бір тұтастық оны грамматикалық жақтан мүшелендірмейді.

Мұндай тұтастықтар кез келген тілде бар. Мысалы, қазақ тілінде: *қой аузынан шөп алмас* (момын), *ала жібін аттамау* (ұрлық жасамау), *мұртын балта шаппау* (мығым, дәулетті), *үріп ауызға салғандай* (әдемі, сүйкімді), *жүрек жұтқан* (ештемеден қорықпау), *ит өлген жерде* (алыста) т. б.

Орыс тілінде: *собаку съел, бить баклуши, выносить сор из избы, пуганая ворона, держать камень за пазухой, сматывать удочки* т. б.

Ұйғыр тілінде *чишкэ тэгмэк* (тіске тию), *чойлида турмаудиган* (ожауда тұрмайтын) т. б.

1966 жылы шыққан С. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақовтың «Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі» кітабында фразеологияның бұл терминдерінің бәріне қысқаша анықтама берілген. Мәселен, фразеологиялық түйдектерді (тұтастықтарды) былай түсіндірген: «Түйдекті тіркес ішіндегі сөздердің бір-бірімен лексикалық, грамматикалық берік байланыста болып, бөлініп-жарылмайтын фразалық мағынаның ол сөздердің лексикалық мағыналарымен ешбір жуыспайтын томаға тұйық тіркестер, мысалы; *аузы-мұрны қисаймай* (ұялмай), *аузын бұған өгіздей* (момын, жуас) т. б.

2) Фразеологиялық тізбектердің В. В. Виноградов негізгі төрт қасиетін көрсеткен. Фразеологиялық тізбек болу үшін бұл белгілердің бәрі түгел болуының қажеті жоқ. Осының бірі де жеткілікті. Енді сол белгілерді жеке-жеке қарайық.

а) Бір тұтас фразалық тіркестің бейнелі, ауыспалы мағынада болуы шарт. Бұл мағына бірден ұғынылмай, кей жағдайда ғана сезілуі тиіс; ө) Экспрессивтік тығыздық (насыщенность); б) фразалық тізбектің лексикалық элементтерінің ешқайсысын басқа бір синоним сөздермен ауыстыруға болмайды; в) Егер ауыстырар болсақ, онда фразалық тізбекті түгелімен ауыстыру мүмкін екендігі. Бірақ айтылған белгілердің бәрі де ешбір дау туғыза алмайтын ақиқат емес. Сондықтан мұның өзінде де біраз солқылдақтық бар (В. Н. Телия).

Жоғарыда көрсетілген тіл білімі терминдерінің сөздігінде фразеологиялық тізбектердің «Тұтас тізбек (бірліктер) күйінде бүтін бір мағынаны білдіретін, бірлік жігі ажырамайтын, компоненттері басқа сөзбен алмаспай тұратын тұрақты сөз тіркестерінің бір түрі» деген. Мысал ретінде, *қой аузынан шөп алмас; тайға таңба басқандай; түйе үстінен сирақ үйтіп, жерден жеті қоян тапқандай* т. б. тіркестерді берген.

В. В. Виноградов бұл топқа: *держать камень за пазухой, выносить сор из избы, язык(ом) чесать, вывести на чистую воду* т. б. тіркестерді жатқызады. К. Ахановта тізбектер қатарында (ол көбінесе бірліктер деп алған.— Ө. А.) мынадай мысалдар жүр: *ауырдың үсті, жеңілдің астымен; көзді ашып-жұмғанша; ауыз жаласқан; аузына құм құйылу; аузынан түскендей; тайға таңба басқандай; соқырға таяқ ұстатқандай; екі езуі екі құлағына жету; қысқа жібі күрмеуге келмеу; жаны мұрнының ұшында; жанын қоярға жер таппау;*

ер тоқымын бауырына алу; тамырына балта шабу т. б.

Сөйтіп фразеологиялық тізбектердің негізгі қасиеттері оның ең алдымен, бірден аңғарыла қоймайтын астарлы мағыналылығында болса, екіншіден, мұндай тіркестер өте әсерлі, әрі мәнерлі болады; үшіншіден бұлардың компоненттерінің ешқайсының орнын ауыстырып, не орнына басқа бір сөз қоюға келмейді; төртіншіден фразеологиялық тізбекті мәндес бір сөзбен, немесе синонимдес тіркеспен алмастыруға болады.

3) Фразеологиялық тіркестер фразеологиялық единицалардың ең молырағы. В. В. Виноградов мұны тізбек пен тұтастыққа қарама-қарсы қойып қарайды. Бұл тіркестер семантикалық жағынан жіктеуге келеді. Мұндағы тіркескен сөздердің мағыналық салмағы бірдей. Фразеологиялық тіркестердің құрамындағы сөздер өзінің негізгі лексикалық мағынасында тұрады. Жалпы мағына осы сыңарлар мағынасымен тікелей байланысты. Мысалы: *сүттен ақ, судан таза; қуанышқа бөлену; шаттыққа бөлену; құрдай жорғалау; бас қатыру; жаны ашу; бетке айту; көзге айту; абыройы айрандай төгілді; ит тұмсығы өтпейтін тоғай; ашуы жауған қардай, шөккен нардай; кеудесін көтеру*, т. б.

Келтірілген мысалдардағы сыңарлардың көбінің мағыналары — тек осы өзі қатысқан тіркес аясында ғана жұмсалады да, басқа тіркестерде дәл сондай мағына бере алмайды. Яғни қай тілде болмасын кейбір сөздер белгілі бір сөздермен ғана тіркесетін тар өрісті болады. «Мұндай шектелу, — дейді акад. В. В. Виноградов, — белгілі бір тілге

төн сөз мағыналарының байланысу заңдылықтары арқылы болады».

Енді осы классификацияға қазақ ғалымдары қалай қарайды екен және жалпы фразеологиялық тіркестер жайындағы пайымдауларын талдап көрелік.

1962 жылы шыққан, І. Кеңесбаев пен Ғ. Мұсабаевтың «Қазіргі қазақ тілі» деп аталатын кітапта осындай тарау бар. Мұнда автор тіркес атаулының бәрін фразалық тіркес деп алады да, алдымен оны идиомдар және басқа фразалық топтар деп екіге бөледі. Идиомдарды ерекше категория ретінде өз алдына бөлек қарайды да, тіліміздегі басқа тұрақты сөз тіркестерінің бәрін (мақал, мәтел, қанатты сөз т. б.) фразаның қатарында әңгімелейді. Идиома мен фразаның негізгі айырмашылықтарын былай түсіндіреді: «идиом тобындағы сөздер өзінің жеке тұрғандағы негізгі мағынасынан айырылып қалады да, өзара жымдасып, бір ғана негізгі лексикалық ұғым береді. Басқаша айтқанда, идиом ішіндегі компоненттер өзінің лексикалық формасы мен мағынасын жоғалтады да, грамматикалық формасын сақтайды; бұлар (компоненттер)— негізгі бір кесек күрделі лексикалық единицаның грамматикалық элементтері (мүшелері) болып есептеледі».³⁸ Идиоманың негізгі белгілері: біріншіден, «тұтас бір ұғым жеке сөздерінің ұғымынан алшақ кетеді де, жеке сөздер (компоненттер) өзінің дербес ұғымынан не жартылай, не мүлдем айырылып қа-

³⁸ І. Кеңесбаев, Ғ. Мұсабаев. Қазіргі қазақ тілі (лексика, фонетика). Алматы, 1962.

лады», екіншіден «бұл тізбектердің көпшілігі екінші тілге сөзбе-сөз аударуға келмейді» (205-бет). Ал фраза «жеке элементтердің негізгі мағынасынан барып жасалған тізбек» (207-бет).

Идиом мен фразаның ортақ қасиеттері де бар — ол тиянақтылық. Сөйтіп, біз идиом мен фразаның айырмасы олардың құрамындағы сөздердің жеке күйіндегі (о бастағы) мағынасынан айрылу, айрылмауына байланысты ажыратылатынын байқап отырмыз. Авторлар мақал-мәтелдердің де негізгі қасиеттерін ашып, идиомдармен салыстыра зерттейді. Олардың ортақ белгілерінің бастысы орнықтылық, яғни бұл тіркестерді құрауға қатысып тұрған сөздердің арасына сөз қосып, немесе олардың орнына басқа бір сөзді пайдалануға болмайтындығы деп көрсетілген. Бұлардың бөріні топтап келіп жасалған мына бір тұжырымға назар салыңыз:

«Мақал, фраза, идиомдарды басқа системалық күйге аударарда бұлардағы өзара негізгі айырмашылықтардың бірі айқын көзге түседі — идиом сөздердің дені сөзбе-сөз (мақал, фразадағы сөздердей) аударуға келмейді. Бұл — жоғарыда біз атап кеткен лексикалық өзгешеліктен туған қасиет» (206-бет).

Жалпы авторлар идиома мен фразаны егжей-тегжейлі талдағанмен, мақал-мәтелді тұрақты сөз тіркесінің қай түріне жатқызуға болатынын ашып айтпайды.

Идиомдардың тағы бір ерекше белгілерінің бірі — олардың көнелігі. Сөздер тізбегі идиом болу үшін көп замандар керек. Оның құрамындағы сөз-

дер мүлде дерексізденіп, өзінің негізгі лексикалық мағынасынан алшақтауы осындай ой туғызады. Мақалдарды қолданғанда, оны өзгертпей сол қалпында алып, басқа сөздермен араға *де* («деп», «деген», «дегендей») етістігін дәнекер етеміз. Ал идиомдарды морфологиялық өзгерістерге салуға болады да, олардың синтаксистік тиянақтылығын ешбір өзгерте алмайсыз. Морфологиялық, әрі синтаксистік беріктігі бірдей идиомдар да бар, бірақ олар көп емес. Идиомдар түгесінді бір ғана ойды білдіруіне орай, олар көбінесе бір сөздің орнына жүреді.

Идиом, фразалардың тағы бір ерекшелігі — біразының дыбыс үйлесімі. Бұл тізбектерде біркелкі не дауысты, не дауыссыз дыбыспен (аллитерация) келетін, немесе не біркелкі жуан, не жіңішке сөздерден келетін идиомдар бар.

Идиом, фразалардың лексикалық мағыналарын бөлек әңгімелеу қажет.

1964 жылы шыққан «Қазақ тілі» практикалық курсына (авторлары: Н. Оралбаева, Ғ. Мадина, А. Әбілқаев, жалпы редакциясын басқарған проф. М. Балақаев) «Лексика» тарауының бір бөлімі «Тұрақты сөз тіркестері» деп аталған. Мұнда авторлар тұрақты сөз тіркестерін идиома, фраза, мақал-мәтелдер деп жеке-жеке бөліп талдайды. Қысқа болса да әрқайсысына анықтама беріп, нақты тұжырым айтуға тырысқан. Әрқайсысына берілген анықтамаларға жеке-жеке қарап шығайық.

а) Идиома деп іштей бөліп жаруға келмейтін және оның тұтас мағынасы құрамындағы сөздер-

дің әрқайсысының лексикалық мағынасына байланысты тумаған сөздер тобын тұрақты тіркес дейміз. Мысалы: *бүйректен сирақ шығару* (орынсыз, жөнсіз іс), *мұртын балта кеспейді* (ешбір кемшілік, мұқтаж көрмеу), *аузына құм құйылды* (жеңілу, үндемей қалу), *жер-жебіріне жету* (ұрсу, соғу). Бұдан әрі бірнеше жаттығулар берілген.

ә) Тұрақты тіркестердің енді бір түрін фраза деп атайды да, оған да нақты анықтама бермегенмен, мұның өзіндік айырмасын түсіндіреді. Авторлардың түсініктемесін берейік: «Тұрақты тіркестің бір түрі фраза. Ол да идиома сияқты түйдекті тіркес қалпында айтылады. Алайда мұның идиомадан айырмашылығы құрамындағы сөздердің бәрі, не біреуі өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан айрылып қалмайды». Мысал ретінде *тайға таңба басқандай; тепсе, темір үзеді; еңбегі жанды; су жұқпайтын жорға; сегіз қырлы, бір сырлы; бұраң бел, алма мойын; асқар тау* дегендерді келтіреді.

Шынында бұл келтірілген мысалдар құрамындағы сөздер өзінің негізгі лексикалық мағынасынан онша алшақтамайды. Ал *бұраң бел, алма мойын, асқар тау* дегенде тіркестің екінші сыңарлары өздерінің негізгі мағыналарын бүтіндей сақтап тұр. Ендеше идиомалар сияқты, фразалық тіркестерде сөзімізді өткір, көрікті, образды ету үшін жұмсалады деген тұжырымын әбден қолдаймыз.

б) «Мақал-мәтелдер халықтың ғасырлар бойғы іс-тәжірибесінен, өмір тануынан қорытылып, ереже түрінде тұжырымдалған аталық сөзі, ой түйі-

ні». Біз авторлар анықтамасын бұлжытпай беріп отырмыз. Олар мақал-мәтелдің идиома, фразаларға ұқсас жағы мен өзгешелігін ажыратқан. Ұқсас жағы — мұның бәрінде «сыртқы құрылымы, сөздердің орын тәртібі тұрақты» болуында да айырмасы — біріншіден, «мақал-мәтелдің құрамындағы сөздер өздерінің лексикалық мағынасын толық сақтап, сөйлем мүшесіне талдауға келеді»; екіншіден, «егер идиома мен фраза сөйлем ішінде басқа сөздермен байланысу үшін тұлғалық өзгеріске ұшыраса, мақал-мәтелдер ешбір өзгеріске түспей, басқа сөзбен не сөйлеммен де етістігі арқылы байланысады». Мысалы:

И д и о м а немесе ф р а з а

Бірнеше адам оларды қоршап алған: мәз қолтықтарына дым бүркіп, дем береді (З. Ш.). Қолтығына дым бүрке берме. Қолтығына дым бүрке берсең, желіге береді.

М а қ а л-м ә т е л

«Аяғын көріп, асын іш, анасын көріп қызын ал» деген бар ғой, бәйбіше, «егдеге ізет, жасқа жол» дегендей, Әділ екеуіміз жер ортасы жасқа келдік, ізет көрдік, енді жастарға жол ашу лазым емес пе.

(Ж. Т.)

Авторлар мақал мен мәтелдің өзара айырмасын да ажыратқан: «мақалда өмір тәжірибесінен екшеліп алынған ақыл, өнеге, оқушыны жақсыға баулып, жаманнан аулақ болуға үйрететін кеңес берілсе, мәтел белгілі бір ойға, ұғымға ишара жасайды, онда астарлап, жұмбақтап айту мәні басым» болады. Мысалы, салыстырғанда:

Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей. Көп қорқытады, терең батырады. Еңбек етсең, емерсің. Күлме досқа — келер басқа. Білек сүріндіре алмағанды, білім сүріндіреді.

Сиыр судан жериді, су сиырдан жериді. Той дегенде қу бас та домалайды. Әшейінде ауыз жаппас, той дегенде өлең таппас. Соқыр тауыққа бәрі бидай.

Мұның қай-қайсысы болмасын, айтайын деген ойды нақты, анық етіп және тыңдаушыға бірден аңғартуға немесе сөйлеген сөзімізден қысқа, тұжырымды қорытынды шығаруға үлкен жеңілдік жасайды. Бұларды талғамсыз қолдана беруге болмайды. Екінші жағынан мақал-мәтел әдебиеттің бір жанры есепті таптық сипатта боп келеді. Міне сондықтан сақ болған жөн.

Фразеология жөнінде Қазақ ССР Ғылым академиясының корр.-мүшесі, филология ғылымының докторы К. Аханов жолдастың пікірлері көңіл аударарлық. К. Аханов өзінің кітабында³⁹ фразеологияны біраз талдайды. Ол осы еңбегінде бұларды екі топқа бөліп: оның бірін — еркін тіркес, екіншісін — тұрақты фразеологиялық тіркес деп алады. Мұның алдыңғысын синтаксистің сыбағасына беріп, кейінгісін лексиканың құрамында қарастырады.

Фразеология деген терминге келсек, мұның екі түрлі мәні бар тәрізді: біріншіден «белгілі бір тілдегі тұрақты фразеологиялық сөз тіркестерінің

³⁹ К. А х а н о в. Тіл біліміне кіріспе. Алматы, 1965.

жиынтығы» дегенді білдірсе, екіншіден сол тіркестер жиынтығын ғылыми түрде зерттеп талдайтын ілім мағынасында түсініледі. Автор тұрақты сөз тіркестерін жақшаның ішінде фразеологиялық единицалар деп алады. Бұл орыс және қазақ терминологиялық сөздіктерінде орныққан термин. Мұнда да алдымен тұрақты тіркес пен еркін тіркестердің айырмасы нақты талданады. Автор мынадай басты-басты ерекшеліктерін көрсетеді:

Біріншіден «тұрақты сөз тіркестерінің құрамындағы сөздердің орны, еркін тіркестің құрамындағы сөздердің орнына қарағанда әлдеқайда тұрақты, бекем» болады.

Екіншіден, «тұрақты фразеологиялық сөз тіркестерінен туатын бір бүтін мағына оны құрастырушы сыңарлардың мағынасынан басым» (241-б.) болады.

Үшіншіден, «тұрақты фразеологиялық сөз тіркестері бір тілден екінші тілге аударуға икемсіз келеді, әсіресе оларды тікелей сөзбе-сөз аударуға болмайды» (242-б.). Алғашқыға келтірілген мысалдар: «сақалын сипап қалу; мұны мұртын сипап қалды десек, мүлде басқа мағынаға ауысады. Немесе «мұртын балта шаппайды» дегендегі «мұрттың» орнына сақалын десек, болмаса балта орнына пышақты пайдаланып көрсек, тіркесіміздің тілім-тілімі шығар еді. Бұдан шығатын қорытынды тұрақты сөз тіркестері жаңадан тіркесуді қажет етпейтін, әркімнің өз қалауынша өзгертуін қаламайтын, бұрыннан даяр «өзінен өзі тіркесіп» әзір тұрған материал. «Ас иесімен тәтті», «ас —

адамның арқауы» осыдан автор тұрақты сөз тіркестерінің анықтамасын шығарған. «Тұрақты сөз тіркестері деп әбден қалыптасып, нық орныққан, өзгертуге келмейтін сөз тіркестерін айтамыз» (241-б.).

Екінші өзгешелікті танытатын мысалдар мыналар: қырғи қабақ болу—«кейісу, араздасу»; қаны қайнау —«ашулану, ызалану, ыза кернеу»; санын соғып қалу —«өкіну»; су жүрек — «қорқақ»; мұрнын көкке көтеру —«менменсу, паңсыну»; қас пен көздің арасында, көзді ашып жұмғанша, не қас қаққанша —«лезде, өте жылдам»; қой аузынан шөп алмас —«момын»; тайға таңба басқандай, не соқырға таяқ ұстатқандай —«ашықайқын» т. б. Бұлардың бәріне тән ортақ белгі — тұтастық пен мағына бірлігі.

Үшінші аудару мәселесіне келсек, автордың бұл жөніндегі пікірін бекіткен мысалдар мыналар: *На седьмом небе* («шексіз бақытты, өте бақытты» деген мағынада), *медвежья услуга* («пайда келтірем деп, зиян келтіру, орынсыз жәрдем» деген мағынада) дегендерді сөзбе-сөз қазақшаға аударуға, немесе керісінше, қазақ тіліндегі — *қырғи қабақ болу; ит арқасы қиянда; үріп ауызға салғандай; оның сөзінің басы тау болып, аяғы сиыр құйымшақтап келіп қылдай болды; мұртын балта шаппайды; көлеңкеге қарап тон пішу; қой аузынан шөп алмас; ат үсті қарау* тәрізді тұрақты сөз тіркестерін сөзбе-сөз орыс тіліне аударуға келмейді. Автор осылай деп отырса да, бұларды екінші тілде мүлде беруге болмайды деп шорт кесіп тұжырым жасамайды. Бір халықтың санасы мен ойлау

жүйесінің басқа кез-келген халықтың ой-өрісінен ешбір кем еместігін біледі. Сондықтан ол: «бұларды мағынасына қарай, балама боларлық тұрақты сөз тіркестерімен, егер ондай тіркестер болмаса, мағынасын бере аларлық жеке сөздермен немесе еркін сөз тіркестерімен аударуға болады», — деп түйеді жоғарыдағы еңбекте.

Қай тілде болмасын фразеологиялық единицалар бірыңғай емес. Оның аумағы әлі күнге сұрыпталып болған жоқ. Құрамы да сан түрлі. Күні бүгінге дейін фразеологияға катысты терминдердің неше қилысы қатар қолданылып келеді. Осындай әр тараптық, әр түрлі атаулар нақты ғылыми пайымдаулар жасауда едәуір нұқсан келтіріп жүр. Ғылыми атаулары терминдері революциядан соң ғана қалыпты даму жолына түскен қазақ тілінде фразеология маңында да бір пәтуға келінбеген, әркім қалауынша атап, айдар тағып жүрген терминдер бар, бір ізділік болмаған соң, ғылыми зерттеу жұмыстарының жібі босайтыны белгілі. Қазақ тілінде фразеологиялық единицалар (фразеологические единицы), фразеологиялық тіркестер (фразеологические сочетания), ажыратылмайтын сөз тіркестері (неразложимые словосочетания), тұрақты сөз тіркестері (устойчивые словосочетания), идиоматикалық сөйлемше (идиоматические выражения), лексикаландырылған тіркестер (лексикализованные сочетания); идиомдар, фразалар деген тәрізді әр түрлі терминдер қолданылады. Осының өзі фразеологияның мазмұны мен шеңберінің әлі толық анықталмағанын дәлелдейді.

Фразеологиялық сөз тіркестері зерттеле бастағанда біз алдымен акад. В. В. Виноградовты ⁴⁰ еске аламыз. Тіл білімінде фразеология мәселесі осы кісінің есімімен тікелей байланысты. Ол фразеологиялық сөз тіркестерін мынадай үш топқа бөледі:

Фразеологиялық тұтастықтар (фразеологические сращения), фразеологиялық бірлестіктер (фразеологические единства), фразеологиялық тізбектер (фразеологические сочетания).

Үш топтың әрқайсысын жеке-жеке талдап көрейік. Мұның талдау стилі әркімде әр түрлі болғанмен, негізгі ерекшеліктерін, мазмұнын көп ғалымдар дұрыс ұғатын сияқты.

Алдымен фразеологиялық тұтастықтар қалай түсіндіріледі, соны байқайық. К. Аханов: «фразеологиялық тұтастықтар деп бөлініп, ажыратылмайтын, беретін мағынасы жағынан құрамындағы сыңарлардың мағынасымен мүлдем байланыспайтын, әбден бітісіп, тұтасып кеткен томаға тұйық тіркестерді айтамыз»,— дейді. Мысалы, *ит өлген жерде* (алыста), *жүрек жұтқан* (ештемеден қорықпайтын, сескенбейтін), *үріп ауызға салғандай* (әдемі, сүйкімді), *мұртын балта шаппайды* (мығым, дәулетті), *қой аузынан шөп алмас* (момын), *аузы-мұрны қисаймастан* (ұялмау, шіміркенбеу), *ала*

⁴⁰ В. В. Виноградов. Основные понятия русской фразеологии как лингвистической дисциплины. «Труды юбилейной научной сессии ЛГУ», 1946; Об основных типах фразеологических единиц в русском языке. В сб.: «Академик А. А. Шахматов». М.—Л., 1946; Основные типы фразеологических единиц в русском языке. «Русский язык», № 4, М., 1947.

жібін аттамау (ұрлық-қарлық жасамау) т. б. мұның қай-қайсысы болмасын беріп тұрған мағынасы құрамындағы сөздердің мағынасымен байланыспаған. Мәселен, *мұртын балта шапнайды* дегеннің мағынасы мұрт, балта, шап сөздерінің лексикалық мағынасына байланысты емес. Бәрі жиылып, мүлде басқа бір ұғымды білдіріп тұр.

Фразеологиялық тұтастықтар кез келген тілде бола береді: Өзбек, ұйғыр, қырғыз, қарақалпақ т. б.

Ұйғырларда: чойлида турмайдиган (сөзбе-сөз аударғанда «ойда тұрмайтын») — «ойға сыймайтын ақылсыз, ақымақ»; чишкэ тэгмэк (сөзбе-сөз — «тіске тимек») — «ашуландыру, ызасын келтіру»; тува тілінде: башка хан кудар (сөзбе-сөз аударғанда «басқа қан құю» — (біреуді жермен-жексен ету, қиын жағдайға ұшырату).

Бұл тәрізді фразеологиялық тұтастықтарды кейде идиомалар деп те атайды. Идиомаландырылған (идиоматизация) сөз тіркестерінің грамматикалық мағынасы да өзгеріп кетеді. Осындағы сөздер мағынасы жайшылықтағы сөздердің мағынасынан мүлдем өзгеше. Мысалы, *жұмысқа ат үсті қарауға болмайды* дегендегі тұрақты тіркес беретін мағына *ат үсті* деген еркін тіркес мағынасына мүлде сай келмейді. «Қас пен көздің арасында» — *лезде* деген үстеу сөздің синонимі, «қой аузынан шөп алмас» деген тұрақты тіркес — *момын* деген сын есімнің синонимі, «үріп ауызға салғандай, тонның ішкі бауындай» деген сөз тіркестері де жеке сөздердің синонимі ретінде қолданылып, сын есім сөздің қызметін атқарады.

«Фразеологиялық тұтастықтардың семантикалық жақтан бөлініп, ажыратылмауы сөз тіркесінің грамматикалық жақтан мүшеленбеуінің басты себебі болып табылады. Фразеологиялық тұтастықтың семантикалық бірлігі оның грамматикалық табиғатын да өзгертеді. Мысалы орыс тіліндегі *спустя рукава* (қазақша — *қол қусырып*) сөздердің көсемшелі орамынан (деепричастный оборот) үстеу сөзге айналған. Мұның орысша, қазақшасы грамматикалық жақтан мүшеленбей, бір ғана үстеу сөз ретінде қолданылса, *мойны жар бермеу, кежегесі кейін тарту* деген тұрақты сөз тіркестерінің әрқайсысы *еріну* деген мағынада бір бүтін лексикалық единица — етістік ретінде қолданылады.

«Белгілі бір тұрақты фразеологиялық тіркестің фразеологиялық тұтастық деп танылуы үшін оның құрамындағы жеке сыңарлар лексикалық мағыналарынан, өздерінің дербестігінен айрылуы шарт». В. Виноградов: «ертіндіге айналған лексикалық бөлшектердің химиялық қосындысы», дейді.

Фразеологиялық бірліктерге К. Аханов мынадай анықтама береді. «Мағынасы жағынан ажыратылмай, тұтасынан бір бүтін мағынаны білдіретін, бірақ сөз тіркесінің бір бүтін мағынасы лексикалық сыңарлардың мағыналарының бірігіп тұтасуынан туатын тұрақты фразеологиялық сөз тіркестері, фразеологиялық бірлестіктер (фразеологические единства) деп аталады». Бұлар лексикалық мағынасы толық сақталған сөздерден бірігіп, тіркестің бүтін мағынасы сөз тізбегінің мағынасымен астарлас, образды, бейнелі, астарлы болады. «Түймедейді түйедей ету» деген тұрақты тіркестен

туатын мағына осыларды құрап тұрған сөздердің астарлы, образды мағынасымен тығыз байланысты.

Ауырдың үсті, жеңілдің астымен, көзді ашып-жұмғанша, ауыз жаласқан, аузына құм құйылу, аузынан түскендей, тайға таңба басқандай, соқырға таяқ ұстатқандай, екі езуі екі құлағына жету, қысқа жібі күрмеуге келмеу, жаны мұрнының ұшында, жанын қоярға жер таппау, ер тоқымын бауырына алу, тамырына балта шабу т. б.

К. Аханов бұлардың басты белгілерін көрсеткен.

а) әрдайым бірден аңғарыла бермейтін астарлы, образды мағынасы болады;

ә) өте-өте мәнерлі, әсерлі болу қасиетімен ерекшеленеді;

б) сыңарларының орнын өзгертуге немесе басқа сөздермен алмастыруға болмайды;

в) тіркесті синонимдес келетін бүтіндей фразеологиялық сөз тіркесімен немесе мағына жағынан дәлме-дәл келетін жеке сөзбен алмастыруға болады.

Ал енді фразеологиялық тізбектер дегеніміз не? Мағынасы жағынан құрамындағы сөздердің мағынасымен байланысып жататын, тіркесу тұрғысынан орнығып тұйықталған сөз тіркестері фразеологиялық тізбектер деп аталады.

Тілде сөздердің өзара тіркесу қабілеті бірдей емес. Қайсыбірі кез келген сөзбен тіркесіп белгілі бір ұғымды білдіруге бейім болса, енді бірі азғана сөздермен одақтасып, сонымен ғана тіркеседі. Тіркесу қабілеті әр түрлі. Сөздердің тұрақты тіркесте

қолданылуға сеп болатын нәрсе, ол сөздердің лексикалық мағынасының образды, астарлы мағынаны қолдануға қабілеті. Тұрақты сөз тіркестерін белгілі сөздер тобы ғана жасайды. Кез келген сөз тұрақты сөз тіркесін жасай алмайды. Кейбір белгілі бір тұрақты сөз тіркесінің құрамында ғана қолданылып, басқа тіркестерде мүлде кездеспейді. Мысалы, *асқар тау, шалқар көл, жосадай қан, мидай дала, қыпша бел* дегендегі *асқар, шалқар, жосадай, мидай, қыпша* сөздері тек осы тіркестерде ғана қолданылады.

Бүкіл тұтас тіркес мағынасын барласақ, оның беретін мағынасы тұрақты тіркес компоненттерінің тікелей мағынасынан туады. Фразеологиялық тізбектердің фразеологиялық тұтастықтар мен фразеологиялық бірліктерден негізгі айырмасының бірі осы. Мысал келтірейік: *қуанышқа бөлену; шаттыққа бөлену; құрдай жорғалау; бас қатыру; жаны ашу; бетке айту; көзге айту; абыройы айрандай төгілді; ит тұмсығы өтпейтін тоғай; ашуы жауған қардай, шөккен нардай; сүттен ақ, судан таза; кеудесін көтеру* т. б.

Фразеологиялық тізбектердің құрамындағы сөздердің өзі қатысқан тіркестегі мағынасында қолданылу шеңбері тар болады. Мысалы, *қуанышқа бөлену, шаттыққа бөлену*-дегі *бөлену* сөзі осы аталған тіркестерде ғана кездеседі. Бұлай болатын себебін В. В. Виноградов былай дәлелдейді: «Мұндай шектелу белгілі бір тілге тән сөз мағыналарының байланысу заңдылықтары арқылы болады»⁴¹.

⁴¹ В. В. Виноградов. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке. В сб.: «Академик А. А. Шахматов». М.—Л., 1947, стр. 361.

Бұл аталған фразеологиялық тіркестердің барлық түрі қай тілде де бар болғанмен, мұндай классификация барлық тілге бірдей дөп келе бермейді. Мұны кейінгі жылдарда фразеология саласында біраз зерттеу жүргізген орыс совет ғалымдары да, басқа ұлт ғалымдары да айтып жүр. Әсіресе, орыс тіліне қарағанда, көптеген спецификалық өзгешеліктері бар қазақ тілі сияқты түрік тілдерінің көбінде өлгі атауларды бұлжытпай қабылдау ғылыми-зерттеу жұмыстарына біраз ауытқулар әкелер еді. Мұны әр тілдің өзі фразеологиялық тіркестерін түгел тізіп, сол тіл заңдылықтарына орай талдап шығу арқылы ғана ғылыми дәйекті жүйеге салуға болар еді. Тіпті осында фразеологиялық единицаның үш түріне келтірілген мысалдардың және оларға берілген түсініктемелердің өзін алып қарасаңыз да әлі орыс ғалымдарының арасында да, қазақ ғалымдарының арасында пәтуалы пікір тұжырылмаған. Фразеологиялық тізбектер мен фразеологиялық тұтастықтардың жігі айқын емес, Бұл екеуіне дәлелдеме ретінде берілген мысалдарды талдап қарасаңыз, олардың көбінің бір-бірінен айырмасы жоқ. Тізбектер деп отырғанымыз да, тұтастықтар деп отырғанымыз да көбіне-көп, бір-ақ нәрсе боп шығады. Қай тілде болмасын, бұрыннан келе жатқан идиома дегендеріміз тағы бар. Идиомалардан әлгілердің жігін айырып берген еңбектер де шамалы. Мақал-мәтелдерді қай фразеологиялық единицаға жатқызамыз. Жоқ әлде бұларды өз алдына бөлек қарастыру жөн бе?

Қай тілде болмасын фразеологизм, фразеологиялық единица дегеніміз не және тілдегі мұндай

тіркестердің көлемі қай шамада дегенге келгенде тұрақты пікір жоқ. Бұлардың құрамына кейбір орыс ғалымдары тіркес атаулының бәрін кіргізсе, енді біреулері тек тұрақты тіркестерді ғана жатқызады. Кейбір ғалымдар еңбегінде мақалдар да, мәтелдер де, қанатты сөздер де, ғақлия, нақыл сөздер де, афоризмдер де фразеологизмнің құрамына енсе, өзгелерінде қалып қойған. Тіпті кейбір ғұламалар жеке сөздерді де фразеологизм қатарында қарастырады.

Сонымен фразеологиялық единицалардың, яғни тұрақты сөз тіркестерінің үш түрі болатынын анықтадық. Орыс, қазақ ғалымдарының пікірлерін алға ұстап, келісетін, келіспейтін тұстарымызды дәлелдеуге тырыстық. Негізінен ендігі жердегі пайымдауларымызда бұл аталған терминдерді осылай атап пайдаланып отырамыз. Пікіріміздің шашырап кетпей, нақтылау, түсініктілеу болуы үшін осы үлгіні алуды жөн көрдік.

Ал енді мақал-мәтелдерді қайда жібереміз. Оларды фразеологиялық единицалар ретінде зерттеу керек пе, жоқ әлде өзіне бөлек, өзгеше тұрақты тіркестер тобына жатқызып қараймыз ба? Бұл жайында ғалымдар пікірі қалай?

Ең алдымен мақал-мәтелдердің, қанатты сөздердің фразеологиялық тұрақты тіркеске жататынын көптеген ғалымдардың дәлелдеп, пәтуаға келіскенін ескертеміз. Мәселе бұлардың фразеологиялық единицалардың әлі жоғарыда аталған үш тобының қайсысына жатқызу керек екенінде. Бұл өте күрделі мәселе. Совет тіл білімінің тарихына үңілсек көптеген әйгілі ғалымдардың бұл мә-

селеге талай қалам тартқанын көреміз. Фразеологизмдерді зерттеу ісінің көш басшысы болған акад. В. В. Виноградов мақал-мәтелдерді фразеологиялық единицаның ешқайсысына жатқызған емес. Ал проф. А. И. Ефимов оларды фразеологиялық единицалардың айрықша бір түрі ретінде қарастырады. Осы тұрғыдан қарастырғанда мақал-мәтелдер компоненттерінің орнықтылығы алдымен ескерілсе керек.

Қазақ ғалымдарының көпшілігі мақал-мәтелдерді осы фразеологиялық единицалардың қатарында қарастыратынын көрдік. Акад. І. К. Кеңесбаев, проф. Ғ. Мұсабаев, проф. М. Балақаев, т. б. ғалымдардың жоғарыда аталған еңбектерін қараңыз. Біздің де бұл жайында ұстанатын пікіріміз осы ыңғайда болмақ.

Біз бұл тарауда фразеология мәселесінің зерттелуі жайында біраз пікір тараттық. Орыс, қазақ ғалымдарының жалпы фразеологияны қалай түсінетінін, оның түрлерін қалай талдайтынын, оған қандай тұрақты тіркестерді жатқызатынын баяндадық. Енді фразеологизмдердің тілімізде атқаратын қызметі жайында бірер сөз.

Фразеологиялық единицалардың қызметі және олардың эмоциональдық-экспрессивтік бояуы

Тіліміздегі тұрақты сөз тіркестерінің қызметі жоғарыда баяндалған негізгі белгілеріне орай айқындалады. Кіріспенің басында ескерткеніміздей, біздің сөйлеуіміз негізінен жеке сөздердің жай

тіркестерге бірігуінен тұрады. Мұнда жеке сөздер емін-еркін бірімен-бірі байланысып, тіркесіп, әр түрлі қатынасқа түседі де, ойды білдіруге қызмет етеді. Жай тіркестердегі кез келген сөздердің кез келгенін алып тастап, орнына басқа сөз қоюға, не басқа бір сөзге телуге әбден болады. Ондайға көнбіс.

Ал енді бір алуан сөздер «мінезі» өзгешелеу. Олар тек белгілі сөздер үйіріне қосылып, тұрақты мекенге ие болған. Бұлардың тобындағы сөздер бір-бірімен мүлде кірігіп, бір-ақ мағынаны мегзейді. Нақты семантикалық мағынаға, грамматикалық тұлғада тұрақтаған мұндай топты бөліп-жаруға, яғни осы тектес тұрақты тіркес компоненттерінің орнын алмастыруға, не басқа сөз қосуға әрекеттену әурешілік. Мұның мәнісі — фразеологиялық единицалардың тіліміздегі айрықша лексикалық топ болуында. Тұрақты тіркес тобындағы сөздердің орны тұрақты, бөрінің жиылғанда берер мағынасы біреу. Екі, не бірнеше сөз жиылып бір-ақ мағына білдіру—бұл тіркестердің негізгі қасиетінің бірі. Фразеологиялық единицалардың бөрі дерлік ауыспалы мағынаға ие. Бір нәрсе мегзеу, ишара түрінде, ар жағын өзің біл дегендей болжалмен айтылады. Бұлардың осындай қасиеттері тілімізді көркем, бейнелі шешен етіп, оған айрықша ажар кіргізеді. Ендеше фразеологиялық единицаларды сөйлеу және жазу, тілімізде орнын тауып орайымен қолданудың ерекше мәні бар. Ауыс мағыналы метафоралы сөз тіркестері мен басқа да бейнелі сөз орамдарына көпшіліктің, әсіресе қолына қалам ұстаған творчество адамының құмар бо-

луында сыр көп. Өйткені тұрақты сөз тіркестеріне тән қасиеттің бірі образдылық. Ал көркем шығармаларда суреттелетін оқиғалар, кейіпкерлер образдылығымен ғана құнды. Тілді әрі көркем, әрі шұрайлы етуге жетелейтін осындай формаларға жазушылар неше алуан стильдік қызмет жүктейді. Ондайда тұрақты тіркестер сарқылмайтын қазына. Мәселен, «осы дәл қазір» дегенді білдіру үшін — *қас пен көздің арасында* десек, «алыс» дегенді *ит арқасы қиянда, ит өлген жерде* десек, «момын» дегенді *қой аузынан шөп алмас* десек, «сұлу» дегенді *үріп ауызға салғандай* десек т. т. тіліміздің ерекше өткірлігін, сұлулығын көрер ек. Келтірілген мысалдағы компоненттердің бәрі де ауыспалы мағынада. Ендеше айтылатын ойды барынша әсерлі, айқын жеткізу үшін мұндай фразеологиялық тіркестер таптырмайтын тілдік құрал болмақ.

Фразеологизмдердің бәрі бірдей метафоралы болып келмейді. Олардың ішінде зат, табиғат, неше түрлі ұғым, құбылыс жайында шертілген кішігірім әңгіме тәрізді. Нақты ақыл-кеңесті түйіп тастап отыратын бұл тектес тіркестер құрамындағы сөздер өзінің негізгі лексикалық мағынасында тұрып-ақ ойды соншама әсерлеп, мәнерлі жеткізеді. Мынандай тұрақты тіркестерге зер салыңыз: *сұлу сұлу емес, сүйген сұлу; мыңның түсін танығанша, бірдің атын біл; игіліктің ерте-кеші жоқ; қыс азығын жаз жина; аңдысқан ауыл болмас; сақтансаң сақтаймын.*

Мақал-мәтелдер де дәл осындай қасиетке ие. Өмір өзі түйген ащы тәжірибенің шындық тұжы-

рымы іспетті, олай емес, былай дегендей жол-жөн нұсқайды. Өмірдегі іс-қимылдың дұрысы қайсы, бұрысы қайсы т. б. адам баласының сан алуан әрекетінде таймас, табанды бағыты қайсы соны дөп көрсетеді. Бұның бәрі бос әңгіме болмай, өмір тәжірибесінен қорытылып шыққан әділ шындық. Ал образдылық ауыс мағыналы метафоралы сөз тіркестерінің бәрінде бірдей бола бермейді. Осыған қарағанда, кейбір ғалымдардың фразеологизмдерді құрылысы және образдылығы жағынан екі бөліп қараймыз деуі ақылға сияды.

Қандай тілде болмасын фразеологиялық единицалар астарлы, образды мағынада қолданылады. Олардың қай-қайсысында да мәнерлеп, бейнелеп айту қызметі күшті. Кейбір жеке сөздердегі тәрізді, тұрақты сөз тіркестерінде де эмоциональдық-экспрессивті бояу мол. Көбінде осы өзгешелік басым. Яғни фразеологизмдердің көпшілігі айрықша образды, экспрессивті қызмет атқарады. Экспрессивтік-эмоциональдық бояуы бұрыннан бойында бар фразеологиялық единицалар көркем қолданылып, сөйлеушінің адамзат, не құбылыс турасындағы өз көзқарасын мәлім етеді. Экспрессивті тұрақты тіркестер сезімге айрықша әсер етеді. Мысалы, «алыс» дегенді күшейтіп «алыстың алысы» деп айту үшін, қазақ тілінде *ит арқасы қиянда, ит олген жерде* деген бейнелі фразеологиялық орамды қолданар едік десек, «жұмыртқадан жүн қырылған бірді бірге соғып, сауданың көзін тапқан пайдакүнем, тақыс адамдар» еске түсер еді. Ал бұған қарама қарсы *сұлу, көркем, батыр* дегендей жағымды адамдарды бейнелер болсақ, *үріп ауыз-*

ға салғандай, жүрек жұтқан деген тұрақты тіркестер ауызға оралады. *Тайға таңба басқандай, соқырға таяқ ұстатқандай* деген тұрақты тіркестер *ашық, айқын* деген ұғымға экспрессивті өң беріп, оны құлпыртып, күшейтіп тұр. Бұдан «ашықтың ашығы, айқынның айқыны» дегендей үстеме, күшейтпелі мағынаны түсінеміз.

Өткір мысқыл, ащы әжуа, тапқыр қалжыңды өн бойына жинаған тұрақты тіркестер де мол. *Айдағаның екі ешкі, ысқырығың жер жарады* фразеологиялық тұрақты тіркесі кісіге еріксіз езу тартқызады. *Ауырдың үстімен, жеңілдің астымен; берсе — қолынан, бермесе — жолынан; көңіл қалмас, көңіл жыртнас; асын ішіп, текеметін тіліп; түйе үстінен сирақ үйту; тырнақ астынан кір іздейді; бүйректен сирақ шығару; тіл мен жағына сүйену; аузы-басы қисаймау* т. б. тұрақты тіркестер әрі ащы күлкі шақырса, әрі жиреніш сезімді қозғайды.

Елден ала бөтен ашқарақтық жасап, масқара сараңдыққа берілген адамдарды әжуалағанда халқымыз *қу бастан қуырдақ ет алған* деп салады. Қырым ет жоқ қу бастан қуырдақтық алса, ондай сараңдықты мұнан артық қандай сөзбен бейнелеуге болар еді.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бір-ақ айтатын мақал-мәтелдер де аз сөзден жасалғанмен, көп мағынаны білдіретін фразеологиялық топтың бірі. Келелі ойды, кең мазмұнды данышпандық ақыл-өсиет түрінде салмақты айтатын, айтқанда соншама дәл, әрі әділ, ащы мысқыл, әдемі әжуасы аралас келіп нұсқап, табжылтпай мақұлдатып

тастайтын мақал-мәтелдерді пайдаланудың да мәні өзгеше. Бұларды әсіресе көркем әдебиетте, көпшілікке арналған әңгіме-лекцияда, публицистикалық жанрда мол пайдалануға болады.

Жүздің көркі — сақал, сөздің көркі — мақал, тұз — астың дәмін келтірсе, мақал — сөздің сәнін келтіреді, мақал — сөздің атасы деп сөздің қадірін білген қазақ өнер алды — қызыл тілге ерекше мән берген. Сөз құдіретін тек қазақ халқы емес, барлық халық біледі. Әр халықта да мұндай сөздердің қасиетін аша түсетін әлуетті мақалдар баршылық. Мысалы, орыстарда — «без пословицы не проживешь» (мақалсыз тірлік жоқ), «старая пословица век не сломится» (ескі болса да, мақал ескірмейді), «пословица недаром молвится» (мақал бекер айтылмас), «пословица не на ветер молвится» (мақал желге айтылмайды), «пословица всем делом помощница» (мақал бар істе жәрдемші) т. б. деп мақалдың мәнін түсіндірсе, бұдан мәтелдің де осал емес екенін және оның мақалдан өзгешелігін ұғамыз. Халық өзі айтып отырады. Мысалы орыстың мына мәтелдеріне назар аударыңыз: «красна речь поговоркой» (сөз мәтелмен мәнді), «из поговорки слова не выкинешь» (мәтелден сөзді шығарып тастай алмайсың), «поговорка — цветочек, пословица — ягодка» (мәтел — гүл, мақал — жеміс) т. б. Халық осы тектес даналық сөздің мәнін ұққандықтан да «слова хороши, если они коротки» (сөздің қысқасы жақсы) дей отырып, сөздің сүйектен өтетінін «не ножа бойся, а языка» (пышақтан емес, тілден қорық) деп ескертеді. Бірақ аты мақал деп қалай болса солай қолдана беруге де бол-

майды, өйткені қазақ — *«айтқан сөз — атылған оқ»*, ал орыс — *«написано пером, не вырубилшь топором»* деп сөздің өте жауапты нәрсе екенін, оған өте сақ болуды ескертеді. Әрбір мақал-мәтел әр елдің психологиясын, тіршілігін, болмысын танытады. Осы соңғы екеуін-ақ алып қарасақ — екі елдің өзіне ғана тән ерекшелігін байқар ек. Жазуы, баспасы болмаған ел, ауызекі сөйлеудің шеберлігін, соның дәмін таттырса, өнер-ғылымды өркендеп, сан кітап шығарған ел жазудың жақсылығын паш етеді. Жазылған нәрсені балталасаң да құрта алмайсың дейді. Орыс халқында *«от слова спасение и от слова погибель»* деген мақал бар. Мұның мәнін қазақша сөзбе-сөз берер болсаң — *сөзбен құтыласың, сөзден тұтыласың* дегендей ишара білдіріп тұр.

Сөзге байланысты орыстың тағы бірнеше мақал-мәтелдерінен мысал келтірейік:

«Слово не стрела, а к сердцу льнет» (сөз оқ емес, бірақ жаныңа тиеді), *«доброе слово в жемчугах ходит»* (жақсы сөз тауһар тәрізді), *«слово за слово цепляется»* (сөз сөзден туады), *«человеку дано слово, животным — немота»* (адамға сөз, хайуанға — меңіреу), *«лучше споткнуться ногою, нежели словами»* (сөзден сүрінгенше, аяғың сүрінсін), *«не каждое слово — зеркало»* (сөздің бәрі айна емес), *«слово толковое стоит целкового»* (ақылды сөз, ақшадан жақсы), *«на чужой роток не накинешь платок»* (біреудің аузына қақпақ бола алмайсың), *«у насмешливого зубы белы»* (күлкішілдің тісі аппақ), *«слово горы ворочает»* (тіл

тау қопарар, тіл тас кесер, тас кеспесе, бас кесер), «пулей попадешь в одного, а метким словом — в тысячу» (оқпен бірді, өткір сөзбен мыңды құлата-сың), «сила слова — в правде» (сөздің күші — шындығында), «конь вырвется — догонишь, а сказанного слово не воротишь» (қашқан атты ұстау оңай, айтылған сөзді қайтару қиын) т. б.

Туысқан өзбек тілінде мынадай нақыл сөздер кездеседі: «яхши нақл — томири ақл» (жақсы нақылдың тамыры — ақыл), «оталар сузи — ақлинг кузи» (аталар сөзі — ақылдың көзі)⁴².

Т а т а р л а р д а — «қарттар сүзен қапка жый» (қарттар сөзін қапқа жи), «мөкаль сақалдан алырак» (мақал сақалдан ұзынырақ);⁴³ қ ы р ғ ы з д а р д а — «мақал атасы — сөз, мата атасы — бөз»; а з е р б а й ж а н д а р д а — «мақалмен дауласа алмайсың», (с пословицей не поспоришь); «сөз — гүл болса, мақал — гүл шоғы» (слово — цветок, пословица — букет), «даналық — мәтелде» (в поговорке — мудрость)⁴⁴ т. б. бар.

Мақал сөзі араб тілінен келген делінеді. 1889 ж. Н. Исәнбет жинап бастырған «Татар халық мәкаләләренің» 1-томында берілген мысалдарға қарағанда, арабтарда «ликелли мөканын мәкал» — «әр орынға лайық сөз бар» деген мақал да бар көрінеді. Сонда мақал деп жүргеніміздің о бастағы мағынасын тексерсек «орынды сөз», яки

⁴² «Узбек халық мақаллари». Ташкент, 1958, 7-б.

⁴³ «Татар халық мәкаләләре», I том. Қазан, 1959, 9-б.

⁴⁴ «Азербайджанские пословицы и поговорки». Баку, 1950, стр. 5.

«тиісті жеріне дәл айтылған сөз» болып шығады. Көптеген тілдерде нақыл сөздің бұл түрлері әр қилы аталғанмен, олардың семантикалық мағынасы бір. Мәселен өзбектер—«мақал», азербайжандар—«аталар сөзі», чуваштар—«қариялардан қалған сөз» («ваттисам калани») десе, көптеген түрік тілдерінде мақал мен мәтел қосарлана жүреді. Қырғыздар—«мақал мен лақаптар», түрікмендер—«нақылдар ве аталар сөзи», ұйғырлар—«мақал вә тәмсил», татарлар—«мәкаль һәм әйтем» деген терминдер қалыптасқан. Бұдан шығатын нәрсе қай халық болмасын мақал мен мәтелді қатты қадірлейтінін, әрі олардың өзара айырмасын да біліп іске жарататынын байқаймыз.

Негізінде, мақал мен мәтелдің ортақ, әрі өзгеше қасиеттерін жоғарыда әр тілден келтірілген мысалдардың өзі-ақ айқын танытса керек. Мысалы орыс халқының «поговорка — цветочек, пословица — ягодка» деуін алыңыз.

Сонымен фразеологиялық тіркестердің негізгі қасиеті оның айрықша семантикалық топ болуы және оның стилистикалық ажарында (окрашенность). Бұлар жеке сөздердің, сөз тіркестерінің, тіпті сөйлемдердің бейнелі синонимдері ретінде көркем әдебиетте айырықша роль атқарады. Яғни фразеологиялық единицалардағы ең басты нәрселер—мағыналылық, стилистикалық өң қолданудағы ерекше қызметі. Осыған қарағанда фразеология негізінде стилистиканың зерттейгін объектісі.

Екінші тарау

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІ АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Фразеологизмдер, жалпы тілдердегі тұрақты тіркес атаулының бәрі аударма практикасы үшін де, теориясы үшін де ең қиын, күрделі проблеманың бірі. Аударма тәжірибесінде фразеологизмдерді екінші тілге берудің неше түрлі қиындықтары кездесіп, теориялық тұжырым жасауға итермелейді. Өйткені әр тілдегі фразеологизмдердің мағыналық және стилистикалық қызметі алуан-алуан болады. Оның құрамына кірген сөздердің байланысы да әр тілде әр қилы. Міне осыларды аудару кезінде әр тілдің өзіне ғана тән сөздердің тіркесу ерекшелігі көрінеді.

Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесу қабілетін, фразеологизмдердің мазмұнын, мағынасын, сырын талдап жазған еңбектердің біразын жоғарыда атап өткенбіз. Ал фразеологизмдерді бір тілден екінші тілге аудару мәселесі аса қажет, әрі барынша қиын проблема екенін сол еңбектерден және көркем әдебиетте қолданылып жүрген фразалық тіркестер табиғатынан-ақ тануға болады. Ғылым-

да фразеология мәселесі сөз бола бастаған уақыттан-ақ оны екінші тілге аудару жайы қарастырылып келеді. Аударма ел мен елдің арасына дәнекер болатын аса зор мағыналы құрал. Аудармамен шұғылданған бірде-бір зерттеуші фразеология мәселесін аттап өте алған емес. Тіркестердің аудармасын тікелей тексермегенмен, аудармашы-зерттеуші өзінің саласына қатысты тұстарда фразеология аудармасына байланысты пікірін айтып отырған. Бұл тұста ескеретін бір жайт, сол айтылған пікірлердің бәрі біркелкі емес екенін және ондай пікір қозғаушылар әр қилы ғылым өкілдері екенін есепке алған жөн. Жалпы аударма проблемасы жөнінде айтылып жүрген тұжырымдарды екі топқа бөлуге болар еді. Бірі әдебиетшілер тарапынан айтылған, екіншісі тілші ғалымдар ұстанған пайымдаулар. О баста бұл екі ағым өкілдері қызу қарқында қарсы дау айтысқанмен, қазір қайсысы болса да сабаға түсіп, аударма теориясының өзіне ғана тән, өзіндік сырларына тереңірек үңіліп, көп жағдайда келісімге келе бастағандай. Мұның өзі белгілі дәрежеде аударманың ғылым ретінде қалыптасып, әр қилы проблемаларын алға тартқанын танытады. Сонда да болса, біз аударма мәселелерін әдебиетшілер мен тілшілер бір пәтуаға келіп, қауымдаса тексеріп жатыр деп айта алмаймыз. Ғылым болған соң оның даулы, даусыз мәселелері толып жатады.

Фразеологизмдерді аудару мәселесі аударма теориясының бір саласы болғандықтан, бұл жайында тілші, әдебиетші ғалымдар әр қилы пікір өрбіткен. Біздің жұмысымызға тікелей қатысты бол-

ғандықтан, енді фразеологизмдерді аудару ісіне қатысты пікірлерді талдап көрелік.

Бұл мәселені орыс ғалымдары да, қазақ ғалымдары да сөз етіп жүр. Басқа ұлт республикаларында да аударма ғылым объектісіне айнала бастады.⁴⁵

Тұрақты тіркестердің екінші бір тілдегі табиғатын тексергенде, біздің алдымен жүгінетініміз

⁴⁵ Н. В. В л а д и м и р о в а. Некоторые вопросы художественного перевода с русского на узбекский язык. Ташкент, 1957; Н. П. Г а б а р а е в. Русские фразеологические единицы и их соответствия в осетинском языке. Автореф. канд. дисс. Тбилиси, 1956; М. И. П а ш а е в а. Принципы отбора и перевода русских фразеологических единиц в русско-азербайджанских словарях. Автореф. канд. дисс. Баку, 1964; Б. Г. Т а й р б е к о в. О принципах перевода пословиц и поговорок. «Ученые записки азерб. гос. ун-та им. С. М. Кирова», язык и лит. Баку, 1964, № 3; К у д р а т М у с а е в. Стилистические вопросы художественного перевода с английского на узбекский язык (традицион. числительные и фразеологизмы). Ташкент, 1967; Н. Н. К у з н е ц о в а. К вопросу о передаче национально-специфических элементов языка подлинника, «Уч. записки» (1-го Ленинград. пед. ин-т. иностр. языков). Новая серия, вып. I, 1954; З. Б. М у х а м е д о в а. Рассказы А. П. Чехова в переводе на туркменский язык, «Изв. АН Туркм. ССР», 1951, № 3; Г. С а л я м о в. Лексико-фразеологические вопросы художественного перевода. Автореф. канд. дисс. Ташкент, 1964; Л. А б д у л л а е в а. Некоторые стилистические вопросы перевода с русского на узбекский язык (На материале трилогии А. Толстого «Хождение по мукам»). Автореф. канд. дисс. Самарканд, 1964; Д. А. А з и м о в. Основные принципы перевода с русского на азербайджанский язык. Баку, 1954; А. Д ж а к с ы б а е в. Некоторые вопросы языка и стиля в художественном переводе с русского на каракалпакский язык. Автореф. канд. дисс. Ташкент, 1963.

орыс ғалымы, тіл білімпазы А. В. Федоровтың еңбектері ⁴⁶. А. В. Федоровтың аударма теориясын жасаудағы ролі айрықша. Оның соңғы шыққан «Основы общей теории перевода» кітабында біраз жаңалықтар енгізілген. Фразеологизмдердің аудармасына байланысты да көптеген ғалымдардың кейінгі шыққан еңбектерін мұқият қарап, қорытынды пікір айтуға тырысқандық байқалады. Бұл мәселеге кейінірек арнайы тоқтайтын болғандықтан, қазір қазақ оқымыстыларының арасында өрбіген ой-пікірлердің тамырын басып байқайық.

Фразеологизмдердің аудармасы жөнінде әдебиетші ғалымдарымыз да, тіл білімпаздары да, жазушы-журналистеріміз де бірде арнайы тоқтап, енді бірде белгілі бір проблемаларға байланысты жол-жөнекей сөз арасында болса да әңгіме етіп жүр. Қай-қайсысы да белгілі бір көркем шығарманың аудармасын қараған кезде, мақал, мәтелдер мен идиомалық тіркестердің аудармадағы көрінісін байқамай өте алмайды. Аударма теориясы үшін, оның ішінде фразеологизмдерді екінші тілде беру мәселесіне келгенде, әр кезде әр түрлі елдің әр қилы көркем туындыларының аудармасы жайында айтылған мұндай пікірлерді жинақтап, електен өткізудің мәні зор.

Қазақ ССР Ғылым академиясының академиктері І. К. Кеңесбаев, М. Қ. Қаратаевтардың, Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшелері М. Б. Балақаев, Ғ. Ғ. Мұсабаевтардың зерттеу-

⁴⁶ А. В. Федоров. Введение в теорию перевода. М., 1953; 1958; Основы общей теории перевода. М., 1968.

лерінде ⁴⁷ осы мәселе тұрғысында біраз пайымдаулар жасалған. Қазақстанда аударма теориясын жасауға мейлінше зор еңбек сіңірген аудармашы ғалымдарымыз болды. Олар — филология ғылымдарының кандидаттары С. О. Талжанов пен Ә. Сатыбалдиевтер⁴⁸ еді. Аударма ғылымының теориясын жасауда бұлардан да басқа ғалымдардың үлесі мол. Мәселен, марксизм-ленинизм классиктері шығармаларының аудармаларын мұқият зерттеп, келелі ой-пікірлерін дамытып, үлгі-өнеге көрсеткен білгір мамандардың еңбектерінің бұл салада зерттеуіміз олқы соғар еді. М. Жанғалин, Қ. Сағындықов, Қ. Шәріпов, І. Жарылғапов ⁴⁹ т. б. жолдастардың ғылыми ой-пікірлері қазақ аударма ғылымының қалыптасып, дамуына едәуір ықпалын тигізді. И. Ландау, С. Қоспанов, Бектемісов,

⁴⁷ С. К. Кеңесбаев. Қазақтың қалыптанған тиянақты сөз топтары. Алматы, 1944; Қазақ тілінің идиомдары мен фразалары туралы, «Халық мұғалімі», 1946, № 1, 2, 3, 4; М. Қ. Қаратаев. «Тынық Донның» қазақшаға аударылуы және көркем аударманың кейбір мәселелері. Алматы, 1960; М. Б. Балақаев. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. Алматы, 1965; М. Б. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1966.

⁴⁸ С. Талжанов. Көркем аударма туралы. Алматы, 1962; Ә. Сатыбалдиев. Рухани қазына. Алматы, 1965.

⁴⁹ М. О. Жанғалин. Об основных принципах перевода с русского на казахский язык («Доклады от Казахстана» кітабында). Алма-Ата, 1958; Қ. Сағындықов. Қ. Сағындықов. О путях обеспечения доступности перевода учебной литературы, там же.

3. Тұрарбеков жолдастардың диссертациялық еңбектерінде де фразеологизмдерді аудару жайында аракідік айтылған пікірлер кездесіп қалады. Мұның үстіне кейінгі жылдары жеке жазушылардың тілі және стилі, олардың көркем шығармаларда қолданған бейнелеуіш құралдарына арналған диссертациялық жұмыстар және зерттеулер көбеюде. Жазушы бейнелеуіш құрал есебінде қолданған фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді тексерген арнайы еңбектер де бар. Мұндай жұмыстарда аударма мәселесі арнайы сөз болмағанмен, көңіл тоқтатуды тілейтін, біздің тақырыбымызға аз да болса қатысы бар ғылыми тұжырымдар кездеседі.

Тілші ғалымдардан бұл салада ой толғағандардың бірі — І. Кеңесбаевтың мына бір тұжырымын алдымен еске алған жөн. «Аудару техникасы, аударма тілі өз алдына айрықша сөз болуға, айрықша тексерілуге тиіс деп ойлаймыз». Академик ғалым «Қазақ тілінің идиомдары туралы» деген зерттеуінде аудару техникасына да байланысты өз топшылауларын айтқан. Ол идиома, мақал, фразалардың өзара айырмашылықтарын талдайды да, оларды басқа тілдерге аударудың жолдарын қарастырады. Бұларды аударуға бола ма, болмай ма деген сұрақтарға жауапты ғалым мақал, фраза, идиомдардың өз қасиеттерінен түзейді. Әрбір жеке тілдің өзіне ғана тән және анағұрлым көнеленген идиомдар сияқты категорияларды «калька» ретімен алмасқа лаж жоқ дейді. Мақал, фраза, идиомдардың лексикалық өзгешеліктерін егжей-тегжейлі талдайды да, олардың

сөзбе-сөз аударуға келмейтіндігін түйеді. Бірақ акад. Кеңесбаев бұларды бір тілден екінші тілге мүлде беруге болмайды деп үзілді-кесілді пікір айтпайды. Оларды аударудың әр түрлі жолдарын «ізденіп мағына жағынан сәйкес келетін тізбектерді тауып, аударма тілін жұртқа түсінікті етуді қарастыруымыз керек», — деп түсінеді.

М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаев жолдастар 1966 ж. басылып шыққан «Қазақ тілінің стилистикасында» фразеологияның аудармасына арнайы тоқтаған. Мұнда авторлар мәселенің қиындығын айтып қарап отырмай, фразеологизмдерді орыс тілінен қазақ тіліне аударудың әр түрлі жолдарын қарастырады. Үш түрлі тәсіл болуы ықтимал екенін дәлелдейді. Ол қандай тәсілдер:

Біріншіден, «фразеологизмдерді аударуда оның жалпы мағынасы беріледі». Мысалы:

«Вариться в собственном соку» — өзімен-өзі болу.

«Козел отпущения» — кінәлі ету.

«Подложить свинью» — қастық істеу.

«Яблоко раздора» — егестің басы.

«Бросать слова на ветер» — пәтуасыз сөз айту т. б.

Екіншіден «фразеологизмдерді аударуда олардың өзара мәндес келетіндігі ескерілетінін» айтады. Мысалы: «беречь как зеницу ока» — көздің қарашығындай сақтау; «в пух и в прах» — күлін көкке ұшыру; «зубы точить» — тісін қайрау; «волосы встали дыбом» — төбе шашы тік тұру; «за тридевять земель» — жердің жеті түбі; «до

седьмого неба» — төбесі көкке жету; «выйти в люди» — адам санатына қосылу; «утопающий за соломинку хватается» — суға кеткен тал қармайды т. б. Тіл-тілдегі фразеологизмдердің өзара сәйкес, мәндес келуі, шынында да аударманың жақтық, түсінікті болуына септігін тигізеді. Мұның аударма жұмысын едәуір жеңілдететіні сөзсіз.

Үшіншіден «көптеген тұрақты сөз тіркестері бір тілден екінші бір тілге сөзбе-сөз аударылады». Бұл тұста авторлар тұрақты сөз тіркестерінің басқа түрінен идиомдарды бөліп алады. Мақал-мәтел, қанатты сөздердің сөзбе-сөз аударуға тезірек көнетінін мысалдармен көрсетеді. Мысалы: «ни рыба, ни мясо» — балық та емес, ет те емес; «как две капли воды» — екі тамшы судай; «лучше поздно, чем никогда» — ештен кеш жақсы; «береги честь смолоду» — арыңды жастан сақта; «черепаший шаг» — тасбақа аяқ т. б.

Мұндағы аудармалар әр тілдің фразеологиялық қорын байытатын көз. Осымен бірге сөзбе-сөз аударманың өрескел қатеге апарып соқтыратын сәтсіз мысалдарын да әр түрлі саяси көркем әдебиеттен алып көрсетеді.

Аудармашылар үшін тағы бір аса қажетті пікір мынау ма деп ойлаймыз. Аталған кітаптың авторлары фразеологизмдерді аударудың әлгіндей бірнеше тәсілдерін талдай отырып, аудару процесінде кетіп жататын қателердің сырына үңіледі. Мұндай жағдайда, әсіресе әр халықтың тілді қолдану дәстүрін мұқият ескере отыруы, әрбір тұрақты тіркестің шығу, жасалу төркінін зерттеп білу қажет екенін басты шарттың бірі есе-

бінде ұсынады. Яғни, авторларша айтқанда, «фразеологизмдерді аударуда олардың мағынасын, қалыптасу жолын жақсы білу» қажет. Сөйтіп фразеологизмдерді аударудағы ең өнімді тәсіл сөзбе-сөз аударудың тиімді, тиімсіз жағы бар екен. Қазақ тілшілерінің фразеологизмдерді аудару жөніндегі пікірлері осыған саяды⁵⁰.

Фразеологизмдердің аудармасы жайындағы пікірлерге үңілгенде, көбінесе марксизм-ленинизм классиктері шығармаларындағы тұрақты тіркестерді қазақ тіліне беру жолдарын қарастырушы жолдастардың еңбегін талдамай кетуге болмайды. 1958 жылы Алматы қаласы аударма проблемаларын қарастырған үлкен жиын ордасына айналды. Онда орыс тілінен Орта Азия, Қазақстан және азербайжан халықтарының тіліне әдебиеттерді аударудың көп жылғы тәжірибесі сарапқа салынып, әр қилы әдістер ұсынылған болатын. Қазақстаннан төрт баяндама әзірленді. Соның ішінде біздің жұмысымызға тікелей қатысы бары екеу. Оның бірі — «Орыс тілінен қазақ тіліне аударудың негізгі принциптері» деген тақырып бойынша жасалған М. Жанғалиннің баяндамасы⁵¹. Мұнда аударма принциптері марксизм-ленинизм классиктері дамытқан қағидалар негізінде қарастырылған. Маркс, Энгельс, Ленин еңбектеріндегі

⁵⁰ М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Тома-нов, Б. Манасбаев. Қазақ тілінің стилистикасы. Алматы, 1966.

⁵¹ Материалы регионального совещания по переводу литературы с русского на языки народов Средней Азии, Казахстана и Азербайджана. Алма-Ата, 1960, стр. 9—50.

аударма жайындағы пікірлер талданған. Бұлардың, әсіресе В. И. Лениннің аударудағы тәжірибесіне сүйене отырып, автор тексттің мазмұны мен формасын, оның дәл, адекватты аудармасын беру жолдарын көрсетеді. Шындығында аударманың қандай проблемасын талқылағанда болмасын, біз ең алдымен марксизм-ленинизм классиктерінің тәжірибелеріне сүйеніп, олар қолданған принциптерге жүгінуге тиіспіз. Сол себептен М. Жанғалин жолдастың бұл ғылыми пайымдаулары аударма теориясының белгілі бір кезеңін танытатын құбылыс. Ол, әсіресе Владимир Ильичтің аударушы ретіндегі қызметіне толығырақ тоқтаған.

Қай кезде болмасын марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерінде кездесетін бейнелі сөздерді, тұрақты тіркестерді, мақал-мәтелдерді беру аударма практикасында ең қиын мәселенің бірі. Мұндай мәселеге барғанда, тіпті көркем шығармалардағы фразеологизмдерді аударғанда да, алдымен Ленин қолданған тәсілдерді үйреніп, тәжірибесін талдау қажет. Классиктер бейнелеуіш сөздерді шығармаларының эмоциялы-экспрессивті өңін ажарландыру үшін қолданады. Сондықтан бұларды творчестволық талғаммен беруге тырыспаса, сәтті аударма жөнінде әңгіме қозғаудың мәні жоқ. Осы тұрғыдан қарағанда М. Жанғалин жорамалдарының ролі едәуір.

Бейнелеуіш құрал дегенде М. Жанғалиннің толығырақ тоқтағандары — мақал мен мәтелдер. В. И. Ленин шығармаларында неміс, француз, ағылшын, итальян, грек сияқты көптеген халық-

тардың мақалдары кездеседі. Оларды Ленин бірде аудармасымен қатарластырып берсе, бірде жақша ішінде түсіндіріп отырады. Қалай болғанда да әлгі мақал-мәтел оқушыға түсініксіз күйде қалмайды. Толық, дәл, адекватты аудармасы беріледі. Егер, мақал дәл аударуға келмесе, Ленин еркіндіктен де қашпайды. Морфологиялық ауытқуға барғанмен, мағыналық дәлдікті толық сақтайды. Мұндай жағдайда Ленин өзінің еркіндеу кеткенін ескертіп отырады. Жақша ішінде әлгі мақалдың түп нұсқа тіліндегі кейпін береді. Оқушы аударманың дұрыс-бұрыстығын көруге мүмкіндік алады.

В. И. Ленин өз шығармаларында не қазақ, не өзбек, не азербайжан мақал-мәтелін қолданған емес, сондықтан оларды қалай да аудару қажет екені түсінікті. Мұндай жағдайда, Лениннің өз айтқандары көмекке келетінін дәл таниды М. Жанғалин. Егер аударуға еш мүмкін болмаса, соның ана тіліндегі баламасын іздеу керек. Онда да ол мақалдың бүкіл контексте қалай оқылатынын, түсінілетінін қадағалау қажет екені молдаван жолдастардың тәжірибесі мысалға алынып, аударудың жақсы үлгілері мегзеледі.

Ленин тәжірибелерін талдай отырып, оның аудару тәсілдерін М. Жанғалин бейнелі құралдарды аударудың негізгі принциптері есебінде ұсынады. Сөйтіп, мақал-мәтелдерді аударудың мынадай бірнеше жолдары көрсетіледі.

М. Жанғалин дәлелдеуінше, біріншіден, мақал-мәтелдерді марксизм-ленинизм классиктері еңбектерінің идеялық мазмұнын мейлінше ашық,

айқын ашу үшін қолданылған құралдар деп түсінеді. Сол себепті бұлардың аудармасы да өте дәл, анық, түсінікті, көркем болуға тиіс; екіншіден, қазақ тілінде баламасы жоқ мақал-мәтелдің бәрі аударылуы тиіс. *«Балық жоқта, бақа да балық. Қасқырды сұрлығы үшін емес, ұрлығы үшін ұрады»* дегендер тәрізді. Осы келтірілген мысалдар, шынында қазір төл дүниелермен бірдей қорымызға еніп, өзге жұрттан келгені ұмыт боп барады; үшіншіден, егер кейбір мақал-мәтелдердің қазақ тілінде толық баламасы табылып тұрса одан қашудың қажеті жоқ. *Қап түбінде біз жатпас* осыған дәлел; төртіншіден, Ленин еркін аударған шет тіл мақал-мәтелдері де логикалық мәні жағынан болсын және мүмкіндігінше, тілдік, грамматикалық қасиеттеріне дейін дәл аударып жеткізуге тырысу керек. Мысалы, Ленин аударған *не так норовим, чтобы в рот, как чтобы в карман* деген неміс мақалы қазақша *ауызға салғаннан гөрі, қалтаға салғымыз келеді* болар еді. Мінеки М. Жанғалин жолдастың пікірі осы тектес. Мұнда фразеологизмнің бір түрі ғана — мақал-мәтел сөз болады. Ол тұрақты тіркестердің бар түрін талдап жатпайды. Идиомдар да, фразалар да т. б. түрлері түгелімен мақал-мәтел тасасында қалған. Ал марксизм-ленинизм классиктері шығармаларында тек мақал-мәтелді ғана емес, бейнелі сөз тіркестерінің әлденеше түрін идиомдарды да, фразалық түйдектерді де, фразалық тұтастықтарды да мейлінше мол қолданып, өздерінің негізгі мақсатын шешен де шебер жеткізуге тырысқаны мәлім. Сондықтан М. Жанғалиннің пікір-

лері тек мақал-мәтел төңірегіне қатысты. Оның өзінде де негізгі пікірлерін дамытып, жүйелеп өрбіте алмаған. Әрине неге өйтпедің деп ешкім де кінә таға алмайды. Өйткені бұл тұстағы М. Жанғалиннің негізгі мақсаты мақал-мәтел, фразеологизмдердің аудармасын арнайы тексеру емес, жалпы аударма мәселесінің кейбір негізгі принциптерін қарастыру. Осы көлемде қарасақ, жоғарыда ескерткеніміздей, М. Жанғалин жолдастың ғылыми тұжырымдары ой толғататын салмақты, әрі салықалы.

Марксизм-ленинизм классиктері шығармаларында кездесетін идиома, қанатты сөз, мақал-мәтелдерді қазақ тіліне аударудың мәселелерін арнайы тексерген зерттеушінің бірі — Қ. Сағындықов⁵². Ол өзінің ғылыми тұжырымдарын негізінен В. И. Ленин шығармаларының қазақ тіліне аударылуына байланысты дамытқан.

Жалпы, түрлі тұрақты тіркестерді, оның ішінде мақал-мәтелдерді қазақ тіліне аудару мәселесін зерттеп, алдымен әңгіме еткен Қ. Сағындықов десек қателеспес едік. Қазақ тіл білімінде, тіпті бүкіл филология ішінде мақал-мәтел аудармасын арнайы зерттеген бірде-бір еңбекті (тек Мұзафар Әлімбаев болмаса)⁵³, бірде-бір кісіні

⁵² Қ. Сағындықов. Перевод на казахский язык идиом, крылатых слов, пословиц и поговорок встречающихся в произведениях В. И. Ленина. В сб.: «Материалы регионального совещания по переводу литературы с русского языка на языки народов Средней Азии, Казахстана и Азербайджана. Алма-Ата, 1960, стр. 161—178.

⁵³ М. Әлімбаев. Өрнекті сөз — ортақ қазына. Алматы, 1967.

күні бүгінге дейін білмейміз. Сондықтан Қ. Сағындықов жолдастың тұжырымдарына кеңірек тоқтауды қажет деп санаймыз.

Әдетте, орыс және басқа халықтардың ғалымдары мақал-мәтелді аударудың қиындығын поэтикалық аудармамен салыстырып танытпақ болатын. Шынында, қиындық жағына келгенде бұлардың өзара ұқсастығы бар. Ал түбегейлі тексере келгенімізде бұлардың жеке-жеке өздеріне ғана сыйымды сыры байқалады. Әрқайсысының табиғатына лайықты күрделі проблемалары көрінеді. Міне осыған байланысты, яғни мақал, мәтелдердің табиғаты, қасиеті және оларды пайдаланудың реті жайында Маркс, Энгельс және Лениннің айтқандары аударма мәселесімен шұғылданушылар үшін айырықша роль атқарады. Олар мақал-мәтелдерді, тіпті күллі бейнелі сөздерді қоғамдық өмір құбылысының сәулесі ретінде, яғни жаңа мен ескінің күресінің сәулесі ретінде қарастырады. Олай болса, мақал-мәтелдерді қоғамдық өмірдің нақты тарихи жағдайларына орай және сол кезеңдегі әдеби тіл дамуының тұрғысынан тексерген жөн. Сағындықов мақал-мәтелдерді әдебиеттерде қолданғанда, оларды бір тілден екінші тілге аударғанда ұстанатын негізгі принцип және міндеттер осыған орай туады деп түсінеді. Сөйтіп бұл мәселеге диалектикалық жолмен келеді.

Аударуды әңгіме етпей тұра тұрғанның өзінде, оларды ретін тауып, мағынасын, мәнін дәл ұғып қолданудың өзі шеберлік. Қолданудың та-

маша үлгілерін, біз марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектерінен байқаймыз. Олар мақал-мәтелдерді көркемдік құрал ретінде (пікірлерінің бейнелі, дәл, ұғымды, әсерлі болуы) қолданумен қатар, кейде қоғамдық өмірдің нақты құбылыстарының мәнін айқын танытатын тарихи дерек ретінде де пайдаланған. Сағындықов Маркстің «Навоз и у бога крадет» және «Вози навоз, не ленись, хоть богу не молись» деген орыс мақалдарын талдағанда, шаруа адамның агрономиялық мәдениетті дін тұманынан артық санағанын айтты.

В. И. Лениннің мына сөзі де зерттеушінің ілгері пікір қозғауына демеу болған: «Бывают такие крылатые слова, которые с удивительной меткостью выражают сущность довольно сложных явлений»⁵⁴.

Сағындықов бұдан кейін орыстың ұлы көркем сөз шеберлерінің пікірлерін саралап шығады, түйінді қорытынды жасайды. Бейнелі сөздер тобының табиғатын түбегейлі тексеріп және олардың ана тілімізде толыққанды аудармасын беру жолдарын қарастыру қажет деп түйеді. Осы мәселенің біразын В. И. Ленин шығармаларының қазақ тіліне аударылу сапасын тексеру арқылы айқындаған.

Ол, алдымен В. И. Ленин шығармаларындағы бейнелі сөздерді мынадай үш түрлі топқа бөледі: а) көркем бейнелер, афоризмдер, нақыл сөздер (изречения) және қанатты сөздер; ә) идиомдар

⁵⁴ В. И. Ленин. Полн. собр. соч., т. 25, стр. 138.

және фразеологиялық тіркестер; б) мақал мен мәтелдер.

Көріп отырсыздар, Сағындықов тұрақты тіркестердің табиғатын, түрін тереңірек білетінін байқатады. Ол кейбір жолдастар тәрізді тұрақты тіркестердің бәрін мақал-мәтел айналасына үйірмей, ажыратып алады. Мақал-мәтел, идиом, фразеологиялық тіркестер, афоризмдер, қанатты сөздердің табиғатын, өздеріне тән ерекшеліктерін тереңірек тексермегенмен, олардың бөлек-бөлек тілдік құралдар екенін, бұларды зерттегенде сондай айрықша белгілеріне көңіл бөлу қажет екенін ескертеді. Біз мұны зерттеушінің табысының, саналы пайымдауларының бірі деп білеміз.

В. И. Ленин шығармаларында ұлы орыс жазушылары А. С. Пушкин, Н. В. Гоголь, И. С. Тургенев, Салтыков-Щедрин, И. А. Крылов, Н. Грибоедов, А. П. Чехов, А. М. Горький жасаған көркем бейнелер, афоризмдер, нақыл сөздер, қанатты сөздер молынан кездеседі. Көсем бұларды тіліне тиек ете отырып, революция мен жұмысшы табының жауларын аямай соғып отырған. Мәселен Щедрин жасаған жексұрын бейненің бірі — Иудушканың сатқын Троцкийді әшкерелеуге, «дана сынған шабақтардың» (премудрые пескари) халықшылдар, эсерлер, меньшевиктерді масқаралауға септігін тигізгенін білеміз. Ленин шығармаларынан Гогольдің талай «держимордалары» мен «маниловшыл» қиялкештерін табамыз. Көсем көрегендігінен А. П. Чеховтың «Құндақты адамдарын» да танымыз.

И. А. Крылов мысалдары мен Грибоедовтың «Ақылдың азабы» комедиясынан алынған «Ал төрешілер кімдер?» («А судьи кто?»), «Кещенің төрелігін тыңдар болсаң» («Услышишь суд глупца»), «Көрмес, пілді де көрмес» («Не приметить слона»), «Мысықтан күшті аң жоқ» («Сильнее кошки зверя нет»), «Көкек қоразды мақтайды» («Кукушка хвалит петуха») тәрізді т. б. нақыл сөздер В. И. Лениннің қолдануында мүлде жанданып, қазір мақал, мәтел сияқты ел арасына кеңінен таралып кетті.

Ленин еңбектерінде донкихоттық, геростраттық әуре-сарсаң, кирр жеңісі, прокруст аясы, Ахилесс өкшесі, Хеопс пирамидасы т. б. тарихи адамдар мен мифтік геройлар есіміне байланысты туған тіркестер де шебер роль ойнайды. Сағындықов осы аталған афоризмдер, нақыл сөздер, көркем бейнелер мен қанатты сөздерді логикалық мәнін, формасын сақтап дәл аудару керек деп кесіп айтады. Кезінде бұлардың мағыналық мәнін беруге тырысушылық та болды. Соның нәтижесінде қазақ оқырмандарының талай «тұмсық бұзарлармен» (держиморда), талай «қиялшылдармен» (маниловщина), талай «қожанасырлық» (донкихотство) істеушілермен таныс болғаны мәлім. Аударма ісіндегі осындай олақтықтардың себебін айқындай отырып, Сағындықов түрлі афоризмдердің, қанатты сөздердің, әдеби бейнелердің, нақыл сөздердің қазақ тіліне берілу тарихын шолады. Сөйтіп мұндай категорияларды аударуды тарихи және мифтік есімдерді сақтаудың ерекше мәні бар екенін тәжірибе жүзінде дәлел-

дейді. Аударманы бұлай қарастыру ғылыми дәлдікке апарады, әрі ана тіліміздің сөздік қорын жаңа фразеологиялық тіркестермен байытады деп түсіндіреді.

В. И. Ленин еңбектерінде идиомдар да көп кездеседі. Сағындықов жолдас идиомдарды бөліп алып, бөлек категория есебінде қарастырған. Ең алдымен, терминнің өзі жайында бірер сөз. Зерттеуші идиомдарды лингвистикалық терминологияда қалыптасқан ұғым тұрғысынан ұққан. Оларды не идиом деп, немесе тілші ғалымдар қолданып жүрген термин бойынша фразеологиялық түйдектер (тұтастықтар фразеологические срращения) ретінде қарастырады. Фразеологиялық түйдектердің өзіне ғана тән ерекшеліктерін дәл танып, екінші тілге аударғанда осы қасиеттерге ерекше көңіл бөлудің қажет екенін айтады. Идиомдарды аудару мәселесіне келгенде, Сағындықов өзінен бұрын пікір айтқан ғалымдардан, өз тұтастарынан әрі кете алмаған. Ол да идиомдардың әлгі негізгі қасиеттерін аударуға тосқауыл болатын кедергілер ретінде таниды. Сондықтан «точный перевод их на казахский язык с сохранением значений лексических составных частей невозможен»,— деп үзілді-кесілді тұжырым жасайды. Өйткені бұларды бір кездегідей сөзбе-сөз аударатын болсақ *держать нос по ветру* дегеніңіз «мұрнын желге тосу» боп, *насолить* дегеніңіз «тұз себу» (*он мне насолил* — «ол маған тұз септі») боп шыға келер еді. Зерттеушінің пікірінше, бұл шынында да, бір жағынан түп нұсқаны бұзу болса, екінші жағынан ана тілінің грам-

матикалық нормаларын, ежелден қалыптасқан ережелерін тәлкек ету деген сөз. Бірақ, ол идиомдарды мүлде беруге болмайды деп түңілмейді. Мұндай ауыспалы мағынадағы тіркестерді, яғни идиомдарды қазақ тіліне аударуға әбден болады деп есептейді. Оның ойынша қай халықтың болмасын, белгілі бір зат, не құбылыс жайындағы түсінігі бірдей, тек тілі басқа. Ендеше мұндай жағдайда белгілі бір ұғымды беруге септік жасап тұрған жеке сөздерді аударуға тырыспай, сол компоненттер жеткізіп тұрған ойды жеткізу қажет. Сағындықов жоғарыдағыдай идиомдардың қазақ тілінде сәйкес келетін баламаларын іздейді. Мәселен ол **братъ быка за рога** дегенді *тоқ етерін айту* немесе *«түйінді жерін табу* деп, **вывести на чистую воду** дегенді *бет пердесін ашу* немесе *ашкерелеу* деп, **вариться в собственном соку** дегенді *өзімен өзі болу* деп, **дело в шляпе** дегенді *іс бітті* не *іс оңға басты* деп, **ставить палку в колесо** дегенді *тосқауыл жасау* немесе *кесе көлденең келу* деп алғанды дұрыс деп есептейді. Ал жоғарыда келтірілген **держать нос по ветру** — *аңысын аңду* болуға тиіс.

Ленин шығармаларындағы идиомдардың берілу сапасын саралай отырып, аудармашылардың әр қилы тәсілдерге барғанын аңғартады, жіберілген қателер мен жөн-жосықтарды жіктейді. Реттіретсізін көрсетіп, идиомдарды қазақ тіліне берудің барынша ғылыми дәл жолдарын көрсетуге тырысады. Сонда Сағындықов пайымдауларынан, негізінен мынадай екі түрлі жағдайды байқаймыз. Идиомдардың, біріншіден, қазақ тіліндегі

баламасын табуға болады екен. Жоғарыдағы мысалдардан көргеніміздей бұлардың бәрі де түп нұсқадағы идиомдардың мағынасын дәл беріп тұр. Екіншіден орыс тіліндегі тұрақты фразеологиялық тіркестердің (автордың қолдануы бойынша — А. Ө.) біразын қазақ тіліне аударғанда барлық жағынан дәлме-дәл, эквивалентті болып келеді. Бұларды кейде я аударма деп, я төл тіркес деп ашып айту қиынға соғады. Сағындықов берген мысалды түгел келтіреміз: **Беречь как зеницу ока** — «көздің қарашығындай сақтау»; **в мутной воде рыбу ловить** — «лай судан балық аулау»; **в прятки играть** — «жасырынбақ ойнау»; **волк в овечьей шкуре** — «қой терісін жамылған қасқыр»; **волосы встают дыбом** — «төбе шашы тік тұрады»; **как небо от земли** — «аспан мен жердей» немесе **көк пен жердей**; **черепашьим шагом** — «тасбақа аяң» т. б.

Кейбір лингвист-ғалымдар идиомдарды бір тілден екінші тілге аударуға мүлде болмайды деп кесіп айтады. Осы мәселені Сағындықов «**вот где зарыта собака**» деген идиомның төңірегінде туған тартысқа байланысты біраз өрбіте түскен. Бұл идиома қазақ тілінде екі түрлі вариантта берілген. Бірі, мағыналық аударма — «Істің мәні міне осында»; екіншісі сөзбе-сөз аударма — «Иттің көмілген жері осы». Қ. Шәріпов т. б. кейбір жолдастар мұның алғашқысын қолдайды. Олардың сүйенетіні идиомдарды басқа тілге аударуға мүлде болмайды дейтін тілшілер қағидасы. Ал дәл аударманы жақтайтындар мынадай деректерге сүйенеді: Неміс тілінен бұл идиоманың барлық

лексикалық құрамы түгел аударылып алынған, сондықтан оны дәл осылай қазақ тіліне аударуға болады дейді. Осындай екі ұдай талас шкірді қатар алып келгенмен, Сағындықов бұл жайында өзінің нақты пікірін шешіп айтпайды. Көпшіліктің үлесіне қалдырады. Осының өзі-ақ аудармадағы идиома проблемасының қаншалықты қиындығы барын байқатса керек. Ал біз бұл мәселе турасындағы ойларымызды әзір айтуға асықпаймыз. Өйткені, алда әлі талай ғалымдар пікірі тоқайласатын болғандықтан, солардың тұжырымдарын түгел сарапқа салып, талдаған соң ғана, біраз мәселе айқындалмақ. Сондықтан, әзірге бұл мәселені сол ғалымдар талқысына сала тұрамыз.

Сағындықовтың ендігі бір толығырақ тоқталған мәселесі мақал-мәтел проблемасы. Бұларды аударуда қатаң талап қойылады. Бір қарағанда мақал-мәтел аударуға көнбіс. Сол көнбістік бұлжытпай орындалуға тиісті көптеген талап-тілектерді алға тартқан. Бірқатар талаптар мыналар—мағыналық дәлдік, образдылық, ауыспалы мағыналы, әсерлі, әрі ұйқасты болу т. б. Тәжірибесіздіктен кеткен олқылықтардың екі түрі мынадай: орыс мақал-мәтелдері ретті-ретсіз жерінде де қазақ мақалдарымен алмастырылған, немесе сөзбе-сөз аударма тәсілі қолданылған. Мұның қай-қайсысы болса да жоғарыдағы талаптар талғамына жарамайтыны белгілі. Дегенмен көптеген жылдар жемісі Ленин қолданған мақал-мәтелдерді аударудың нәтижелі жолдарын жинақтаған. Қазақ аудармашыларына тамаша үлгі болған Лениннің өз аудармалары, яғни шет тіл мақал-мәтелде-

рін орыс тіліне аударудағы көсем қолданған принциптер. Сол принциптерді егжей-тегжейімен қарастыра отырып, Қ. Сағындықов екі түрлі жайды ерекше атайды. Оның бірі мақал-мәтелдерді құрамындағы барлық сөздерімен түгел, дәл аудару. Мысалы, **Хорошо смеется тот, кто смеется последним, Кто желает знать врага, тот должен побывать во вражеской стране, Обещания, что корка от пирога: их на то и пекут, чтобы ломать потом** дегендер француз, неміс, ағылшын мақалдарынан аударылған. Мұнда түп нұсқаның бар компоненттері сақталып отыр.

Екіншіден, В. И. Ленин мағыналық аудармаға да барған. Мақалдың мағыналық дәлдігін беруге мүмкін болса, онда түп нұсқаның формасы мен образдылығын сақтап жатпай-ақ, соған сай келетін орыс мақалын алып отырған. Мысалы, «Свой своему поневоле брат» деген осыны аңғартады.

Өздерінің аудару принциптерін осы бағытта ұйымдастырған ЦК КПСС жанындағы Марксизм-ленинизм институты қазақ филиалының мақал-мәтелдерді қазақ тілінде беруде қолданған тәсілдерін Сағындықов мынадай үш топқа бөліп қарайды. Орыс тіліндегі қалпынша береміз.

1. Точный перевод пословицы с сохранением вещественно-образного значения слов и соблюдением ее характера и афористичности. Былайша айтқанда, бұл тәсіл бойынша аударылған мақал-мәтел мазмұны жағынан да, түрі жағынан да түп нұсқаға дөп келетін, сонымен бірге ана тілінің өзіне тән қағидаларына сыйымды, лайықты бо-

луы тиіс. Осындай тәсілмен аударылып, тілімізде орныға бастаған, тіпті төл мақал-мәтелдерден айырғысыз көптеген мысалдар келтіріледі. Мысалы: *қасқырдан қорыққан тоғай араламас; достық өз жөнімен, қызмет өз жөнімен; от болмаса түтін болмас; қасқыр да тоқ, қой да аман; еңбек етпеген ішін, жемейді; тәтті өтіріктен, ащы шындық жақсы; аз болса да, жақсы болсын; қойға шапқан батырың, батырды көрсе қой болар; бетің қисық болса, айнаға өкпелеме; аңшы алдынан аң жортар (на ловца и зверь бежит); жылтырағанның бәрі алтын емес; ұнтақталса — ұн болар; балықшы балықшыны алыстан көреді; аштың жайын тоқ білмес; соң күлген жақсы күлер; жақсы даудан, жаман бітім артық (худой мир лучше доброй ссоры); әркім ауырған жерін сөз қылар т. б.*

Шынында бұл аударылған мақал-мәтелдердің ешбір бөтендігі жоқ. Жұрттың бөріне түсінікті байырғы нақылдар сияқты. Ана тіліміздің заңдылығы да мүлтіксіз сақталған. Ал түп нұсқамен салыстырып қарасаңыз, оның да бар қасиеті түгелімен қамтылған. Тіліміздің бейнелеуіш құралдар құрамын байытқан мұндай мақал-мәтелдер жүздеп саналады.

2. Передача русских пословиц и поговорок с известным видоизменением отдельных составных частей словесной формулы подлинника. Бұл формулировкамы біздіңше былай түсіну қажет. Тіл-тілдегі мақал-мәтелдердің бәрі бірдей аудару кезінде әлгіндей тәсілге көне бермейтіні белгілі. Сондықтан аудармашыларға әр қилы тәсілдерге

баруға тура келеді. Кейде кейбір сөздерді амалсыз өзгертіп, түп нұсқадан сәл де болса алшақ кететін жайды көресіз. Яғни, түп нұсқадағы мақал-мәтел жасап тұрған компоненттердің бәрін бірдей грамматикалық формаларымен қазақ тіліне беру мүмкін емес. Осындай объективті себептерді байқағандықтан да Сағындықов екінші тәсілді мақұлдайды. Егер бұл тәсілді қандай жағдайда қолдану керек дегенді зерттеушінің өз сөзімен айтар болсақ, былай болып шығар еді. Түп нұсқаның морфологиялық қасиетін түгел бере алмайтын жағдайда және дәл аударғанда әсерлі, ауыспалы, астарлы мағынасы сақталмайтын жағдайда осы тәсілге баруды жөн деп есептейді. Мұның салдарынан қазақтың төл мақал-мәтелінен өзгешелеу, бірақ табиғаты және айтылуы, естілуі тұрғысынан соларға жақын аудармаға ие боламыз. Берілген мына мысалдарға назар аударыңыз: *ауыр жүкке жегілме, жегілсең — егілме* («взялся за гуж—не говори, что не дюж») немесе *жүк көтерсең — ауыр деме; өткелін білмей су кешпе* («не спросясь броду, не суйся в воду»); *біреу орман паналайды, біреу отын арқалайды* («кто в лес, кто по дрова»); *талабы зор-ақ, тағдыры дозақ* («охота смертная, да участь горькая») немесе *талабы зор, ақыры сор; шындық әрқашан да жеңеді* («правда всегда берет вверх»); *ауру бастың сақинасын сау басқа телу* («с больной головы на здоровую»); *әлдеқайдан жаңғырық, білмей қалды аңырып* («слышал звон, да не знает, где он»); *қорқынышты түс болса да, рақымшы құдай бар* («страшен сон, да милостив бог»); *орман-*

ға кірген сайын, отынға молығасын («чем дальше в лес, тем больше дров») т. б. Мысалдарға қарап отырсаңыз аздаған өзгерістің өзі байқалмайды. Әдетте оқушы өзіне түсініксіз нәрсені іздестіреді емес пе? Мына мақалдар оқушы көңіліне күдік те туғызбайды. Тек түп нұсқа мен аударманы қадағалап қараған адам ғана аздап таңданар еді. Онда да аудармадағы ауытқушылыққа емес, аудармашының шеберлігіне. Мақал-мәтел компоненттерінің кейбірі қазақ тіліне түп нұсқадағыдай түрде жеткізілмегенмен, олардың берер мағынасы және сол мағына арқылы алынатын әсер ешбір кемімеген. Қайта қазақ тілінің ерекшеліктеріне тән заңдылықтарға сай құлпырып тұр. Түп нұсқа мен аударманы салыстыра отырып, зерттеушінің тұжырымдарына қосыласыз. Яғни қазақ тілінің заңдылықтарына сай осындай «орынды өзгертулердің» нәтижесінде түп нұсқа мазмұны толық танылумен қабат, оның оқырмандарға түсініктілігі қамтамасыз етіледі.

Осы тұста мына бір жайды ескерте кеткіміз келеді. Сағындықов мақал-мәтелдердің аудармасын соншама зеректікпен талдайды. Екі тілдің де сырын, табиғи заңдылықтары мен мүмкіндіктерін өте жақсы меңгере білген зерттеуші зерделі ойлар толғайды. Міне сондықтан да қазақ филология ғылымында тұрақты тіркестер түрінің аудармасын тұңғыш талдап, түбегейлі тексеру жүргізген автордың еңбегі ерекше. Оның зерттеу тәсілінің өзі кісі қызығарлық. Мәселен мына бір мысалды талдауын барлайық. Үлкен істің үлкенді-кішілі жетістігі, үлкенді-кішілі кемшілігі де

жетерлік болады ғой. Сағындықов Ленин еңбектерін аударуда жіберілген кемшіліктердің сырына үңіледі. Оларға уақытына сай объективті баға береді. Жоғарыдағыдай нәтижелі тәсілдер табылғанға дейінгі сұрлеу жолдардың соқпақты, тастақтысын таратып, солардың табиғатын танытарлық дәйекті пікір қозғайды. *Взялся за гуж — не говори, что не дюж* деген мақалды *жүк көтерген екенсің, шамасызбын деме* деп аударуға болар еді. Мұндай жағдайда түп нұсқа компоненттері түгел беріледі. Бірақ мақал өзінің негізгі қасиеттерінен: әсерлі, ұйқасты, ырғақты түрінен жұрдай. «Жүк көтерген екенсің шамасызбын деме» деген мақал емес, кәдімгі бұйрықты сөйлем. Ал *Ауыр жүкке жегілме, жегілсең — егілме* дегенде мақалдың ұйқастық әуеніне дейін сақталады. Орысшасында: «за гуж» — «не дюж» деп келсе, қазақшасында «жегілме» — «егілме» болып ұйқасады.

Осы мақал бір кезде «*Қолыңмен істегеніңді, мойныңмен көтер*» деп те аударылған («то, что сделал руками, подними плечами», буквально: «подними шей»). Бұл вариант орыс мақалының мәнін бере алмайды. Өйткені мақал «егер сен бір нәрсеге ұрынсаң, жауап беруден қашпа, тиісті жазаңды алуың керек» деген мағынаны білдіретін қазақтың өз мақалы. Ал түп нұсқадағы мақал мүлде басқа мағынаны меңзейді. Сағындықовтың дәлелдемелерін өз сөзімізбен баяндап отырмыз. Осы сияқты көптеген мысалдарды алып, кеткен кемістіктің себебін дәл табады: Аударманың әр түрлі варианттарын қарасты-

рып, дұрыс-бұрыстығын ғылыми дәйектілікпен көрсетуге тырысады. Кейбір талдауларына дау да айтқымыз келеді. Мәселен «*на воре шапка горит*» дегеннің «*ұрының бөркі жанды*» және «*сезікті секірет*» дейтін екі вариантын алады да біріншісін мүлде жоққа шығарады. Мұнда ешқандай ауыспалы мағына жоқ деуіне әбден қосыламыз. «Сезікті секірет» дейтін қазақ мәтелі түп нұсқаның мағынасын дәл береді деп соны мақұлдайды. Әрине басқа ешбір амал қалмаса осылай берген дұрыс болар еді. Біздің одан да басқа мүмкіндігіміз бар емес пе. Мысалы «*Ұрының бөркі қызыл*» десек ауыспалы мағына да сезіліп, *шапка гориттің* ажарын аңғартып тұрған жоқ па?

3. Использование в переводе равнозначных казахских пословиц и поговорок. Жалпы бұл тәсіл де қай халықта болмасын қолданылып жүр. Тіпті кейде осы әдіспен берілген мақал-мәтелдерді бірінші тәсіл арқылы аударылған мақал-мәтелдерден ажыратып алу қиынға соғады. Сағындықов бұл үшінші тәсілді түп нұсқаның әсерлілігі, өсем ұйқасы, ауыспалы мағынасы мен сөйлеу тіліне тән өте түсініктілігі сақталмаған жағдайда қолдануды жөн дейді. Осы айтылғанның бәрі қазақ тіліндегі мақалдармен жеткізіліп тұрса, оларды аударудың қажеті қанша. Аудару деген осы емес пе. Аударғанда қойылатын талаптың да түрі әлгі айтылып отырған нәрселер болғандықтан мұны ерекше категория етудің қажеті бола қояр ма екен. Зерттеушінің бұл тұста қоятын талабының бірі алмастырылған мақалдың ұлттық иісінің болмауы. Яғни ол мақал-мәтел қазақ хал-

қының ғана тарихы мен тұрмыс күйіне тән пайда болған нақыл болып жүрмесін дейді. Әбден дұрыс. Бірақ мәселенің бір жағын қозғаған соң, екінші жағын неге ұмытамыз. Дәл осындай мақал-мәтелдер орыс халқында да толып жатыр. Орыс халқының өз табиғатын, ерекшелігін танытатын талай мақал-мәтелдер бар, оларды қайтесіміз. Аударамыз ба, жоқ әлде түсініктеме беріп тынамыз ба? Мәселенің қиын тұстарына келгенде тереңдемей тайсала беретін жері де жеткілікті. Мұнда келтірілген мысалдардың бәрі де дау тұғызбайды. Солай екені солай. Түп нұсқаны дәл беретін төл мақал-мәтелдеріміз толып жатыр. Осының сыры неде? Автор бұған да бойламайды. Оның мәнісін біз бұл еңбектің баяндама есебінде өзірленген шағын зерттеу болғандығынан деп білеміз. Сағындықов бұл мәселемен анда-санда ғана емес, тиянақты шұғылданып жүргендіктен шешуін, себебін тілейтін осындай кейбір мәселелердің сырына үңілуі керек деп те ойлаймыз.

Ал үшінші тәсіл бойынша берілуге тиісті мақал-мәтелдер екі топқа бөлінген. Бірі — мағынасы мен түрі бара-бар келетін: *друзья познаются в беде — достың достығы басыңа іс түскенде танылар; дурной пример заразителен — жаман әдет жұққыш келеді; утопающий хватается за соломинку — суға кеткен тал қармайды; что посеешь, то и пожнешь — не ексең, соны орасың; поспешишь — людей насмешишь* — асыққан қалар ұятқа деген сияқты мақал-мәтелдер. Екіншісі — түрі тура келмегенмен, мағынасы дөп шығып

жататын мақал-мәтелдер. Мысалы: **кошқу бьют, невестке наветки дают — қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда; куда ни кинь — все клин — жапалақты таспен ұрсаң да, тасты жапалақпен ұрсаң да жапалақ өледі; провалиться в тартарары — жер жұту т. б.**

Сағындықовтың пайымдаулары, ғылыми дәлелдері осы тәрізді. Аудармашылар және аударма теориясымен шұғылданушылар мұнда айтылған пікірлермен жете таныс болуы тиіс. Өйткені аударманың қиын проблемаларының бірі тұрақты тіркестердің тілден-тілге берілудегі табиғатын зерттеп, тұңғыш ой толғағандар көп емес. Бұл тәрізді күрделі мәселенің шешімі қалай табылатыны осы еңбекте аз да болса баян етіледі.

Біз осы тараудың басында мақал-мәтелдер аудармасын тексерген біраз зерттеушіні атап өткен едік. Солардың бірі белгілі ғалым Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі М. Қ. Қаратаев болатын. Жалпы Қазақстан бойынша аударма мәселелері жөнінде келелі ой толғап, кесек пікір айтқан кісі көп емес. Осы деңгейден қарасақ, М. Қаратаевтың көркем аударма проблемаларына байланысты жазған сын-зерттеу мақалалары алдымен көзге түседі. Республикамызда көркем аударманың маңызын, мәнін, оның ерекшеліктерін жете түсініп, сауатты, салиқалы пікір айтушының бірі де М. Қаратаев. Аударманың әр түрлі мәселелеріне арналып жазылған еңбектерді түгел талдап жатпай-ақ, біз бұл жолы ғалымның тұрақты тіркестер төңірегінде айтқан ойларын қарастырамыз.

Проф. Қаратаев «Тынық Донның» қазақшаға аударылуы және көркем аударманың кейбір мәселелері»⁵⁵ деген мақаласында тіл проблемасының, соның ішінде «орыс тілінде де бар, бейтарап идиома деп аталатындардың қалай шешілгенін сөз етеді. Автор тұрақты тіркестер түрін талдап жатпайды. Термин қолдану жағынан ауытқитын жерлері де бар. Жалпы идиом атаулының екі түрін бөліп алып, солардың аударылғыштық қасиетін тексереді. Бейтарап идиомдар және «ұлттық өз бояуы, ерекшелігі бар идиомдар». Зерттеушінің пікірі бойынша бұлардың алғашқыларын «дәлме-дәл, тіпті сөзбе-сөз дерліктей етіп аударуға мүмкіндік бар». «Мысалы: **И волки сыты, и овцы целы — қасқыр да тоқ, қой да аман. Чем богаты, тем и рады — барымен базар** деген сияқтылар. Ал ұлттық ерекшелігі бар идиомдарды дәл бұлай аударуға болмайды. Сөзбе-сөз аударғанда түп нұсқа мағынасын беру мүмкін емес. Өз пікірлерін өзге ел ғалымдарының пікірлерімен тиянақтайды. Мәселен, азербайжан ғалымы Д. Азимовтың да осыны қолдайтынын айтады. Мұндай идиомдарды аударуға болмайтындықтан, олардың тек қана баламасын іздестіру қажет деп біледі. Ондай баламалардың түрлері мынадай: **мать ее кури-**

⁵⁵ М. Қ а р а т а е в. Туған әдебиет туралы ойлар. Алматы, 1958, 327—357-беттер; Материалы регионального совещания по переводу литературы с русского языка на языки народов Средней Азии, Казахстана и Азербайджана. Алма-Ата, 1960; «Перевод «Тихого Дона» на казахский язык и некоторые вопросы художественного перевода». Алма-Ата, 1960, стр. 100—127.

ца — ой енесі байтал, чума его знает — қырғын тигірді кім білсін, туда и дорога — барсын барар жеріне, земля пухом — топырағы торқа болсын, царство ему небесное — жаны жәннатте болғыр, аж чорт их хмылем візьме — қағар олардың сайтанын, туды же его в перемет — қара басқыр антұрған, наведут ухлат — сазайларын тарттырар, а какой мерой меряете, тою и воздается — кісіге не істесең, алдыңа сол келер т. б.

Аударма кезінде ауыз әдебиетінің сөз орамдары да творчестволықпен пайдалануға болатыны әңгімеленеді. Мәселен, *алабұға, ақ қайран, қармағыма қап қайран — ловись, ловись рыбка, большая и малая* — дегеннің мағынасын шынында да тамаша береді. Мынау аталған балықтарды түп нұсқадан іздеп әлек болғандарды сынайды.

Ал орыс тіліндегі идиомдарға сай балама қазақ тілінен табылмайтын жағдайда «Тынық Донды» аударушылар жаңа идиомдар мен мақалдар құрастыруға тырысқан. М. Қаратаев идиомдар проблемасын арнайы зерттеген. Оны тек аударма проблемаларының бірі ретінде жол-жөнекей сөз етеді. Бұл түсінікті де. Аудармада жазушының көркем бейнелеуіш құралдары қозғалмай тұрмайды. Сол себептен идиома аударма талдамасының логикалық жалғасы ретінде азғана тексерілсе де, ойға азық тастайды. Жоғарыда Сағындықов халықтар мақал-мәтелдерінің кейбірі неге біріне-бірі сай келеді деген мәселеге тереңдейді деген болатынбыз. Осы мәселенің сырына аз да болса М. Қаратаев үңіліп, толғамды пайымдаулардың басын бастаған тәрізді. Ол: «Барлық

халықтардың, соның ішінде орыс халқы мен қазақ халқының да ауыз әдебиетінде пікірлеу образдарына, суреттеудің поэтикалық құралдарына, халықтардың сан ғасырлар бойғы тәжірибесін, даналығын бейнелейтін мақалдар мен мәтелдерде бәріне ортақ, ұқсас, туыс жәйттер көп», — дейді. Бұдан біздің байқайтынымыз М. Қаратаев идиомдарды мүлде аударылмайтын категорияға жатқызбайды. Оларды бір тілден екінші тілге аударуға әбден болатынын «Тынық Донның» қазақша аудармасын тексеру арқылы дәлелдейді. Және аударманың әр қилы тәсілдерін көрсетеді. Халықтардың тарихына тереңірек үңілсек көптеген көрші елдің тіршілігі, болмысы, кәсібі ұқсас болғанын байқаймыз. Ұқсас тірлік, ортақ кәсіп әр тілде не түрлі асыл ұғымдарды, нақыл сөздерді дүниеге келтірген. Бұдан халықтар ой-пікірінің тең, деңгейлес екенін, қай-қайсысының болса да тілге шешен, ойға жүйрік екенін білеміз. Олай болса, қай халық жасаған ұғым болмасын, оларды бірінен-біріне аударуға әбден болады.

Көрші туысқан халықтарға қарағанда, бізде аударма мәселесінің зерттелу жайы онша мақтарлық емес. Ал оның жекелеген проблемаларына келгенде жағдай мүлде төмен болатын. Мәселен осы біз объект етіп отырған көркем әдебиеттегі тұрақты тіркестердің екінші тілде берілу жайы арнайы тексерілмеген сала. Көрші отырған туыс халықтарда аударма проблемаларын сала-салаға бөліп, жан-жақты терең талдауға кіріскенін жоғарыда жасалған сілтемелерден байқайсыздар. Әрине біз бұл салада арнайы еңбек жазып,

өзінің күллі өмірін аударма теориясын жасауға бағыштаған жолдастардың ісін жоққа шығара алмаймыз. Алайда бірді-екілі еңбекпен ғылым жасалмайтыны да белгілі. Жоспарлы түрде жұмыла кірісіп аударманың бар тармағын тарамдап талдағанда ғана, ғылыми ой-пікірлер дамып, ғылыми айтыс туғанда ғана ғылым болмақ.

Кейінгі жылдары біздің республикамызда да аударманың жеке салаларына арналған еңбектер, бірен-саран болса да, бой көрсете бастады. Солардың ішінен біздің тақырыбымызға тікелей қатыстысы жазушы Мұзафар Әлімбаевтың 1967 жылы басылып шыққан «Өрнекті сөз — ортақ қазына» деп аталатын кітабы. Бұл кітап ақынның көптен ізденіп, жинақтап жүрген еңбегінің нәтижесі. Кітап мақал-мәтелдердің көркем құрал ретіндегі ролі және оларды аударудың жолдарын қарастырады. Автор көптен практикалық жұмыстармен де шұғылданып жүр. Ол көптеген халықтың мақал-мәтелдерін аударып баспадан шығарған. Сөйтіп өзге ұлттың талай айшықты сөзін халқымыздың ортақ қазынасына айналдырған. Еңбекті түгел талдап жатудың бізге қажеті жоқ. Сондықтан «Аударма ағайындастырады» деген бесінші тарауға ғана кеңірек тоқталамыз. Алдымен автордың аударма жөніндегі түсінігіне зер салайық. Өйткені негізгі пікірлерге жол ашу үшін бұл өте қажет. Автор аударманың негізгі міндеті түп нұсқаның эмоциялық және эстетикалық ерекшеліктерін екінші тілде түгел мүсіндеу деп ұғады. Өз сөзімен айтсақ: «Өзге тіл табиғатында қызара бөртіп, қызу қанын сыртқа тепкен өмір тіршілігін

өшіріп алмай, тынысын тарылтпай, тамыр соғысын бәсеңдетпей, өз ана тілінің табиғатына аялап әкелу — көркем аударма дегеніміз міне осы!».

Яғни оның өзге жұрттан келгендігін оқушы аңдамасын... Біз автордың «түп нұсқаның ыстығын суытып алмай, суығын қыздырып жібермей, өз температурасын сақтап аудару — басты талаптың бірі» дегеніне әбден қосыламыз. Бірақ оны оқушыға байқатқысы келмей мүлде қазақыландырып жіберу ниетін жақтайтын тұстарын дұрыс дей алмаймыз. Өйткені аударма екені сезілмесе оның несі аударма. Ол ана тіліміздің топырағында туған төл туынды болады да шығады. Аударманың күллі қасиетінің өзі оның аударма екені білініп тұруында, яғни оқып отырған нәрсеңізге сүйсінер болсаңыз оның аударма екеніне, тамаша аударма екеніне сүйсінуіңіз хақ. Аударманың қасиеті сонда байқалмақ.

Автор мақал-мәтелдердің аудармасы жайында өте қызғылықты пайымдаулар түзген. Мұнда ең алдымен ажыратып алатын нәрсе, Әлімбаев белгілі бір көркем шығармаларда қолданылған нақыл сөздерді емес, әр халықта жеке-дара күйінде әжетке жарап жүрген мақал-мәтелдерді аудару мәселесін әңгімелейді. Мұның шынында өзгешелігі бар. Көркем шығармалардағы нақыл сөздерді аудару үшін, сонда баяндалатын оқиғаларды ескеру қажет. Ал әлі қолданысқа түспей жеке күйде тұрған мақал-мәтелдің сыры басқашарақ. Мұндағы сан түрлі астарлы ойды мақал-мәтелдің өз бойынан тауып, танып ашуға тура келеді. Әлімбаевтың аудармашы және зерттеуші ретіндегі бас-

қалардан өзгешелігі осынысында. Бұл процесс кезіндегі еңбектің ауыр-жеңілдігін ол былай түсіндіреді: «жеңілдігі — қол байлайтып контекске жалтақтағаным жоқ, ауырлығы — әр мақалдың дербес универсалдығын сақтау керек болды»⁵⁶.

Нақыл сөздерді аударуда ескеретін басты нәрсе ондағы ұлттық сипат жайы, әр халықтың өз мәнері болса керек. М. Әлімбаев та бұл мәселені ескермей кете алмаған. Міне осы ерекшеліктерді сақтауды ол жөн деп есептейді. Суармалы егісті, бау-бақшалы елдерде туған және таулы-тасты, теңіз аймақтарында, орман-тоғайлы өлкелерде өрбіген көптеген мақал-мәтелдерді аударғанда ұлттық өрнектерді әсте ұмытпау дұрыс. Сонда тіліміз бен әдебиетіміз жаңа мақалдармен байып қана қоймай, оның көркемдік өрнектері сұлулана түспек деп ақиқат тұжырым жасалады.

Автордың байқауынша мақал-мәтелдерде ұлттық оқшау бояулардан гөрі, барша халықтарға ортақ интернационалдық сипаттағы нақылдар басым көрінеді. Шынында да солай. Бұл да жоғарыда ескерткеніміздей халықтар тұрмысының, болмысының өте ұқсас екенін, соған орай олардың ақыл, ойлау, сезім дүниелерінің де бара-бар келетінін танытатын фактор.

Бұл жерде автормен аздап түсінісіп алатын да мәселе бар. Ол мақал-мәтелдердегі ұлттық өрнектерді әңгімелейді дедік. Жалпы аударма мәселесінде, қала берді мақал-мәтелдерді аудару

⁵⁶ М. Әлімбаев. Өрнекті сөз — ортақ қазына. Алматы, 1967.

кезіндегі ең қиын да күрделі процестің бірі осы ұлттық ерекшеліктерді қалай беруге байланысты болса керек. Мұның қиын мәселе екенін автордың қашқақтауынан да аңғарамыз. Ол сол ұлттық өрнек дегендерді аударудың жолдарын мүлде сөз етпейді. Оны сыйпай өтіп, «мұндай асыл сөздерді аударғанда сыртқы бояу — ұлттық нышан іздеп, түртініп, қарайламай, ойдың тереңдігіне, өрнекті сөз бедеріне баса көңіл бөл», — дейді. Біріншіден, ұлттық нышан дегенді «сыртқы бояу» деп қарау қате тұжырымға апаратын сияқты. Ұлттық өрнек деген халықтың қанына, сүйегіне сіңген асыл қасиеттерден туатын, болмыспен, тірлік дүниесімен біте қайнасқан бір тұтас нәрсе. Мақал-мәтелдердегі өзге халықтар мәдениетіне ең беріп, түрлендіруге септігін тигізер ұлттық нышандарды интернационалдық сипаттағы нақыл сөздерге қарсы қоюдың қажеті шамалы. Екіншіден, әрине кез-келген мақал-мәтелден ұлттық нышан іздеп «түртінудің» орны жоқ, ал бар нәрсені көрмеу тағы бекер. Үшіншіден «ойдың тереңдігіне, өрнекті сөз бедеріне баса көңіл бөлу» әбден керек нәрсе. Ондай қасиет ұлттық сипаттағы мақал-мәтелдерде де өте басым болатынын ескерген жөн.

Автор сәтті-сәтсіз аударылған көптеген мақал-мәтелдерді қарастырып біраз түйінді ойларға барған. Сол түйіндердің қайсыбірін тереңірек талдауға тура келеді. Бізде көп ретте негізгі мәселеге тікелей кіріспей орағытып жүріп алатын әдет бар. Сондай әдеттен кейде Әлімбаев та құтыла алмаған. Мәселен аударған адамның әдебиетші емес

екенін алдын ала айтып, оқушыны сендіруге тырысудың қаншалықты жөні бар. Сондықтан, ең алдымен, ол шығарманы кім аударса сол аударсын соны ғылыми байыптылықпен тексеріп, негізгі қағидаларға сай дәлелді пікір таратқан абзал. Аударма мәселесіндегі парасатты, мәдениетті сын дегенімізге сонда ғана жақындай түсеміз.

«Аударма — мамандық емес — өнер» деген тұжырымда автордың не айтқалы отырғанын әбден түсінеміз. Сонда да болса бұл «қағидаға» кеңірек түсінік берген дұрыс. Бұл мәселе төңірегінде көптеген білімпаздар әр қилы пікір айтқан. Оның көпшілігі қызу айтысқа да ұласқан. Олардың бәрін тізіп жатпай-ақ (әрине сол пікірлерді еске ала отырып) өз ойымызды білдірейік. Аударманың өнер екеніне дау жоқ. Сонымен бірге оның өнерге толы айрықша мамандық екенін де мойындау қажет. Оны сол өнерге дағдыланған, соны меңгерген білгір, маман адамдар ғана игере алмақ. Оған маманданбай аударма өнеріне ешкімнің тісі батпаса керек. Осыған қарағанда өнер мен мамандық деген ұғымдарды жарыстырмай-ақ, оларды бірімен бірін байланыстыра зерттеп, аударманың негізгі қасиеттері ретінде әңгімеленгені жөн.

Зерттеуші осындай бірнеше түйінді ойларын өрбіте келіп «әр халықтың айшықты сөздерінің кілтін тапса, қазақшаға аударылмайтыны кемдекем» — деп қорытынды жасаған. Сол кілт қалай табылмақ десек «гәп аудармашының білігі мен шеберлігінде» екен.

Ал мақал-мәтелдерді қалай аудару керек, оларды аударудың жолдары қайсы дегенге келсек, автордың ұстаған принциптерін былайша баяндауға болады. Ең әуелі ол мақал-мәтелдерді поэтикалық тұрғыдан алып қарастырған. Осыған сай оларды аударудың үш түрлі жолын саралап көрсетеді. Яғни мақал-мәтел негізгі ұйқастармен, ішкі ұйқастармен, ішкі үндестіктермен аударылуы тиіс. Осының үшеуінде де автор өз тәжірибесін және негізінен көркемдік кестені қалай сақтағанын баяндайды. Аударма мәселесімен автордың арнайы шұғылдануы ғылыми-зерттеу ісіне едәуір пайдасын тигізген. Шынында да мақал-мәтелдердің аудармасын қарастырушы адамға автор көрсетіп отырған өзгеше белгілерге мән бермей өтуге болмайды. Бұлар мақал-мәтелдің негізгі қасиеттері. Ендеше аударғанда сол негізгі қасиеттердің табиғатына үңілу әбден қажет. Зерттеуші бұл тұста мақал-мәтел жасайтын әсерлі ықпалды да талдауға тырысады. Мәселен аударма творчестволық өнер болғандықтан аудармашының тебіреніссіз, сезімсіз, толғанусыз еш нәрсе бітіре алмайтынын айтқанда еріксіз бас шұғылсыз. Шынында түйсіксіз еш тірлік бітпек емес. Ал мақал-мәтелді аударғанда аудармашы өзгеше толғаныста болуы шарт. Ондай толғануды мақал-мәтелдің өзі-ақ тудырады. Сол себепті автордың: «ақын өзінің төл туындысын жазарда қалай толғанса, аудармашы да халық даналығын — мақал-мәтелді, нақыл сөздерді өзге тілден ана тіліне аударарда солай шиыршық атып, шын тебіренуі парыз», — дегеніне қосылуға болады. Өз тәжі-

рибесінен туған мысалдармен әлгі пікірлерін дәлелдеп отырады. Көптеген мақал-мәтелдердің аудармасы өте ұтымды шыққан. Бұған себеп автордың ақындық алғырлығына байланысты ма дейміз. Ол ең алдымен қазақ мақал-мәтелдерінің, қазақ совет поэзиясының ең ақырында мейлінше бай ауыз әдебиет үлгілерінен алуан түрлі жол тауып, талғаммен пайдаланып отырған. «Күйе киімді жесе, күйік миыңды жейді» («моль одеждо ест, а печаль человека»), «солдат бізбен қырынады, түтінге де жылынады» («солдаты шилом бреются, солдаты дымом греются») деген мысалдар, өсіресе орыстың «Курица — не птица, лодырь не человек, болтун — не работник» деген мақалын аударудың техникасын баяндау өте нанымды. Дәл солай ұғынып, дәл солай аудару қажет сияқты: «Тауық — құс емес, жалқау — кісі емес, бос сөз — іс емес».

Міне осылай ұйқастарын аударғанда зерттеуші қазақ өлеңінің өзіне тән өлшеміне, табиғатына мейлінше көңіл бөлген. Өзге халықтың көптеген мақал-мәтелдерін осылай өлеңдік ұйқаспен әдемі аударуға болатынын автор тікелей өз тәжірибесімен дәлелдеген.

М. Өлімбаевтың екінші бір көңіл қойған мәселесі мақал-мәтелдердегі ішкі ұйқастың мәні. Бұл да нақыл сөздердегі қажетті белгілерден саналады. Мақал-мәтелдің мәнін, әсерлілігін айқындауда айрықша роль атқаратын да осы. Ішкі ұйқас поэтикалық аудармаға ғана емес, көркем шығарманың барлық түріне тән, әрі аса қажетті элемент.

Мұндай мақал-мәтелдер формасына қарай екі түрлі ыңғайда болады. Соңғы сөздері ұйқаспен келген мақалдарда және ұйқаспай жай сөйлем ретінде келген мақалдарда да ішкі ұйқас берік сақталады. Аудармашылардың мақал-мәтелдерді осындай формасын сақтап беруге мүмкіндігі мол. Осы типтес аудармалардың біразын қарап отырсақ, М. Әлімбаев аудармашылар назар аударатын біраз мәселені шешкен. Мәселен, бірнеше мысалды қарастырайық: «долг — это проклятие» («қарыз дегенше, қарғыс де»), «ум не от возраста, а от головы» («ақыл жас талғамайды, бас талғайды») дегендер, немесе азербайжан мақалын былай алуы: «сұрай-сұрай халықтан тау асарсың, сұрамасаң жарықта адасарсың», «күйеусіз сайқал — жүгенсіз байтал» т. б. қонымды. Бұларда мақалдың әрі аударма екенін, әрі өзіміздің төл дүниеміздей шыққанын байқаймыз.

Аударылған дүниенің аударма екені мүлде білінбеуі керек деген тұжырымына автор осындай мысалдармен өзі қарсы жауап береді.

Зерттеушінің бөліп айтқан үшінші мәселесіне біраз анықтамалар берген абзал сияқты. Мұнда ұйқас, ішкі ұйқас дегендерге үндестік деген сөзді термин ретінде жегіп, белгілі бір бөлек ұғым есебінде қарсы қояды да жеке-дара қарастырады. Жалпы бұлардың бәрі де біріне-бірі байланыспайтын жеке ұғымдар тобына жатпаса керек. Өйткені сол саздылық, үндестік дегендеріңіз әлгі айтқан ішкі ұйқас, ұйқастардың табиғатынан шығатын нәрсе. Тіпті мысал үшін басқа кітапты ақтар-

май-ақ автордың дәл осы пікірін дәлелдеу ретінде берілген мына бір мысалды қарайықшы:

Құлақтыға сөз айтсаң,
Құлағының астында.
Құлақсызға сөз айтсаң,
Құла қырдың астында.

Бұл қазақ фольклорынан алынған мысал. Мұнда ұйқас немесе ішкі ұйқас жоқ деп кім айта алады. Шалыс ұйқас дегеніңіз осы емес пе?

Басқа тілдердегі мақал-мәтелдердің көпшілігінен ассонанс пен аллитерация тәсілін қолдану арқылы беруге болатынын дәлелдеген автор мысалдарының сәттілері де көп. Осы тәсілмен аудару процесінің талдамасы талай аударушыға талшық боларлық, ой саларлық нәрселер. Мәселен Мұзафар «у хорошей головы — сто рук» деген малаял мақалын ассонанс тәртібімен үйлестіріп, «ақылды бастың алпыс қолы бар» деп береді. Бұл жерде түп нұсқаға «адалсынған» кейбір аудармашы сымақтар «жүз» бен «жақсыны» іздеп әуре болар еді. Мәселе қолдың санында емес, соның мәнінде екеніне мән бермес еді. «Умелому — везде место» деген азербайжан мақалының кейбір сөздерін алмастырған. Өйткені зерттеушінің дәлелдеуінше «везде место» дегенді қазақшалау үшін шынында да «қай жерде де орын көп» деп шұбатып алар едік. Сондықтан бұл жерде де ассонанс көмекке келген. «Өнерлінің — өрісі кең» деп біршама дұрыс шешім тапқан. Ал біздіңше, ақыры бұлай алған соң «өнерліге өріс көп» десе тіпті

жақындай түсер ме едік деп ойлаймыз. Осы іспетті көптеген талдамалар автордың мақал-мәтелдерді аудару техникасын едәуір меңгергенін және ғылыми топшылау жасауда зерделі зерттеушіге айнала бастағанын танытады. Ал енді ешбір ұйқасқа, үндестікке көнбейтін мақал-мәтелдерді ол амалсыз калька жолымен аударуды дұрыс көреді. Ондағы аудармашының ұстанатыны — мақалдың образдылығы мен мағынасы. Орыстың «единственный сын — отцу владыка» деген мақалын калькасыз беру қиын. Бұл ешқандай ассонанс, ешқандай аллитерацияға да сыймайды. Сондықтан «жалғыз ұл — әкесінің өміршісі» деу дұрыс та.

М. Әлімбаев кітабында «Балама табу — бағалы әдіс» деген тақырып төңірегінде де бірсыпыра қызықты пікір қозғайды. Мұнда ол қайсыбір халықтың тірлігіне, болмысына сай туып, қалыптасқан мақал-мәтелдердегі жеке сөздердің орнын ауыстыруға болады дегенді айтады. Мәселен, «либо корм жалеть, либо лошадь», «из родных мест и ворона приятна», «у хорошей головы сто рук», «шутка, зашедшая далеко, ведет к ссоре», «нет ума — не помогут и глаза», «лучше вражда с мудрецом, чем дружба с безумцем» және «когда император совершает ошибку, страдает народ» деген мақалдарды автор бір тезге салып, даулы-даусыз біраз түйін жасаған. «Балама табу — бағалы әдіс» екенінде дау жоқ. Ал табылған баламаның табиғатын тексеру де теріс емес. Осы берілген мысалдарды талдап қарасақ автордың талғамында талас тудыратын жайлар да жиі кездесетінін байқай-

мыз. Мысалы жоғарыдағы мақалдардан — «не жемді ая, не жиренді ая», «туған жердің торғайы да сүйкімді», «ақылды бастың алпыс қолы бар», «есермен достасқанша, естімен қастас» деген аудармаларды сәтті деп айтуға болар еді. Бұлар автордың өз пікірін дәлелдеп тұрған куәгер мақалдар: Қарғаның торғайға, жылқының — жиренге, жүздің — алпысқа айналуына ешқандай дау айта алмаймыз. Өйткені мұндай өзгерістен мақалдың мазмұнына, құрылысына, ауыспалы-әсерлі мағынасына келер нұқсан шамалы. Тіпті жоқ деп айтуға да болады.

Ал енді, «шутканың...» — «ұшқары әзіл ұрыншақ» болып кетуіне, «императордың...» — «хан қателесе — халықтың соры» болып кетуіне байланысты мынадай пікірді айтуға тиістіміз. Алдымен ескертіп алатын нәрсе, авторды арашалайтын бір жайдың бар екені. Ол — мақалдың ешбір автордың, ешбір шығармадағы кейіпкердің қолданысына түспей дербес тұрғандағы кейпінің сөз болуы. Сонда да болса мұндай мақалдардың аудармасы талданғанда зерттеушінің зердесінен тыс қалмауға тиісті мәселелердің бар екенін амалсыз ескертуге тура келеді. Біз о баста да ескерткен болатынбыз және кез келген көзі ашық оқырманның көкейіндегі нәрсе деп ойлаймыз. Мақал-мәтелдердің едәуір бөлегі белгілі бір халықтың саяси-әлеуметтік өміріне, тек сол халыққа ғана тән болмыс-тірлігіне байланысты белгілі бір географиялық шеңберде туып қалыптасқаны мәлім. Олай болса ондағы өлгіндей айырықша белгілерге өте бір ыждағатты ықтият сезіммен қараған абзал. Егер осы талапты

дұрыс деп есептесек, онда «императордың» — «хан» болып қазақшалануын құптай алмаймыз. Біріншіден «хан қателесе — халықтың соры» дейтін қазақтың өз мақалы бар. Сондықтан мұны аударма деп берудің реті жоқ. Екіншіден *император* мен *хан* сөзінің мағыналық шеңбері тең емес. Бұл екі сөздің екеуінде екі халықтың тарихи шындығына байланысты сіңген айырым мағыналары кімге болса да айқын көрінеді. Оны елемеу, оны ескермеу — аудармашының біліміне дақ түсіретін қылық. Әңгімеге арқау боп отырған мақал белгілі бір тарихи оқиғаға негізделген көркем шығармада қолданылған болса, онда мұны аудару күрделі проблемалардың бірі ретінде көлденең тартылар еді. Ендеше М. Әлімбаевтың аудармашы ғалымдарды толғандыратын күрделі мәселелерді талдауға келгенде, жалтара жол тауып, жанамалап кететінін байқаймыз. Осы тәрізді «Ұшқары әзіл ұрыншақ» дегенді біз автордың өзі айтқандай «Зергердің қашауы мен қырнауынан» өткен мақал деп тани алмаймыз. Қайта мұны өзімізде бұрыннан бар — «Әзіл түбі зіл» деген баламамен берсе қайтер еді.

«Көңіл соқыр болса, көзге не амал» дегенді автор «нет ума — не помогут и глаза» деген мақалдың баламасы ретінде берген. Мұны аударғанда да ол дұрыс бағытты байқайды да, барар жерін бағдарлай алмай қалған. Егер «көкірегің көр болса, құр көзіңнен пайда жоқ» десе де, біршамаға келер ме еді деп ойлаймыз.

Біздің топшылауымызша автор келтірген мына бір қағиданың қажеті жоқ еді. Сөзбе-сөз келті-

рейік: «Аударылатын шығарманың рухына жақындай түсуі үшін, түп нұсқадан алыстай түсу керек» дейтін қағиданың дұрыстығына мақал-мәтелдерді аударғанда да көзіміз жетті». Оның бұлай дейтін себебі — «өзге тіл тұтқынында» қалмай, «туған тіл теңізі айдынында еркін жүзу». Ал сол туған тіл теңізін шарлататын не және не үшін шарлайсыз? Өзге тіл құдіретін білдіретін элементтерді өз тіліңнен табу үшін шарлайсыз. Сонда негізгі мақсат тұтқында болу емес, бұлай тілді бебезудің қисыны жоқ, мақалдың мәнін-мағынасын, ондағы сиқырлы бейнелеу тәсілдерін ана тіліне барынша дәл, барынша адал жеткізу мақсат.

Мұнда кісі аттары кездесетін мақал-мәтелдерді аудару мәселесі де сөз болады. Автор кісі аттарын түп нұсқадағы күйінше алмай қазақыландырып, яғни ана тілде бар есімдермен ауыстырып алған жөн деп кесіп айтқан. Әркім өз пікірін өрбітуге хақы бар. Бірақ зерттеуші болған соң өзге пікірлердің де төркінін баққан жөн. Кісі аттарын аудару-аудармау жөнінде С. Талжанов, Ә. Сатыбалдиев сияқты ғалымдардың дәйекті пікірлері бар. Олар кісі аттарын өзгертпеу керек дегенді айтады. Аударма тарихы беттерін ақтарыңқырап қарасақ, бір кездерде ондай есімдердің неше түрлі Аллаберді, Қарынбай, Қайырғали боп берілгенін білеміз. Собакевичтердің — Итбаевтар болып, Ноздревтардың — Тұмсықовтар боп берілгенін қазір күле қарап оқимыз. Бұлар әрбір кезеңнің өз белгілері. Енді оған қайта оралу аударма мәдениетін кері кетіру боп саналмақ. Платон мен Лұқпан хакімді қалайша айыра алмаймыз. Сол Платонды бұрын-

ғыша Аплатон дейтін болсақ, ұшы-қиырына жетпейтін былыққа еніп кетер едік.

Әйтсе де, бұл жерде де сол есімдердің табиғатын ажырату қажет. Яғни туыс тілдер мен туыс емес тілдер кісі аттарының аударылғыштығы екі түрлі. Туыс емес тілдердегі кісі аттарын аударуға болмайды, оларды сол күйінде алу қажет. Әйтпесе ұлттық ерекшелік дегеніміздің ең басты белгілерін жойып аламыз: Ал тұрмысы, тірлігі бір, тілі туыс түркі сияқты халықтардың туындыларын бірінен-біріне аударғанда кейбір фонетикалық өзгешеліктерді ескермеуге де болатын тәрізді. Біз кісі аттарына байланысты айтып отырмыз. Оның себебі көптеген кісі аттары белгілі бір мағынаға ие. Әр тілдегі ондай кісі аттары сол тілдің фонетикалық тонын киеді. Сол есімдерді сол күйінде алатын болсақ еріксіз езу тартқызатын күйге ұшыраймыз. Оқушы бөріне түсініп отырса да, тілі тұтқырланып, шығарманың оқылуы қиындамақ. Сондықтан ондай есімдердің әлгіндей дыбыстық жабдықталуын аударылатын тілдің табиғатына сай берген абзал ма дейміз. Мысалы, қырғыздарда Құлкиши деген есім бар. Мұндай есімдерді сол күйінде алсақ түп нұсқаға да, аудармаға да нұсқан келтірер едік. Түп нұсқаға дейтін себебіміз қазақ оқырманы Құлкишині өмірі бұлай оқымайды. Ол Құлкісі деп оқиды. Сондықтан мұндай мағыналық өңі екі тілге де бірдей кісі аттарын аударылатын тілдің заңдылықтарына орай берген жөн сияқты.

Зерттеушінің тағы бір көңіл қойған мәселесі — аударма кезінде сөз үнемдеудің түрлері. Қай тілден қандай тілге аударсаңыз да сөйлемнің көлемі

кейде ұлғайып, кейде тарылып отыратынын байқаймыз. Тілдердің өзіндік заңдылықтарына тереңірек бойлай білмеген кейбіреулер, әлгіндей құбылысқа қарап, тілдерді бай, не кедей деп бөлуге тырысады. Мәселенің байыбына бармай беделді байлам жасау зерттеушілік қасиет емес. Белгілі бір ұғымды берудегі тілдік құралдың я көп, я аздығына қарап әрбір тілдің ең алдымен өзіне ғана тән өзгешеліктерін, заңдылықтарын танимыз, Сол тілдегі сөздердің өзара байланысу, тіркесу қабілетін барлаймыз. Осыларды түбегейлі танып, білгеннен кейін ғана аудармаға баға беруге тырысамыз. Жоғарыдағы тасулық пен тарылу төңірегінде неше түрлі талас пікірлер болған, болып келеді және әлі бола бермек деп ойлаймыз. Өйткені тілдің табиғаты өте қызық құбылмалы, дамымалы болып келеді. Аударма процесі тұсындағы тілдің сан түрлі сарапқа салынуы, сан алуан құбылысқа түсуі зерттеушілерді қилы-қилы ойға жетектемек. Аудармадағы әлгіндей құбылыс М. Әлімбаев жолдасты да біраз ойларға жетектеген. Ол алдымен, «Бір тілден екінші тілге аударылғанда шығарма көлемі өсіп кететіні заңдылық деушілер де табылады» деп алады да, сол пікірге мүлде қарама-қарсы дау айтады. Түп нұсқаны қайта «шөп-шалам бостекі сөзден арылту» қажет дейді. Біз бұл пікірдің екеуін де ғылыми дәлелді пікір дей алмаймыз. Біріншіден аударылған шығарма көлемінің өсіп кетуін заңдылыққа айналдыру мүлде қате. Шығарманың мазмұны мен табиғатына орай оның көлемі қилы-қилы болуы мүмкін. Сол мазмұнды берер тіл құралдарының әр түрлі қызметі де мұн-

дай үзілді-кесілді байлам жасауды қаламайды. Бұл пікір Мұзафар Әлімбаевтың ашып отырған жаңалығы емес. Егер Батыс Европа әдебиетінің тарихына үңілсек, бір кездерде өзге халық туындысын аударылатын тілде сөйлейтін елдің талапталғамына бейімдеп, өңдеп аудару етек алған кезі де болған. Шекспир геройлары французға айналып жататын. Мынау пікір соның бір көрінісі. Екіншіден, М. Әлімбаевтың түп нұсқаны өңдемек болуы көптен қалыптасып келе жатқан аударма теориясының қағидаларына қайшы. Аудармашының міндеті түп нұсқаны өңдеу емес, ондағы бар нәрсені мейлі қандай кемшілігі, тіл мүкісі болса, тіпті соларды да түгел жеткізуге тырысу емес пе. Осы күнгі адекватты аударма деп жүргеніміздің бізге қояр талабы осы. Бұл жерде аударма творчестволық өнер болғандықтан әлгіндей қысымға көнбейді деушілер де табылар: Әрине творчестволық өнер екені даусыз. Осыған қарап аудармашының түп нұсқадан тыс кетіп, өзінше көсілуіне болады деу қате. Аудармашының творчестволық еркіндігі түп нұсқаның аясында ғана болмақ. Оның еш нәрсені қосып, еш нәрсені алып тастауға хақысы жоқ. Түп нұсқада неше қилы тіл тебіреністерімен баяндалған мазмұнды, аударылған тілдің бай құралдарымен оқырманға шебер жеткізу тұсында ғана аудармашы творчестволық өнерін сарқа пайдалануы тиіс. Аударманың қиындығының өзі осынысында. Яғни өз жанынан еш нәрсе қоспай, еш нәрсе қысқартпай бар нәрсені бабымен беру оңай іс емес. Қазіргі кезде аудармашы ұстанатын темір қазық осы. Ал енді түп нұсқадағы

кейбір сөйлемдердің сөз тіркестерінің және жеке-леген сөздердің атқарып тұрған қызметіне орай, екінші тілде бірде артып, бірде кеміп кететіні рас. Бұған қарап жоғарыдағыдай екі түрлі теріс пікірді мақұлдайтын болсақ, аударма ғылымында арылмайтын былыққа батамыз да кетеміз. Бұл әңгіме болып отырған кейбір мәселелер біздің көзқарасымызға оғаштау көрінгенмен, қалың оқырман үшін кітаптың бағасы айрықша. Мақалада қозғалған даулы нәрселер әсте еңбектің құнын түсіру мақсатында емес, ғылыми талас ретінде ғана ұсынылып отыр. Еңлеше автордың мақал-мәтел аудармасын зерттеу арқылы қазақ филология ғылымына сүбелі үлес қосқанын ашып айтқан жөн.

Фразеологизмдердің аудармасын арнайы зерттеген еңбектер өзге тілдерге қарағанда, орыс тілінде аздап болса да барырақ.⁵⁷ Диссертациялық еңбектер де, жеке монографиялық еңбектер де⁵⁸ бар. Бірақ бұлар тек фразеологизмдердің аудармасын ғана тексеріп қоймайды. Белгілі бір тілдің фразеологиялық байлығын жинақтап, олардың класси-

⁵⁷ А. Я. Р о ж а н с к и й. Идиомы и их перевод. «Иностранные языки в школе», 1948, № 3; Н. Н. К у з н е ц о в а. К вопросу о передаче национально-специфических элементов языка подлинника. «Уч. записки» (1-й Ленинградский педаг. инст-т иностр. языков). Новая серия, вып. I, 1954; А. В. Ф е д о р о в. Основы общей теории перевода. М., 1968.

⁵⁸ Н. Н. А м о с о в а. Основы английской фразеологии. Л., 1962; А. В. К у н и н. Английские идиомы. М., 1937; А. Р а й х ш т е й н. О переводе устойчивых фраз. В сб.: «Тетради переводчика». М., 1968; «Теория и практика перевода с английского на русский», М., 1969.

фикациясы, табиғаты, жұмсалы қызметі жайында ғылыми дәйектемелер жасалады. Бұлардың ішінен баса назар аударуды тілейтін пікірлердің бірі Москва ғалымы доцент А. Я. Рожанский жолдас-тікі.

А. Я. Рожанский 1948 жылы «Иностранные языки в школе» журналының 3-санында жарияланған «Идиомдар және олардың аудармасы» деген мақаласында көптеген ғалымдардың тұжырымдарына мүлде қарсы пікір айтқан. Және оның пікірлері бос даурықпа сөз емес, ғылыми деректерге негізделген салмақты пайымдаулар. Ол не дейді? Ең алдымен Рожанский идиомдардың аудармасы жайында топшылау жасаған өзіне дейінгі ғалымдардың пікірлерін ғылыми тұрғыдан алып қарастырады да, дәлелдерінің негізсіз екенін көрсетеді. Ол қандай пікірлер еді? Идиомдарды бір тілден екінші тілге аудару мүмкін емес, өйткені олардың құрамындағы сөздер өзінің бастапқы мағынасынан айрылып, дерексізденіп кеткен дейтін пікір. Мұндай пікір күні бүгін де кейбір оқымыстылардың ғылыми тезистеріне тірек болып келеді. Автор осы тәрізді пікірлердің түп төркіні шет тілі мұғалімдерінен тарағанын біледі. Рожанский идиомдарды аударуға әбден болатынын, олардың ішкі сырын, табиғатын, яғни семантикалық құрылысын, экспрессивті ажарын айқындау арқылы дәлелдеген. Зерттеуші орыс тіліне идиомдарды аударудың нақты жолдарын ұсынады. Бірінші жолы — эквивалентті аударма. Екінші жолы — сөзбе сөз (калька) аудару тәсілі. Үшіншісі идиомдардың мағыналық мәнін ғана беру жолы.

Аударма ғылымы теоретиктерінің бірі А. В. Федоров өзінің «Основы общей теории перевода» деген кітабында бүкіл аударма проблемасының бар мәселесін лингвистикалық тұрғыдан талдаумен қатар, оның жалпы лексикологиялық мәселелеріне де біраз тоқтайды: Бұл тараудың «Фразеологиялық құбылыс» («Фразеологические явления») деген бөлімінде идиомдарды, метафоралық тұрақты тіркестерді аударудың жолы қарастырылады. Автордың пайымдауларына қарағанда, идиоманы аудару керек, бірақ оның жолы көп емес. Және қай тілде болмасын идиомдар да көп емес. Олай болса бұларды аударғанда мағынасын сақтау қажет дейді. Идиомдардың негізгі қасиетінің бірі ретінде айтылатын «аударылмайтындықты» («непереводимость») негізгі нысанадан тайдыратын пайғал деп жоққа шығарады. Идиомалардағы сөздердің жоғалған бастапқы лексикалық мағынасы тек тіл білмейтіндерді ғана тосылтады деп түсінеді ғалым. Қателіктің көбі идиомдардың компонентінен бастапқы мағыналарды іздеп әуреленуден туып жатады. Әріпқойлық дегеніміз осыдан шығады дейді. Яғни бұл ғалым да идиомдарды аударуға болады деп түйеді. Осы заманғы француз әдебиетінің орыс тіліне аударылуынан мысал келтіре отырып, идиомдардың көпшілігінің метафоралы тұрақты тіркестермен берілу себебін осыдан деп түсінеді. Сонымен А. В. Федоров идиоматиканы аударманың жалпы тілдік мәселелердің ішіндегі аса күрделісі деп қарайды.

Ал тұрақты метафоралық тіркестер дегенге автор тиянақты ойды білдіретін жеке бір сөйлем

тәрізді нақыл сөздерді — мақал-мәтелдерді жатқызады. Бұларды бір тілден екінші тілге аудару мәселесін өзіндік ерекшелігі бар жеке сөздер — реалийлердің аударылуымен салыстырады. Советтік аударманың кейінгі он жылдық тәжірибесін талдай отырып, мақал-мәтелдер құрамындағы сөздердің заттық-бейнелі мағынасын беруге болатын мысалдарды дәлел ретінде ұсынады. Мұндай жағдайда мақал-мәтелдегі әрбір сөздің лексикалық мағынасы жеткізіліп, оның үстіне ауыспалы мағынасы мен синтаксистік құрылысына дейін беруге болады екен.

А. В. Федоровтың ұсынатын екінші тәсілі — мақал-мәтелдер құрамындағы кейбір сөздер бөлігінің заттық мағынасын өзгертіңкіреп беру.

Үшінші тәсіл — аударылатын тілде бұрыннан бар мақал-мәтелдерді, жалпы фразеологиялық тіркестерді балама ретінде пайдалану мұндай тәсілмен ешқандай ұлттық өзгешелік, реалий жоқ мақал-мәтелдерді ғана беруге болады.

Осыған ұқсас пікірді, біз 1969 жылы Москвада басылып шыққан Т. Р. Левицкая мен А. М. Фитерманның кітабынан⁵⁹ да табамыз. Бұл кітап аударманың теориялық және практикалық мәселелерін сөз етеді. Еңбектің теориялық бөлігі үш түрлі мәселені үш тарауға бөліп қарастырған. I тарауда аударманың жалпы проблемалары: дәлме-дәлдік, өрішқойлық және адекватты аударма деген термин-

⁵⁹ «Теория и практика перевода с английского языка на русский». М., 1969.

дердің мағынасы баяндалады. Соларға ғылыми тұрғыдан анықтама беріледі. II тарауда ағылшын және орыс тілі құрылысының ерекшелігіне байланысты байқалатын аударманың негізгі грамматикалық және лексико-грамматикалық проблемалары талданады. Ал III тарауда аударманың лексикалық және лексико-стистикалық мәселелеріне анализ жасалады. Біздің көбірек көңіл бөлген бөліміміз осы үшінші тарау.

Мұнда авторлар фразеологиялық единицалардың барлық түрлерін, атап айтқанда фразеологиялық тізбектерді (единства) оның ішінде, әсіресе, мақал-мәтелдерді және фразеологиялық тіркестерді (құрамындағы кейбір сөздерді алмастыруға кенбіс) түгел қарастырады. Бұлардың бәрі де аударма үшін аса күрделі мәні бар мәселелер. Осы сөз болып отырған фразеологиялық единицалардың түрлерін аударудың жолы автордың көрсетуінше мына төмендегідей:

Фразеологиялық түйдектер (тұтастықтар) басқаша айтқанда, компоненттердің о бастағы негізгі лексикалық мағынасынан туындамайтын, жеке бір ғана сөзге тең мағынаны білдіретін идиомаларды дұрыс түсініп, олардың мағынасын беру қажет. Бұлардың көбінесе ұлттық өңі болатындықтан, басқа тілдерде дәлме-дәл баламасы кез келе бермейді. Идиомаларды сөзбе-сөз аударуға болмайды. Қателік осыдан туады. Идиоманы аудару жайында авторлардың пікірлері осы тектес.

Фразеологиялық тізбектер, оның ішінде, мақал-мәтелдерді аударудың мынадай үш жолы көр-

сетілген: Бірінші жол — мағынасы да, түрі де, яғни бейнесі сайма-сай келетін мақал-мәтелдер. Екінші жол бойынша тек мағынасы сақталып, соның негізінде жататын бейнесі, түрі жеткізілмей қалады. Үшінші жол бойынша мақал-мәтелдердің екінші тілде баламасы болмаған күнде сипаттамалы аударма жасалады, немесе аудармашы өз тарапынан мәтел жасау арқылы жеткізеді. Авторлар ұлттық қасиеті айқын көрініп тұрған мақал-мәтелдерді түп нұсқадағы мақал-мәтелдерге мағынасы жағынан қаншама дәл келсе де пайдаланудан бас тартады. Бұл түсінікті нәрсе.

Мұнда фразеологиялық тізбектердің ішінен зерттеушілер салыстырмалы қалыпта түзілген бейнелі фразеологиялық тізбектерді бөлек алып қарастырады да, оны да аударудың үш түрлі жолын ұсынады. Бірінші топқа жататындар — екі тілде де толық бейнелі сәйкестік болған жағдайда, екінші топқа — дәл сол мағынаны басқаша бейнелеуіш құралмен беру, ал үшінші топқа — орыс тілінде жоқ теңеулермен беру жатады.

Ал фразеологиялық тіркестерді (сочетания) аудару онша қиынға соқпайды, авторлардың дәлелдеуінше шынында да солай. Бұлардың құрамындағы кейбір сөздерді алмастыруға болатын еркіндікті байқаймыз. Авторлар бұл топқа — қанатты сөздерді, сілтемелерді де жатқызады. Мұнда байқалатын бір нәрсе авторлар ғылыми терминологияға жетік. Алып отырған объектіні сол терминдерге салып, соның аясында нақты әңгімелейді. Өзге ғалымдардай жалпы мәселемен шектел-

мейді. Сондықтан да пікірлері ғылыми дәйекті, дәлелді.

Фразеологиялық единицаларды аудару проблемасы қаншалықты күрделі мәселе екені жоғарыда келтірілген пікірлерден айқын аңғарылса керек. Егер бұларды аудару жайында XIX—XX ғасырдағы орыс жазушылары мен кейбір ғалымдардың ойларын жалғастыра түссек мыналарды анықтауға болады. Белгілі дәуірлердің, кезеңдердің талапталғамына орай бұларды аударудың жолдарын әр қилы түсінгенмен, фразеологизм проблемасын көркем аударманың қажетті саласы екенін мойындайды. Ол пікірлердің біразы мына типтес: «Каждый язык имеет свои обороты, свои условленные риторические фигуры, свои усвоенные выражения, которые не могут быть переведены на другой язык соответствующими словами»⁶⁰; «...каждый язык имеет свои одному ему принадлежащие средства, особенности и свойства, до такой степени, что для того, чтобы передать верно иной образ или фразу, в переводе иногда их должно совершенно изменить».⁶¹ Бұл айтылған сөздерден де фразеологизмдерді бір тілден екінші тілге аудару қаншалықты қиын екені көрінеді. Әрине ол тұста фразеологизмдерді аударудың қиындығын жазушы, оқымыстылардың бәрі де білгенмен, оларды аударудың жолдары арнайы қарастырылмаған еді.

Ал бертiнiрек келген сайын бұл мәселе төңiре-

⁶⁰ А. С. Пушкин. Полное собрание сочинений, т. XII, М., 1949, стр. 43—144.

⁶¹ В. Г. Белинский. Полное собрание сочинений, т. II, М., 1953, стр. 429.

гіндегі ойлардың даму өрісін байқаймыз. Енді ғалымдар фразеологизмдерді аударудың мүмкін еместігін айтып қарап отырмай, зерттеумен шұғылдана бастайды. «... Аудармашылар үшін ең қиыны — мағыналары құрамындағы компоненттерден шықпайтын идиомалық тіркестерді дұрыс беру».⁶² Келесі бір автордың зерттеуінен мынадай пікірді оқимыз... «Қиындықтың бір парасы тілдің идиомалық табиғатында».⁶³ Осы автор басқа бір мақаласында бұл пікірін дамыта түседі. Онда ол «аударылмастықтың» сырын «идиомалылықтан» көріп қарап тұрмай, оны екінші тілге берудің амалын іздестіреді. Нақты ұсыныс жасайды. «Автордың стилін дұрыс жеткізу үшін лексико-фразеологиялық құралдарды іріктен алған жөн».⁶⁴

Белгілі бір шығарма авторының өзіне тән стилін және сол шығармада пайдаланған стильдік тәсілдердің адекват аудармасын беру үшін лексико-фразеологиялық құралдарды іріктеудің мәні айырықша. Рецкер осыны айқын түсініп отыр.

Бұларды дұрыс аударудың жазушының жеке өзіне ғана тән стилін және ұлттық өзгешелігін беруге айырықша қатысы барын В. Д. Андреев те айтады: «Лексика мен фразеологияны аудару мәселесі — автордың өзіне тән стилін және оның

⁶² Л. Б и н о в и ч. О многозначности идиом. «Иностранный язык в школе», 1952, № 5, стр. 29.

⁶³ Я. И. Р е ц к е р. О градации трудностей в курсе перевода на родной язык. «Уч. записки военного института иностранных языков», 1948, № 6, стр. 38.

⁶⁴ «Задачи сопоставительного анализа переводов» (ТКП, 45).

ұлттық ерекшелігін беру жолдарының қаншалықты күрделі екенін дәлелдей түседі».⁶⁵

Белгілі тіл білімпазы Л. С. Бархударов та фразеологияны, идиоматиканы аударма теориясының проблемалық мәселелері ретінде бағалайды. Ол өзінің аударма теориясының жалпы лингвистикалық мәселелерін талдаған зерттеуінде мынадай пікір айтады: «В лексикологии данные теории перевода могут дать ценный материал при исследовании таких проблем, как общая и частная семасиология... проблемы фразеологии, идиоматики, синонимии и пр.».⁶⁶

Демек бұл салада жүргізілген зерттеулердің қайсысына зер салсақ та, автор стилін беруде фразеология мен идиоматиканың ролі ерекше екенін көреміз.

Фразеологизмдерді аудару проблемасын көршілес отырған туыс республикалар ғұламалары да зерттеуде. Жоғарыда ескерткеніміздей бұл жөнінде азербайжан, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, қырғыз ғалымдары зерттеулерінің еңбектерімен танысуға болады. Бұл еңбектерге сілтеме жасалған.

Сонымен фразеологизмдерді бір тілден екінші тілге аудару мәселесін ғалымдардың әр қилы түсінетіні байқалып отыр. Жалпы бұлардың аударылу қажеттігі жөніне келгенде пікірлері бір жерден

⁶⁵ В. Д. Андреев. Некоторые вопросы перевода на русский язык болгарской художественной литературы (ТКП, 143).

⁶⁶ Л. С. Бархударов. Общелингвистическое значение теории перевода (ТКП, 13).

шығып жатқанмен, оның түрлерін ажыратып, қайсысын қалай аудару керек деген мәселеде бірінен бірі алшақтау пікір ұстанатын ғалымдарды көрдік. «Аударылғыштық» немесе «аударылмайтындық» мәселесіне келгенде зерттеушілер фразеологизмдерді екіге бөліп қарайды. Бірінші — идиомалар, яғни лингвистикалық терминологияда фразеологиялық түйдектер (тұтастықтар) деп аталып жүргендер. Екінші — фразеологиялық единицаның басқа барлық түрі, яғни мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестер т. б. Фразеологиялық единицалардың бұл екі тобының аудармасын қарастыратын пікірлерді жеке-жеке талдап көрелік.

Бірінші сала — идиомалар жөнінде қарама-қайшы екі пікір бар. Ғалымдардың бірсыпырасы бұларды аудару мүмкін емес деп есептейді. Өйткені бұлардың көбі ұлттық ерекшелікке тән қасиетке ие, аударар болсаң колориті жоғалады дейді. Аударуға кедергі болатын ең басты нәрсе идиома құрамындағы сөздер мағынасының дерексізденіп, жоғалып кетуі. Ал зерттеушілердің енді бір тобы идиомаларды аудару өте қажет және оларды аударуға әбден болады деп есептейді. Әрине аудару тәсілдеріне келгенде бұл ғалымдардың бір-бірінен басқашалау пікір ұстанатындары да бар. Дегенмен негізгі мәселені дұрыс шешуге тырысады. Бұлар аудару қажет дегенде құрғақ сөзбен тынбай, аударма тәжірибесінен нақты мысалдар келтіріп дәлелдейді. Сонда олардың ұстанып отырған басты дәлелі идиомалардың берер негізгі мағынасы. Яғни идиомаларды жасап отырған компоненттер-

дің жеке сөзге синоним болып келетін мағынасы. Соны беруге әбден болады дейді. Ал қайсыбір ғалымдар сол мағынаны идиома құрамындағы барлық сөздерді аудару арқылы да жеткізуге болатынын айтады. Ендеше кейде идиомалардың мазмұнын да, формасын да тіпті грамматикалық құрылысын да беруге болатын сәттер кездеседі екен.

Бұл жөнінде біз соңғы топтағы ғалымдар пікірін қолдаймыз. Өйткені жылдар бойы жинақталып келе жатқан аударма тәжірибесін сарапқа салып қарасақ, белгілі бір халықтың тілінде өрнектелген қандай ойды болса да екінші тілге аударуға болады деп есептейміз. Маркстік ілімнің тұрғысынан қарағанда да бұл диалектикалық заңдылыққа саятын логикалық шешім.

Шындығында идиомаларды сөзбе-сөз аударуға болмайды, өйткені оның құрамындағы сөздердің бәрі де бастапқы мағынасынан айрылған, сол себепті аударсаңыз мағынасыз бірдеңе болып шығады дейтіндерге зер салыңызшы. Бәрі дұрыс. Сонда қалай, біздің мақсатымыз идиомалардың құрамындағы әрбір жеке сөздің жоғалған мағынасын іздеу ме, жоқ әлде құрамындағы сөздердің біріне-бірі кірігіп, бір-ақ нәрсені меңзеп тұрғанын беру ме? Екінші тілге аударылмай, сол түп нұсқа тілдегі қалпының өзін қадағалап көрелікші. Біз олардың құрамындағы сөздердің бастапқы мағынасын іздеп әуре болмаймыз. Бізге керегі сол идиома сөздерінің бәрі бірігіп берер бейнелі, астарлы мағынасы. Жалпы мынаны дұрыс түсінген жөн: идиомалар түріне, құрылысына қарағанда тіркес

те, берер мағынасына қарағанда олар жеке сөзге тең, синоним типтес. Аудармашы осыны естен шығармауы тиіс. Ендеше ең алдымен бұлардың екінші тілдегі эквивалентін іздеу — өнімді тәсіл болмақ. Сонымен бірге калька жолымен келіп, қазір қалыптасып кеткен талай мысалды жоғарыда келтірдік. Тағы бір ескеретін нәрсе идиомдар компоненттерінің бастапқы мағынасы мүлде жоғалған деп кесіп айту ретсіз сияқты. Идиомалар өзінің құрамындағы сөздердің о бастағы лексикалық мағынасынан жасалмағанда қайдан шықпақ. Мағынасыз нәрседен мағыналы нәрсе қалай тұмақ. Идиома дегеніңіздің қазіргі мағынасы оның құрамындағы сөздердің о бастағы мағынасынан туындап жатады. Ол сөздер заманнан заман өтіп, ғасырларды аттаған соң біртіндеп астарлы, бейнелі күйге түсе бастайды. Халық даналығы, ойлау қабілеті тіліміздегі сан алуан сөздерге бейнелі пішін беріп, белгілі бір ұғымды көркем көрсету үшін мағыналық топтар құрады. Жалғыз сөздің білдірер мағынасын бірнеше сөзбен астарлап, көркем етіп көрсету, тілімізді көрікті, көсем, әрі шешен қалыпқа түсіреді. Сондықтан бұлардың аудармасын зерттегенде ең алдымен, оның құрамындағы сөздердің табиғатына зер салып, содан соң оның астарлы мағынасын беруге тырысу қажет. Бұларды екінші тілге аударуға әбден болады және аудару аса қажет. Әйтпесе белгілі бір халықтың рухани қазынасынан құр алақан қаламыз. Бұларды аудару арқылы өз халқының тілдік қазынасын ақта-рып, қабілетін танытуға да мүмкіндік туады. Көптеген аудармашылардың аудару тәжірибесі

мен зерттеуші ғалымдардың пайымдаулары осындай ой түюге итермелейді.

Ал фразеологиялық единицаның түріне жататын мақал-мәтелдер жөнінде және компоненттер негізгі лексикалық мағыналарын жоғалтпаған фразеологиялық тіркестер туралы мәселе идиомдардан басқашарақ. Бұлардың аудармасын әңгімелеуде көптеген ғалымдар пікірі бір жерден шығып жатады. Орыс, украин, өзбек, қырғыз, азербайжан, қарақалпақ, татар, башқұрт, осетин тілдеріндегі зерттеулерді саралап шыққанда, мақал-мәтелдерді екінші тілге аударудың мынадай үш түрлі тәсілі қалыптаса бастағаны байқалады.

Мұнда алдымен ескеретін нәрсе мынау. Осы мақал-мәтелді пайдаланып отырған халықтың өзіне ғана тән ерекшеліктері болады. Күнделікті тұрмыстың әр қилы іс-әрекеттері, әдет-ғұрып, салт-санасы айрықша сөз орамдарымен өрнектелген ұлттық мақал-мәтелдер бар. Бұларды аударудың табиғаты идиомдарды берудің жолдарымен ұқсас. Ол қандай жолдар екені жоғарыда көрсетілген. Бәрін жинақтап, нақты объектіге орай байланыстыра айтар болсақ, орыс тіліндегі мақал-мәтелдерді қазақ тіліне аударудың мынадай жолдары көріне бастағанын байқаймыз. Бұл жолдарды аудармашылардың біз айтқан күйде сақтауы да, сақтамауы да мүмкін. Нақты мәселеге келгенде туп нұсқа мүмкіндіктеріне орай олай да, бұлай да ауытқулар бола береді. Алайда ол ауытқулардың бәрі де біз көрсеткелі отырған тәсілдер шеңберінде болатын құбылыс. Сонымен мақал-мәтелдерді қа-

зақ тілінде берудің тәсілдерін мынадай үш топқа бөліп қарауға болатын сияқты.

Б і р і н ш і т ә с і л. Бұл тәсіл бойынша мақал-мәтелдер құрамындағы сөздердің заттық және бейнелі мағынасына қоса олардың құрылыс пішінін, астарлы мәнін де толық сақтап аудару мүмкін екенін көреміз. Егер мұны кеңейтіңкіреп айтсақ былай болып шығар еді. Мақалдың мазмұны мен формасын түгел сақтауға әбден болады. Аударма мақалдарды және өзіміз тәжірибе ретінде аударып байқаған мысалдарды қадағалап қарағанымызда бірсыпыра жайлар анықталады. Бұл тәсілмен көптеген мақал-мәтелдер аударылған екен. Зерттеп байқағанда әлі жүздеген мақал-мәтелдерді осы тәсілге салып аударуға болатыны белгілі болды. Бұдан екі тіл заңдылықтарының ешбіріне зиян келмейтіні де дәлелденді. Қайсыбіреулері алғашқы да тосындау көрінгенмен бара-бара қазақ тілінің қалыпты күйіне түсті. Мына мысалдар осы айтылған пікірімізді дәлелдей алады деп ойлаймыз: **жақсы даудан, жаман бітім артық** (*худо́й мир лу́чше добро́й ссо́ры*); **балықшы балықшыны алыстан көреді** (*рыбак рыбака видит издалека*); **аңшы алдынан аң жортар** (*на ловца и зверь бежит*); **тәтті өтіріктен, ащы шындық жақсы** (*лучше горькая правда, чем сладкая ложь*); **қасқыр да тоқ, қой да аман** (*и волки сыты, и овцы целы*); **қасқырдан қорыққан тоғай араламас** (*волков бояться — в лес не ходить*) т. б.

Е к і н ш і т ә с і л. Мұнда мақал-мәтелдің мағынасы сай келгенмен, бейнелеу тәсілі сай келмейді. Яғни мақалда айтылатын ой, мазмұн бір бейне-

лі сөздермен беріледі. Былайша айтқанда, бұл жағдайда мақал-мәтелдердің мазмұны сақталады да, формасына өзгеріс енгізіледі. Өйткені олардың құрамындағы кейбір компоненттердің заттық мағынасын аздап өзгертуге тура келеді. Сол себепті бұлар — аударма тілде бұрын бар, ежелден қалыптасқан мақал-мәтелдерден басқашалау болып шығуы ықтимал. Бірақ ұқсастығы болады. Мысалы, «**әлдеқайдан жаңғырық, білмей қалды аңырып**» (*слышал звон, да не знает, где он*); **қорқынышты түс болса да, рақымшыл құдай бар** (*страшен сон, да милостив бог*); «**орманға кірген сайын, отынға молығасың** (*чем дальше в лес, тем больше дров*); «**шындық әрқашанда жеңеді**» (*правда всегда берет верх*); «**өткелін білмей, су кешпе**» (*не спросясь броду, не суйся в воду*); «**ауыр жүкке жегілме, жегілсең — егілме**» (*взялся за гуж — не говори, что не дюж*) т. б. толып жатқан осы тектес аудармалардан мысал тізуге болады. Қарап отырсаңыз бұл тәсілмен берілген мақал-мәтелдер де тіліміздің байлығын молайтып, икемділігін арттыратынын көреміз. Мұндағы өзгерістердің көбі аса көзге түсе қоймайды. Түп нұсқа компоненттерінің қайсібірі аударылмаған. Бірақ олардың айтпақ, білдірмек ойы, басқа бейнелі сөзбен жеткізілген. Кейбір сөздер ғана қалыпты қолданыстан шығып, жаңа үйірге қосылғандықтан, кейде ретсіздеу көрінуі де мүмкін. Алайда бұл үрке қараудың әсері. Тілдің негізгі функциясы қатынас құралы екенін ұмытпасақ, ондай-ондай жаңа қолданыс, жаңа өріссіз әдеби тіліміздің аясы кеңі алмайтыны мәлім. Ендеше тіл мәдениеті, оның баюы, дамуы дегендеріңізге

осы екiншi тәсiл әсерi ерекше. Басқаша формадағы жаңа мақал-мәтелдердiң тосындау көрiнуi осындай себептерден. Жаңа нәрсенiң қалыпты ұғымға түсуi, сыюы қашан да қиын. Олай болса аудармашының шеберлiгi деген мәселенi де осы тұстан басымырақ iздестiрген жөн. Өйткенi, орыс тiлiнде ерекше сөздер тобымен бейнеленген мағынаны, екiншi тiлдегi басқаша бейнелi ұғым арқылы беру жеңiл нәрсе емес. Бұл жерде аудармашыға қос тiлдiң бүге-шiгесiн бiлiп қана қою аз, сол тiлдердегi сөз байлығының iшкi мүмкiндiктерiн, дамымалы-үдемелi қасиетiн әр сөздiң әлi аршылмаған бұқпантайлы мiнезiн мейлiнше сезiмталдықпен мүлткiсiз ұғатындай қабiлет керек. Мұндай қабiлеттi талант, немесе дарын деп те айтуға болар едi. Себебi әрбiр iстiң, әрбiр маманның өзiне лайықты, өзiне жарасымды таланты болмақ. Сөйтiп мақал-мәтелдердi аударудың бұл екiншi тәсiлi аударма iсiнде маңызды құбылыстың бiрi деп айтуға болады.

Үшiншi тәсiл. Орыс мақал-мәтелдерiнiң көбiнiң қазақ тiлiндегi баламасын табуға болады. Яғни тiршiлiк, дүние, болмыс, табиғат жайындағы ортақ түсiнiкке орай және күнделiктi тұрмыстық, әдет-ғұрып, салт-сананың ұқсастығына сай бiрiнен-бiрiн ажыратып алғысыз егiздiң сыңарындай мақал-мәтелдердi қай халықтан да көптеп кездестiруге болатыны айқын. Осындай балама мақалдар бар болса, түп нұсқаны аударып жатудың қажетi жоқ. Бұл тәсiлге салынатын мақал-мәтелдердiң мағынасы мен құрылысында «мен мұндалап» тұрған ұлттық ерекшелiк болмауға тиiс.

Бүкіл халықтық, яғни азаматтық ұғымды сыйымды, барлық елге ортақ мақал-мәтелдерде ғана осындай сәйкестіктер бар. Үшінші тәсілдің тағы бір ұтымды жағы сол, мұнда түп нұсқаның фразеологиялық ажары сақталады. Ал аударылуға душар болған фразеологизмнің қайсыбірінде, қанша дегенмен осы жағынан ақаулар байқалып қалатыны сөзсіз. Яғни көптеген мақал-мәтелдерді дәл аударғанда ауызекі сөйлеу тіліне тән тірілігінен және афористік бояуынан, астарлы мағынасынан айрылып қалатынын байқап жүрміз. Тағы да қайталап айтамыз эквивалент болып келген мақал-мәтелдерде осы көрсетілген қасиеттің бәрі дерлік жеткізіледі.

Жалпы көрші туыс халықтардың тәжірибесінде де бұл ең сенімді тәсіл ретінде бой көрсетеді. Бұл сәйкестіктің мынадай екі түрі байқалады. Бірі: **достың достығы басыңа іс түскенде танылар — друзья познаются в беде; не ексең — соны орасын — что посеешь, то и пожнешь; жаман әдет жұққыш келеді — дурной пример заразителен; суға кеткен тал қармайды — утопающий хватается за соломинку; асыққан қалар ұятқа — поспешишь — людей насмешишь** т. б. мысалдарға қарасаңыз, бұл мақалдар мағынасы жағынан да, түрі жағынан да біріне-бірі сайма-сай келіп тұр. Ал мына мысалдардан жартылай сәйкестерді байқаймыз: **қызым, саған айтам, келінім сен тыңда — кошку бьют, невестке наветки дают; жапалақты таспен ұрсаң да, тасты жапалақпен ұрсаң да жапалақ өледі — куда ни кинь — все клин** т. б. Бұларда мақалдардың мағынасы дәл сақталады.

Бұл сөз болып отырған үш тәсілдің үшеуінің де ұлттық өзгешелігі айқын көрініп тұрған мақал-мәтелдерге қатысы жоқ. Осы үш тәсілге жатпайтын фразеологизмдер бөлек қарауды тілейді. Олар белгілі бір ұлттың тек өзіне ғана тән ерекшеліктері бар, басқа тілге аударғанда бар қасиетін жоғалтуға бейім мақал-мәтелдер. Ең қиын, әрі күрделі мәселелердің бірі осы. Мұндай мақал-мәтелдерді аудару қажет пе, жоқ қажет емес пе дегенге кімнің қалай қарайтыны жоғарыда біраз талданды. Ұлттық өзгешелік дегеніңіздің өзі де бірыңғай бола бермейді. Оның әр қилы түрі бар. Бұлардың қатарына халықаралық, мифтік, діни мағынада қалыптасқан фразеологизмдерді жатқызуға болады.

Біз мұндай мақал-мәтелдерді аудару қажет деп есептейміз. Бұл ойымызды біз төмендегідей жәйттермен дәлелдеуге тырысамыз. Біріншіден аударма мәселесімен көптен айналысып, талай теориялық еңбек беріп келе жатқан айтулы ғалымдардың нақты тәжірибеден шығарған тұжырымдарына сүйенуге болады. Мәселен, Чуковский ұлттық ерекшелігі айқын көрініп тұрған фразеологизмдерді қалайда аудару қажет деп есептейді. Себебі оқырманға керегі сол өзгешелік, соның табиғаты, болмысы, онсыз түп нұсқаның негізгі қасиетінен құралақан қалдырамыз дейді. Әбден қосылуға болады. Ұлттық өзгешелікті берген талай мысал бар. Біздің зерттеп отырған саламызда да, бұлардың әр қилы жолдары кездесетінін көрсетуге тырысамыз.

Көркем шығармаларда қолданылған фразеологиялық единицалардың бәрі бірдей біз көрсеткен

тәсілмен бұлжымай аударылған деп айтудан аулақпыз. Аударылған шығармалардан жиналған мысалдарды осы тәсілдерге салып көрейік. Әрине, кезінде аудармашылардың ешқайсысы да дәл осы тәсілдер бойынша аударайын деп отырманы белгілі. Олар ең алдымен қал-қадарынша оқырманға түсінікті болу жағын көздеген. Бұл бірінші шарт. Ал түсінікті ету үшін тілді білген жөн, білген емес-ау оның барлық элементтерін жұтып жіберіп түп нұсқа аясында қалағанынша шәрықтай алуы қажет.

Ү ш і н ш і т а р а у

БЕЙНЕЛІ СӨЗ ТІРКЕСТЕРІНІҢ КӨРКЕМ ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АУДАРУДЫҢ КЕЙБІР АМАЛДАРЫ

Жоғарыда біз тұрақты тіркестердің түрлері және олардың зерттелуі жайында біраз деректерді бердік. Ештеп олардың сөйлеуімізде атқаратын қызметінің де біразын көрсеткендей болдық. Бұлардың зерттелуі мен классификациясына едәуір тоқталуымыздың себебі мынау: фразеологизмнің түрлерін, олардың өзара өзгешеліктерін жете ұқпай тұрақты тіркестерді аудару мәселесін сөз етудің мәні жоқ. Ендеше бұлардың көркем әдебиеттегі кейпін, сан алуан қызметін айқындау аударманың негізгі проблемаларының бірі.

Фразеологиялық единицалардың көркем әдебиетте қолданылу сапасын сол тұрақты сөз тіркестерінің әр түрінің өз қасиеттерінен бөліп қарауға болмайды. Ол қандай қасиеттер. Жалпы сөз өзара қатынас құралы есебінде негізінен екі түрлі қызмет атқарады; номинативті (сөздің атаулы қасиеті) және коммуникативті функцияда жұмсалады. Яғни сөздер, сөз тіркестері атаулы күйде және қатынас құралы есебінде жұмсалады. Атау түрін-

дегі тіркестердің бәрі де номинативті — үлкен үй, жақсы жазады, өте қатерлі т. б. Бұлар заттың, қимылдың, құбылыстың атауы ретінде. Кейбір фразеологиялық тіркестер де осындай номинативті қызметке ие.

Коммуникативті қызмет атқаратын көбіне-көп сөйлемдер. Бұлар ойласу, бір нәрсе туралы біреуге хабар беру түріндегі тиянақты, түбірлі ойдың түйіскен түрі. Сөздердің бұлай өзгеруінде екі грамматикалық тірек (бастауыш пен баяндауыш), екі логикалық тірек (субъект және предикат) бар. Дәл осы сияқты тұрақты сөз тіркестері де коммуникативтік қызмет атқарады. Бірақ фразеологиялық единицалардың ерекшелігі осы екі түрлі қасиетпен шектелмейді.

Көркем әдебиет үшін бұлардың ең қажетті белгілері мынадай бірнеше қосымша қызметіне байланысты. Фразеологиялық единицалар өзінің табиғатында сөйлеуімізді образды бейнелі-айқышты етуге бейім. Қысқа нақты, тұжырымды сөйлеуге баулиды. Сөйлеуіміздің эмоциональды-экспрессивті бояуы күшті болады. Және айтылған пікір өмірдің көптеген құбылыстарынан қорытылып жинақталған сөз тәрізді даналық сыпат алады. Осыған қоса сөзіміз терминологиялық дәлдікпен түсініледі. Сондай-ақ сөзімізді мағыналы, мәнді етуде фразеологизмдер көп жеңілдік жасайды.

Сөздің образды-бейнелі болуы дегенді қалай түсінеміз. Ауыспалы астарлы, метафоралы тіркестерді орнын тауып дәл қолдана білсе, сөйлеуіміз әдемі, әсерлі, образды болудың үстіне ұйқасты-

ырғақты әуенге көшеді. Фразеологиялық единицалардың бәрі бірдей тілімізді дәл осындай әсерлі, бейнелі ете бермейді. Мұндай мәндегі тіркестер көбінесе метафоралы пішіндегі фразеологизмдер. Яғни құрамындағы бір, екі, не барлық сөздері астарлы мағынада болып келетін тұрақты сөз тіркестері тілімізге бөлекше өң беріп, ажарландырып тұрады. Ал фразеологизмдердің ауыспалы, астарлы мағынасы болуы деген өмірдегі неше алуан заттар мен құбылыстарды және олардың өзара қатысы мен ерекшеліктерін соншама дәл, көпке түсінікті қарапайым формада, әрі әсем, көтеріңкі, көркем тілмен жеткізу деп түсіну қажет. Мысалы, «өте асығыс» дегенді *мұрнынан шаншылу*, «шапшаң, лезде» дегенді *қас пен көздің арасында* немесе *көзді ашып жұмғанша*, «момын» дегенді *қой аузынан шөп алмас* т. б. айтар едік. Метафоралы фразеологизмдер заттарды өзгеше құлпыртып, әсем жасандыратыны сондай, тіпті өлгі заттың өзін көрмей-ақ қолмен ұстап, көзбен көріп тұрғандай боласыз. Міне сондықтан да мұндай фразеологизмдерге жазушылардың қай-қайсысы болмасын мейлінше әуес. Метафоралы фразеологизмдерді «сөз арқылы пластикалық бейне жасаудың аса көрнекті құралы»⁶⁷ деп М. Горькийдің өзі де бекер айтпаған.

Образды-мәнерлі тұрақты тіркестердің ішінде мақал-мәтелдердің қызметі өзгеше. Акад. Ф. И. Буславтың мақал мен мәтелді кіші-гірім көр-

⁶⁷ М. Горький. Статьи о литературной технике. М., 1934, стр. 37.

кем шығарма⁶⁸ есебінде қарауы заңды. Шынында халық мал-мәтелдері өмір шындығынан сығымдалып шыққан шағын шығарма.

Жазушылардың творчестволық ісінде метафоралы фразеологияның таптырмайтын тағы бір қасиеті — эмоциональды-экспрессивтік ажары. «Тілің кесілгір», «Тіліге шиқан шыққыр» десек қатты ренішті, ашуды білдіреміз. «Мығым» деудің орнына *мұрнын балта кеспейді* десек әлдеқайда әсерлі. Немесе, өрескел, ептейсіз қылықты — *түйе үстінен сирақ ұйту* деп берсе, сол әрекетті айны-қатесіз көз алдыңызға келтіресіз. Осы сияқты мысалдарды топтап келтіруге болады.

Жіктеп, саралап, салалап айтар болсақ фразеологиялық единицалардың көркем әдебиеттегі ролі сан алуан. Оның қилы-қилы қызметін М. Горький шығармаларындағы фразеологизмдердің аударылу жайын талдау барысында айтылатын болғандықтан әзірге осымен тежелеміз.

Фразеологиялық орамдар жалпы барлық стильде қолданылады, бірақ әр қилы ыңғайда қызмет атқарады. Ғылым және ресми-іс стилінде жалпы әдеби, стильаралық тұрақты тіркестер атау күйінде (номинативті қызметте) жұмсалса, көркем әдебиетте, публицистикада, сөйлеу тілімізде ең алдымен фразеологизмдердің экспрессивті-стилистикалық жағына аса зор мән беріледі. Әсіресе күнделікті ауыз-екі сөйлеу тілінде, кітаби тілде мол кездесетін фразеологизмдердің мәнерлі мүм-

⁶⁸ Ф. И. Буслев. Русская народная поэзия, т. I. М., 1961, стр. 124.

кіндіктері қатты ескерілді. Жоғарыдағы мысалдарға қараңыз.

Көркем әдебиет пен публицистикада фразеологиялық орамдарды қолданудың бірнеше жолы бар. Жазушылар, публицистер фразеологизмдерді сол күйінде ғана алып қоймай, белгілі мақсатқа орай оларды өзгертіп, құлпыртып та жібереді. Фразеологизмдердің семантикасын, құрылысын және экспрессивті-стилистикалық қасиетін жақсартып, жаңғыртып отыратын да тұстары бар. Жаңадан мағыналық реңк алып, бөлекше көркемдік қасиетке ие болады. Сөздердің байланысу қабілеті молаяды. Өйткені, кейбір ғалымдарымыздың айтуына қарағанда, жазушылардың фразеологиялық творчествосы бұрыннан бірігіп тұрақтанған сөздердің үйреншікті қалпын жасаңғыратуында ⁶⁹ болса керек.

Осы жаңарту, жасаңғыратуда авторлық өрістер бірдей болмайды. Әркімнің творчестволық мүмкіндігі, білімі, шеберлігі әр қилы болуына орай фразеологизмдерге енгізілетін жаңа бояулар, жарқын ажарлар да алуан-алуан боп келмек.

Тұрақты сөз тіркестеріне жататын мақал-мәтелдер де, идиомдар да, қанатты сөздер де стилистикалық мақсатта қолданылады. Бұлар барлық жанрда көрінеді. Өте икемді, қысқа орамдар көркем шығармаға өзі тіленіп «жұлынып» тұрады десе де болар еді. Мақал-мәтелдердің образдылық қуатын Н. В Гогольдің мына бір сөзі айқын таныт-

⁶⁹ А. И. Ефимов. О языке художественных произведений. М., 1954, стр. 193.

са керек: «В пословицах наших... видна необыкновенная полнота народного ума, умевшего сделать все своим орудием: иронию, насмешку, наглядность, меткость живописного изображения...».

Көркем әдебиетте мақал-мәтелдер кейіпкерлердің ішкі жан дүниесін, психологиялық мінез-құлқын, сөйлеу мәнерін суреттеу үшін қолданылады. Бұларды түрлендіріп, аса шеберлікпен пайдалануда, орыстың ұлы жазушысы Алексей Максимович Горькийдің тәжірибесі таптырмайтын үлгі. Мақал-мәтелдердің, идиомдардың және фразеологиялық единицалардың басқа түрлерінің көркем әдебиеттегі бейнелеу, суреттеу құрал ретіндегі қызметінің алуан-алуан сипатын, қасиетін М. Горький шығармаларынан айқын көруге болады. Халықтық нақыл сөздердің табиғатын мейлінше терең түсінген жазушы өзінің жазуды ең алдымен мақал-кәтелдерден үйренгенін ашық айтады. «Я очень много учился на пословицах — иначе: на мышлении афоризмами», — деп жазады М. Горький. Яғни — «Мен мақалдардан көп өнеге алдым, басқаша айтқанда: нақыл сөздермен ой толғап үйрендім»⁷⁰, — деген.

Халық тарихын және оның әлеуметтік-саяси ой-пікірін білу үшін, ең алдымен ертегілерге, аңыз-әңгімелерге, мақал-мәтелдерге ерекше назар аудару қажеттігін айтады. «Шынында да мақал мен мәтелдер халық бұқарасының ой-өрісін өте айқын көрсетеді, сондықтан жас жазушылардың осы ма-

⁷⁰ М. Горький. Әдебиет туралы. Алматы, 1954, 140-бет.

териалмен танысуы аса пайдалы»⁷¹. М. Горькийдің мақал-мәтелдерге құмар болуының басты себебін мына айтқан пікірінен анық ұқсақ керек: «пословицы и песни всегда кратки, а ума и чувства вложено в них на целые книги».

Сөйтіп жазушы сөз бен ой толғауды ежелден ақ машық еткен. Ол «пословица век не сломится» деген тәрізді мақалдарды еске ала отырып, тілдің өз табиғатында даналық өсиет айтуға бейім болғанын дәлелдейді. Өзінің жазушылық өнеріне осы халықтық нақыл сөздерді тірек етеді. Міне сондықтан, фразеологизмдер жайында, оның аударылу процесі хақында пікір болғанда М. Горькийдің өз пікірлерінің мәні ерекше.

Нақыл сөзді барынша көп қолданатындықтан да Л. Н. Толстой М. Горькийді кінәлаған болатын. Оның ойынша М. Горький кейіпкерлері «ылғи бір көсемсіген шешендер» боп көрінетін. Бірақ жазушының мақсаты кейіпкерлерді қалайда данышпан етіп көрсету емес, олардың өмір туралы *ой-пікірін таныту үшін керемет дәп түсіп жататын* мақал-мәтелдер пайдаланады. Және олар әлгіндей фразеологиялық единицалардың жеке өзін жаттап айта бермей, өзінше өңдеп, бұрып, өзгеше құбылтып сөйлеп кетеді. Көпшілігінің қарапайым сөздерінің де мақалға бергісіз болатындығының себебі осында. М. Горький әрбір сөздің, әрбір афоризмнің мақал-мәтелдердің ішкі мазмұнына үділіп, олардың ойлы, астарлы, айшықты ажарын аңдайды. Сөздердің, тұрақты тіркестердің

⁷¹ Сонда, 139-бет.

халықтық этимологиясын көркем шығармада ойната білу шеберлігі орыс жазушыларының ішінде Лесковтан соң, осы М. Горькийде айрықша байқалатынын зерттеушілер дұрыс көрсетіп жүр.

Біз жазушылардың сөз қолдану қабілетін қарағанда жеке сөздердің, сөз тіркестерінің спецификалық ерекшеліктеріне қоса, жалпы халықтық тілдегі сөздердің семантикалық даму мүмкіндіктерін де анықтаймыз. Нағыз суреткер тілдің осындай айрықша қасиеттерін дәл танып, оларды шебер пайдаланады.

М. Горький шығармаларындағы фразеологизмдердің қолданылуынан мынадай жағдайлар аңғарылады. Мұнда сөздердің фразеологиялық тіркесінің кеңсүй және олардың әр қилы өзгеріске түсуін көреміз. Мәселен бұрын тіркеспеген, бір-бірімен байланысқа түспеген сөздерді жазушы алуан түрлі құбылту нәтижесінде қилы-қилы қызықты комбинация құрады. Мұндай жаңашылдықтың бәрі де әрине тілдің заңдылықтарына мүлде қайшы келмей, қайта сөздердің тіркесу қабілетіне сай фразеологиялық топтар негізінде жасалады. Сонда көптеген сөздер мен жаңа жасалған тұрақты тіркестердің семантикасын анықтап, олардың көркемдік ажарын, мүмкіндігін толықтыра түседі.

Жазушының халықтан ала бөтеті тілі жоқ, сонымен бірге оның шығармаларының тілі жалпы халықтық тілмен тепе-тең де бола алмайды. Фразеологизмдер жалпы халықтық тілдің шұрайлы бір элементі, тобы, яғни бұларды да сол халықтық тілмен тығыз байланыста қарау керек. Соны-

мен бірге олардың өзгешелігін де айыра білген дұрыс. Бұларды белгілі бір көркем туындыда қолданудың реті біркелкі емес. Ол біріншіден — автордың талғамына, екіншіден — шығарманың мазмұн-мақсатына, үшіншіден — жанрына байланысты. Жазушы сол шығармасында айтпақ ойын, оқырманға білдірмек мақсатын жалпы халықтық тіл мен әдеби тілдің бай материалын барынша мол пайдалана отырып баяндайды және ол ойды қалай болса, солай емес, мейлінше түсінікті, шебер жеткізуге тырысады. Ал жазушы тілін түсінікті, әсерлі, дәмді ететін бейнелеу құралдарының бірі — фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, идиомдар. Бұларды қолдануда жазушылардың әрқайсысы әр қилы тәсілдерге барады. М. Горькийдің шығармаларында айрықша роль атқаратын мұндай афоризмдердің сыр-сыпатын жете білмейінше аудармашы жұмысының нәтижесі шамалы.

М. Горький тілінің басты ерекшелігі жалпы халықтық тілмен тығыз байланыстылығында. Жазушы тілі халықтық дегенде біз осыны ескертеміз. Өйткені ол жалпы халықтық фразеологияны пайдаланған.

Заманның даму ерекшелігіне орай әлемдік әдебиет майданына келген М. Горький шығармаларының идеясы, мазмұны, тілі дәуірдің салмақты жүгін арқалағаны мәлім. Біз жазушы тілінің басты ерекшелігі дегенде жалпы халық тілімен жазушының өз творчествосының қабысуын айттық. Бұл да сол дәуірдің шындығына орай тіл дамуының негізінде туған талап болатын. Оның үстіне «чем богаче язык выражениями и оборотами, тем

лучше для искусного писателя»⁷² екенін, әсіресе, М. Горький жақсы білетін.

Жазушы фразеологизмдердің барлық түрін пайдаланған. Олардың бәрі де сол шығарманың бүкіл болмысына өң беріп, белгілі бір шындықты жеткізуге сеп болады. Қоғамның әр қилы топтарының сөйлеу формасы ретінде және жазушының соларға деген көзқарасын танытатын рольде жұмсады.

М. Горькийдің тағы бір ерекшелігі мақал-мәтелдерді қолданғанда, әйтеуір тіл көркем болсын деп қана емес, орыс әдеби тілінің бүгінгісі мен ертеңін ойлап, соны дамытуға, байытуға көмегін тигізсін деген мақсатпен саналы түрде іске жарады. Жазушының творчествосын зерттеуші орыс ғалымдары оның шығармаларындағы фразеологизмдерді, мынадай бірнеше топқа бөліп көрсеткен: кітаби үлгілер қоғамдық-саяси және техникалық мамандыққа қатысты фразеологизмдер⁷³.

Қаламгердің халықтық фразеологизмдерге соншама құмар болуының сырын өз сөзімен де аңғартуға болады. «Вот как хорошо сочиняют. Все просто, слов мало, а чувства много. Настоящая мудрость немногословна...»⁷⁴.

Халықтың жан дүниесін дәл танытатын қысқа, нақты сөздер тобы жазушының творчествосына айрықша реңк береді. Шығармада суретте-

⁷² А. С. Пушкин. Сочинения, т. V, 1956.

⁷³ В. Ф. Рудов. Фразеология произведений М. Горького. «Уч. зап. Таганрог. гос. пед. ин-та», 1957.

⁷⁴ М. Горький. «Лев Толстой». — Сочинения, т. XVI, стр. 27, 291.

летін белгілі бір бейненің дәл сол сәттегі кейпін, жан дүниесін фразеологизмдер арқылы өзгеше әсерлі беруге бейім. Мәселен М. Горький өзінің «Фома Гордеев» романында мұжықтың өні туралы былай дейді. «И ему казалось, что поют не двое людей, все вокруг поет, рыдает и трепещет в муках скорби, все живое обнялось крепким объятием отчаяния». Бұдан Фома Гордеевтің өмірге деген өкінішті өксігін, іштей егілуін көреміз. Ал адам төзгісіз өмірдің ащы шындығын білдіретін ұйытты сөзді жазушы мұжықтың аузына салған:

«Э, эх ваше степенство,— вздохнул мужик, горе заставит — бык соловьем запоет...».— Мұнда фразеологиялық тіркестің стилистикалық өңі арқылы, яғни халықтық афоризмнің әсері арқылы кісі төзгісіз амалсыздықты көрсетуді мақсат еткен автордың контексті дамытылған.

М. Горький шығармаларында күнделікті тұрмысқа байланысты қарапайым сөйлеу тіліне жататын (народная разговорно-бытовая и просторечная группа) фразеологизмдер де мол. Осыларды мол кірістіре отырып, жазушы орыстың әдеби тілін байытты. Тілдің тарихи жағынан дамуын жете түсіне келіп, ол әдеби тіл мен халық тілі дегеннің айырмасын ажыратты. «Уместно будет напомнить, что язык создается народом. Деление языка на литературный и народный значит только то, что мы имеем, так сказать, сырой язык и обработанный мастерами»⁷⁵. Горький қалыпқа түспеген халық тіліне әдеби ажап беріп, өндеп

⁷⁵ М. Горький. О литературе. М., 1937, стр. 220.

мәдениетті түрге енгізеді. Одан бұрын да жазушыға өнеге болған қалам иелері бар. Горький бұл мәселеде алдымен соларға сүйенген. Халық тілін пайдаланудың асқан үлгісін көрсеткен — Пушкин. Орыстың ұлы ақыны туралы оның: «Первым, кто прекрасно понял, это был Пушкин, он же первый и показал, как следует пользоваться речевым материалом народа, как надо обрабатывать его»⁷⁶, — деген сөзі осыған дәлел.

М. Горький қарапайым фразеологизмдердің ішінен өміршең формаларын тауып алады, соның қолдануын әдеби нормаға жеткізуге күш салады. Мұның ерекше көзге түсетін себебі оған дейінгі дәуірде көркем шығармада халықтық фразеологизмдердің қолданылу аясы онша кең болмайтын. Оларды әдеби қалпына түсіру жағы өте баяу жүріп жататын. Оның себебін орыстың атақты оқымысты тілшісі Даль дәл көрсетеді. Ол мақал-мәтел жинаймын деген адам халықтың арасына барсын, білімді оқымысты ортада нақыл сөздер жоқ, өйткені олар мақалдап сөйлеуді «мәдениетсіздік»⁷⁷ деп біледі дейді.

М. Горький қолданған фразеологизмдердің көбі кейін әдеби тілге айналып, белгілі бір нормаға ие болды. Мысалы: *поехала кума, неведомо куда* («Фома Гордеев»).

Орыс тілінің тамаша білгірі М. Горький о бастағы мағынасын сақтаған, яғни номинативтік мағынасын жоғалтпаған мақал-мәтелдерді пайда-

⁷⁶ Бұл да сонда.

⁷⁷ В. Даль. Пословицы русского народа. М., 1862.

ланады. Әрине бұлар көбіне ауыспалы мағынада болып келеді.

Жазушы творчествосында ауыз әдебиетінде мол кездесетін эпикалық әуендерге толы үлгілер де бар. Халық өлеңдері, жұмбақтар, тақпақтар белгілі мақсатқа орай шығарманың өңін кіргізетін мысалдар. «Начало искусства слова — в фольклоре», — деп М. Горький мейлінше дәл айтқан. Көркем туындының қандай бір түрін алсақ, не қай жазушының тілін тексерсек те алдымен берілетін баға — тілінің көркемдігі. Ал тіл көркемдігі қашан да халық творчествосындағы шексіз байлықтың мекені. Соны жайлаған жазушы ғана шеберлік шыңына шеру тартпақ. Сонда ғана халық тілінің қазынасы игеріледі. Сонда ғана тіл байлығы дегенді анық түсінуге болады. Ескі өлеңдер, ертегілер қай тілдің де бар қасиетін тамаша танытатын үлгілер. Мұны жете түсінген, түсініп қана қоймай белгілі бір кезеңде әдеби тілдің дамуына дерек ретінде жаратқан жазушы — М. Горький. Бұлар түгілі оның шығармаларында жаргондық («при плохих картах всегда с козыря ходи» — «Фома Гордеев») үлгілер де жетерлік.

Фразеологизмдердің грамматикалық, стилистикалық және функциональдық өзгешелігі бар.

Ендеше М. Горький пайдаланған фразеологиялық топтардың өзіндік ерекшеліктерін байқау қажет. Фразеологизмдер көркем әдебиетте қашан да белгілі бір сөйлем ішінде беріледі. Олай болса бұларды сөйлеммен байланысты тексерген дұрыс. Кейде бұлар өзара синоним болып та жұмсалады.

Бірақ мұның сыры әдеттегі синонимдерден басқаша. Фразеологияның грамматикалық ерекшелігі дегенде осы қасиетін, яғни сөйлемде белгілі бір грамматикалық формада, белгілі бір сөз табын тілейтінін айтамыз. Сөйтіп ол грамматикамен әсіресе морфологиямен байланысты екен. Ал лексикологиямен байланысты болатын себебі, онда лексикалық сөздердің болатындығынан. Фразеологизмдер белгілі бір сөйлем мүшелері ретінде көрінетіндіктен синтаксиспен де тығыз байланыста. Сөйлемнің бастауышы болса тәуелсіз, баяндауыш не басқа тұрлаусыз мүшенің бірінде тұрса тәуелді қалыпта жұмсалады. Фразеологиялық тіркестердің грамматикалық заңдылықтары, олардың стилистикалық қызметін де танытады. Яғни бұл синтаксистік стилистика элементі.

Бұдан біз фразеологизмдердің белгілі бір грамматикалық формаға түсіп, қажетті стилистикалық қызмет атқаратынын көреміз. Сөйлем — біздің қатынас құралымыз — тілдің ерекше единицасы. Егер сол сөйлемдегі кейбір сөздің, не жай тіркестің бірінің орнына фразеологиялық тіркесті қолдансақ, сөзіміз басқаша стилистикалық өң-ажарға ие болатынын байқаймыз. Әлгі сөйлеміміз бұрынғыдан гөрі экспрессивті-эмоционалды кейіпке түседі, басқаша айтқанда, әсерлі әсем болмақ. Бұлар сөйлемнің басқа мүшелерімен байланысқа түскенде, әр қилы мінез танытады. Егер бастауыш ролінде тұрса, сол бастапқы дербес күйі сақталады, ал сөйлемнің басқа мүшелерінің бірінде тұрса әбден кірігіп кетеді. Сөйтіп олардың грамматикалық байланыстары әр түрлі.

М. Горький шығармаларынан байқалатын бір жайт, ондағы фразеологизмдердің бәрі дерлік жоғарыда айтылған әр қилы қызметте жұмсала-тыны. Яғни олар барлық грамматикалық, синтаксистік, стилистикалық қызметте жұмсала береді. Тек бастауыш болып келетін фразеологизмдер өте сирек. Мысалы: «*Вот и Валамова ослица заговорила*» («*Фома Гордеев*») деген сияқтылар.

Өмір шындығын, қоғамдық құбылысты, болмыстың неше алуан фактілерін көркем суреттеу үшін предикативті фразеологизмдерді жиі қолданған. Контекске синоним боп келетін фразеологиялық тіркестердің номинативті мағынасы баяндауыш қызметінде белгілі бір қозғалыс процесін, соның қалай өтіп жатқанын, қандай белгілері барын көрсетеді. Мысалы: «*А ты прежде время не горуй,— сказала она*» («*Фома Гордеев*»). Осы фразаны «*подожди*» деген бір сөзбен алмастыруға да болар еді. Бірақ ондай жағдайда жазушы ойлаған көркемдік қасиет көмескі күйде қалады. Сөйлемнің көркемдігіне нұқсан келеді.

М. Горький фразеологизмдерді творчестволықпен қолданады дедік. Мұның мәнісі қалай. Ол баяндалатын құбылыстың ыңғайына орай фразеологизмдерді әр қилы қызметке жегеді. Құрылысы, формасы өзгеруі де, өзгермеуі де мүмкін. Ол автордың творчестволық мақсатына байланысты. Мысалы: «*загребать жар чужими руками*» деген фразеологиялық тіркесті талдағанда, мынадай жағдайды анықтаймыз. Мұнда «*чужими руками*» деген еркін тіркес семантикалық жағынан әлсіз байланысқан «*загребать жар*» дегенге

омоним мөндес. Ал ауыспалы мағынасы жағынан бұлар фразеологиялық тіркес. «Загребать жар руками» дегенде әлі фразеологиялық бола алмайды. Ол үшін «чужими» деген сын есімді қосып «руками» зат есімімен байланыстырғанда ғана фразеологиялық мағынаға көшеді.

Осы фразеологиялық тіркес сөйлемде басқа мүшелермен байланыстырушы баяндауыш қызметінде жұмсалады. Мысалы: «А что ее Сонькой зовут это всем известно... И что она любит *чужими руками жар загребать* тоже все знают» («Фома Гордеев»).

Бірақ М. Горький бұл фразеологиялық тіркестің осы күйінде берер жалпы мағынасын қанағат етпейді. Оны белгілі бір құбылыстарды көрсету мақсатына жақындатып нақтылай түседі. Мұны ол «чужими» деген сын есімді басқа сөзбен алмастыру арқылы іске асырады. Дерексіз мағынадағы «чужой, чужими» сөзінің орнына «рабочих» деген нақтылықты танытатын сын есімді қолданады. Мысалы: «не удастся вам *загresti руками рабочих жар в свои пазухи...* («Жизнь Клима Самгина»).

М. Горький сөйлемнің тұрлаусыз мүшесі қызметінде жұмсалатын фразеологизмдерді де едәуір қолданады. Бұлар атрибут мәніндегі фразеологизмдер. Сөйлемде көбінесе анықтауыш ролінде жұмсалады. Мұндай қызметте жұмсалатын көбінесе идиомдар, қарапайым фразеологиялық тіркестер, синтаксистік құрылысы әбден қалыптасқан фразеологиялық штамптар т. б. Бұлардың стилистикалық қызметі тілдің көркем құралдары

қызметімен тығыз байланыста болмақ. Мына мысалға көңіл бөліңіз: «который человек сам за себя отвечать не может, значит — боится он себя, значит *groß ему цена*» («Фома Гордеев»). Осындағы курсивпен берілген фразеологиялық тіркес «человек» деген сөзге предикативті анықтауыш ретінде жанасып тұр.

Жазушы шығармаларында өз алдына жеке сөйлем ретінде қолданылатын фразеологизмдер де бар. Олар жай сөйлем болып та, күрделі сөйлемдерде не басыңқы, не бағыныңқы болып та келе береді. Сауаты бар Маякиннің қызына үйлен дегенде Фома былай дейді: «но это — пустое дело. Всякая *ржавчина, очищается, ежели руки приложить...*». Бұл — қоғамдық құбылыстарды, халық тұрмысын бұлжытпай танытатын фразеологизм.

Өз алдына жеке сөйлем, немесе күрделі сөйлемнің бір бөлегі болып көбінесе мақалдар, мәтелдер, афоризмдер, цитаттар және қарапайым сөйлеу тілі формасындағы фразеологизмдер қолданылады. Жеке сөйлем болу үшін оның бастауышы мен баяндауышы болуы қажет екені белгілі. Бұлардың кәдімгі сөйлемдерден айырмасы оның грамматикалық құрылысында емес, фразеологиялық тұтастығында, яғни компоненттер жиылып беретін ауыспалы, астарлы мағынасында. Ал сол фразеологиялық мән, мағыналық әр дегендеріңіз стилистикалық қызметті айқындайды. Олай болса грамматика жағынан қарағанда фразеологиялық тіркестер мен сөйлемдер арасынан алшақтық іздеудің қажеті жоқ.

М. Горький шығармаларындағы фразеологизмдердің көпшілігі құрылысы жағынан бастауыш, баяндауыш және сын есімнен болған анықтауышты болып келеді. Кейде «есть», «является» деген сияқты етістіктер түсіп қалып отырады. Мысалы «*бывший друг — злейший враг*», «*Мать — враг смерти*» («Фома Гордеев»). Белгілі бір тұлғаның мінездемесін беріп тұрған бұл мысалдар жазушының әр қилы стилистикалық өң беруіне септігін тигізген. Алғашқының баяндауышы мінездеме-лік сипатқа ие. Қазіргі қалпында әшкерелеудің түрін стилистикалық өңмен беріп тұр. Мұндай қолданыстар өнімді келеді. М. Горький кейбір фразеологизмдерді стилистикалық мақсатта неше түрлі өң беріп, дамытып, түрлендіріп қолданып отырады. Сөйтіп фразеологиялық тіркестердің жаңа түрлерін жасайды. «*Счастье — возможно полное удовлетворение потребностей*» тәрізділер осыған дәлел.

Жазушы қолданған фразеологизмдердің біразы құрылысы жағынан бір құрамды сөйлемдер сияқты. Бұлардың негізгі ұйтқысы әр түрлі формадағы етістіктер.

«*Золото огнем пробуют*» дегенде ең басты объект зат есім. Ол бірінші орында тұр. Көптеген фразеологизмдер құрмалас сөйлемге бара-бар. Біріне-бірі басыңқы-бағыныңқы болып келетін екі сөйлемнен тұрады. Мысалы: «*Волка не осудит гонимодь, если волк овцу пожрет..., но если крыса мерзкая повинна в овце — крысу осудит он*».

Бұл келтірілген мысалдардан ұлы жазушының халықтық фразеологизмдерді мейлінше сұ-

рыптап мол қолданғанын көреміз. Олардың әр қилы мақсатта, әр түрлі формада ғана жаратылып, жазушы тіліне стилистикалық ажар бергенін байқадық. Бұдан М. Горький өз шығармаларында тек дайын фразеологизмдерді, мақал-мәтел, идиомдарды ғана пайдаланумен шектелген екен деп қорытынды жасауға болмайды. Осыларды творчестволықпен еркін пайдалана отырып, өз тарапынан да мүлде жаңа фразеологиялық тұрақты тіркестер жасап отырған.

М. Горькийдің фразеологизмдерді қолдану ерекшеліктері

Жазушы халықтық және әдеби фразеологизмдерді қолдануда әр түрлі тәсілдерге барған. Соларды және өзі жасаған фразеологизмдердің сипатын, құрылысын, мәнін анықтау аударма теориясының кейбір мәселелерін шешуді жеңілдетеді. Бұларды айқындап алмай олардың аудармасын сөз ету мүмкін емес. Өйткені автордың өзіне ғана тән стилін осы тектес құбылыстар танытады. Біз мұны анықтау арқылы жазушы стилінің жалпы халықтық сипатын және әдеби тілге қатысының қаншалықты екенін қадағалаймыз. Бұл аударма үшін, аудармашы зерттеуші үшін қажет.

М. Горький өз шығармаларында жалпы халықтық фразеологияны сол күйінде ғана алып, қолданбай, оларды сол белгілі шығармаларындағы творчестволық мақсатына орай неше саққа салып өзгертіп құбылта дамытып қолданады. Сон-

дықтан мұндай өзгертулер бір заңдылыққа сай келіп, ерекше стильдік қызмет атқарады. Халықтың нақыл сөздерін түгелдей өзгеріске түсірмей, оның кейбір сөздерін ғана алмастырады, немесе тіркес жігін ажыратып басқаша реңк береді. Кейде фразеологизмнің бір бөлігін тастап қолданады, кейде жаңа бір бөлік қосады. Мұндай өзгертулердің бәрі белгілі бір қажеттілікке орай жасалады. Жаңадан жасалған бөліктердің пішіні әр қилы бола береді. Бірі сол фразеологиялық единицамен бірігіп бір тұтас тұлғаға айналса, екіншісі әрі дербестігін сақтай, әрі бұрынғы фразеологизмге ыңғайланып тұрады, ал үшіншілері бастапқы даралығын сақтап, жанаспай жарыса қолданылады. Осының барлығы да фразеологиялық тіркестерге қажетті стилистикалық өң. Мысалы: «*к чему это собаке волчьи повадки*» деген халықтық фразеологизмді М. Горький былай құбылтады: «*такая собака дому не сторож*» («Хозяин»).

Көптеген мақал-мәтелдерде көнерген сөздер кездеседі. Солардың мағынасын жаңартып, өзгерте қолданып отыратын мысалдар да бар. Мысалы «*антимонию разводить*» дегенді «*анекдоты разводит*» деп алады. Бұдан мынандай қорытынды жасауға болар еді. Фразеологизмдердің құрамындағы компоненттер қатып қалған категория емес. Оларды кейде өзгертіп, құбылтып қолдануға да болады. Әсіресе көркем әдебиетте мұның сан алуан мысалын айқын көреміз. Бұл ретте академик В. В. Виноградовтың мына бір пікірін ескеру керек: «*Можно утверждать, что идиома — это не только продукт окаменения и изоляции слов,*

но и способ, и источник рождения новых слов»⁷⁸.

Ендеше жазушының тіпті идиомдардың өзін құбылту белгілі бір заңдылыққа орай келеді. «Тяп да ляп — не сляпаешь избы» деген сөйлеу тілінде қалыптасқан қарапайым фразеологизмді жазушы неше саққа салады. Алдымен «тяп да ляп — не построишь корабль» деп өзгертіп алады да, мұны әдеби істің болмысын танытарлық ыңғайда мүлде құбылтып әкетеді, «литературный труд — не легкий труд» («Жизнь Клима Самгина») деп дамытып жіберген.

М. Горький өзгеріске түсіруге ешбір икемі жоқ фразеологизмдердің өзін түрлендіріп бергіш. Халық арасында мысқылды білдіретін «пошла писать губерния» деген идиома сөз бар. Соны жазушы кейіпкердің сөйлеуінде былай береді. «Губернияны» «словесность» сөзімен, «писать» сөзін «пылать» пен ауыстырады да сөзуарлықты мысқыл етеді; «Ругается. Бутылочку выпили и пошла пылать словесность» («Жизнь Клима Самгина»). Бұл Фроленковтың сөзі. Мұның мәнін дәл осы шығармадағы мына сөзден айқын көруге болады: «иной раз соберутся, они, молодежь да и начнут козырять, сидишь, слушаешь и — верно. Все слова — русские, а смысл — не поймать». Сол кездегі қайсыбір жастардың, интеллигенцияның тұманды ойы осылай көріне бастаған еді. Бұл фразеологизм сол дәуірдің мөрі тәрізді.

⁷⁸ В. В. Виноградов. Современный русский язык. М., 1938.

М. Горький кейде бұл идиоманы өзгертпей сол қалпында да қолданады: «Дельно. Глупому человеку надо сразу действовать... Навалился, опрокинут... — *пошла писать губерния*» («Фома Гордеев»).

Кейбір толықтырулар фразеологиялық едницаларды бұрынғыдан да әрлендіріп, құлпырта түседі. Мысалы: «*Что у меня на душе, то и на языке*» («Фома Гордеев»), деген фразеологизм басқа формаға еніп құлпырып кеткен. Мұны бұрынғы күйінше қолданатын тұстары да бар. «Клим Самгиннің өмірі» романында өзгертпейді: «*что у трезвого на уме, у пьяного на языке*» бұған жасалған өзгеріс фразеологизмнің өңін айналдырып жіберген. «Ум» сөзі «душа» сөзімен алмастырылған. Мас адам мен сау адам арасындағы контраст мүлде ұмыт болып, нақыл басқаша мағыналық реңкке көшкен. Адам бойындағы өзгеше кейіпті білдіреді.

М. Горькийдің өзі жасаған афоризмдер жетерлік. Олардың бәрі дерлік халықтық нақыл сөзге айналып кеткен. Асыл сөздерді соншама мол жинап зер сала жүрген жазушының өзі де нақылмен сөйлеуге, афоризм жасауға шебер. Ол: «наша речь преимущественно афористична, отличается своей сжатостью, крепостью», — дейді өзінің «Әдебиет туралы» (1937, 290-б.) деген еңбегінде. Горький жасаған афоризмдер халықтық нақылдарға егіздің сыңарындай болып келеді. Солардың үлгісінде жасалады. Ерекшелік жазушының негізгі мақсатына орай айқындалмақ. Ол жаңа афоризмдерді жасағанда халық тілі мен әдеби тілді жа-

қындастыру мақсатын көздейді. Халықтың ауыз-екі сөйлеу үлгісінде қалыптасқан афоризмдер әдеби тілдің шапанын киіп, нормалана бастайтынын көреміз. Мысалы: «... зачем нам на чужое рубище заплата нашивать, если не мы его изодрали» («Фома Гордеев»). М. Горькийдің өзіндік фразеологизмдері дегенде мүлде жаңа нәрсені ғана айтпаймыз. Сонымен бірге бұрын бар нақылды творчестволықпен қолдануды да жаңалық деп қарауға болады. «Счастье — возможно полное удовлетворение потребностей» деген афоризмнің стилистикалық қызметі мұның идеялық мәнін бекіте түседі. Бұл афоризм мәні еңбек сүйгіштік пен мәдениеттің жоғарылығына тығыз байланысты. Осы афоризмді туғызып тұрған контекстегі жағдай.

Алексей Максимовичтің былай жазғаны бар: «Пословицы и поговорки выражают мышление народной массы в полноте особенно поучительной. Вообще пословицы и поговорки образцово формирует весь жизненный опыт, социально-исторический опыт трудового народа, и писателю совершенно необходимо знакомиться с материалом, который научит его сжимать слова, как пальцы в кулак, развертывать слова, крепко сжатые другими, развертывать их так, чтобы было обнажено спрятанное в них, враждебное задачам эпохи, мертвое»⁷⁹.

Халықтың нақыл сөздерге жазушынын сонша-

⁷⁹ М. Горький. Литературно-критические статьи. М., 1937, стр. 346.

ма құмарлығын, оның шығармалары тілінің айрықша көркем болуының себептерін осы келтірілген сілтеме тереңірек түсіндірсе керек. Мақал-мәтелдер көркем әдебиет тілінің аса ірі көркем құралы. Горький ауыз әдебиетіндегі мұндай үлгілерді біліп қана қоймай, олардың өзіндік стилін, өзіндік өзгешелігін т. б. айрықша белгілерін сала-саласымен ажырата таныған жазушы. «Я очень много учился на пословицах иначе — на мышлении афоризмами. Помню такой случай: мой приятель, балагур Яков Солдатов, дворник, метет улицу. Метла новенькая и не омызгана. Посмотрел Яков на меня, подмигнул веселым взглядом и сказал: «хороша метла, а сорье не вымести дотла, я его подмету, а соседи поднесут». Мне стало ясно... Расширить на всю свою улицу, на весь город, на всю землю. Так можно развернуть поговорку»⁸⁰. Міне, ол осылай әрбір мәтел, әрбір мақалда мегзелетін мағынаны үлкен нәрсеге, елдік, әлемдік мәселеге де таралатын етіп дамыта танып отырған.

Шығармаларында өмірдің әр қилы құбылыстарынан өзінше түйін жасап, қорытынды пікір айту үшін мақал-мәтелдердің ролі ерекше. Горькийдің халықтық нақыл сөздерді жинау, олардан творчестволықпен үйрену тәсілдерінің өзі өнеге. Көптеген мақал-мәтелдерді жинап үйрене жүріп, жазушы өзі де сондай нақыл сөздер жасауға кіріседі. Бұл жөнінде ол былай деп жазған: «Сначала записывал пословицы, поговорки, прибаут-

⁸⁰ М. Горький. О литературе. М., 1953, стр. 329.

ки, которые формировали мои личные впечатления... Затем начал сам сочинять поговорки: «Сел дед, поел дед, вспотел дед, спросил дед: скоро ли обед?»⁸¹.

Жалпы халықтық фразеологизмдер негізінде М. Горький мысқыл, ажуа, қалжыңды білдіретін көптеген қанатты сөздер, прибаутка, каламбурлар жасаған. «*Кабы комар столько время жил, с курицу бы вырос...*» («*Фома Гордеев*»).

М. Горький сөздердің бұрынғы мағынасын ала отырып, олардың семантикалық байланысын кеңейте түседі. Және олардың жаңа мағынаға ие болып, жаңа өріс алуына жағдай жасайды.

Жаңадан жасалған фразеологизмдер бар дедік. Бұл процестің табиғаты қандай болмақ. Фразеологизмдер тарихына мұның айрықша қатысы бар. Мысалы: біз мынандай белгілі бір контекстің негізін құрап тұрған сөздерді, сөз тіркестерін кездестіреміз: «Да, так и надо. Только — это не все. В Петре задору нет, в горе» («*Дело Артомоновых*»). Мұндағы Петрде «задордың» жоқ болуы келесі бір жерде фразеологизм жасауға ұйтқы болады. Тек «нет» есімдігінің орнына «без» қосымшасын қолдану арқылы жақсы фразеологиялық единица пайда болған. «*Без задора — ни родить, ни убить*» (бұл да жоғарыдағы мысалдың жалғасы.— *Ө. А.*).

Фразеологизмдердің жігін ажыратып, құрылысын өзгертіп беру де Горькийге тән қасиет:

⁸¹ С о н д а, 497-бет.

Мысалы: «да разве в ней *весь свет уж так и сошелся клином*» («Фома Гордеев»).

Белгілі бір жазушының көркем тілін және оның екінші бір тілдегі көрінісін тексергенде жалпы әдеби тілдегі фразеологизмдердің жағдайын, оларды қолданудағы көпке белгілі дәстүрлі тәсілдердің мән-жайын білу қажет. Бұрыннан бар және жаңадан жасалған немесе жаңа бір мағыналық фразеологизмдердің ара қатысын, бұлардың әдеби тіл шекарасын кеңейтіп, жаңа нақыл сөздермен байытқанын танып білу қажет. М. Горький фразеологияны қолдануда осы мәселелерді анықтап алуды керек деп есептеген. Ол бұрыннан жалғасып келе жатқан дәстүрді танып біліп қана қоймай, соны ілгері дамытқан, тіл қазынасын жаңа нақылдармен байытқан ұлы қаламгер. М. Горький тілді пайдаланушы әрбір топ, әрбір тап өкілдерінің сөйлеу мәнерін, сөздік қорын, қолданатын мақал-мәтелдерін де жете білген. Тіпті тіл табиғатын тарата талдай отырып, ол тіл дамуы сол қоғам дамуына тығыз байланысты екенін айқын сезінеді. Қоғамдық ойдың, қоғам дамуының тілге тигізер әсері айрықша. Ұлы жазушының пікір түйінде бұл былай болып шығады:

«История культуры учит нас, что язык особенно быстро обогащается в эпохи наиболее энергичной общественной деятельности людей вместе с разнообразием новых приемов труда и обострением классовых противоречий. Это подтверждается и фольклором: пословицами, поговорками, песнями, и это естественный путь развития речевого

языка»⁸². М. Горький жазу шеберлігі, тіл мәдениеті және сол халық тілін көркем әдебиетте қолдану мәселесі дегендерге келгенде қаламгерлердің бәріне де ұстаз. Оның фразеологизмдерді қолдану тәсілі күллі творчестволық болмысымен тығыз байланысты. Социалистік реализмнен туындап жататын нәрсе. Өйткені ол қолданған, жаңадан жасалған фразеологизмдер терең мағыналығымен, кең тыныстылығымен шындық өмірді көркем суреттеуге көмектеседі. Әдеби тілдің шеңберін кеңейтіп, сымбаттандыра түскен. Бұл кеңейтулер, көркемдеулер орыс тілінің ішкі заңдылықтарына мүлде қайшы емес. Қайта сол заңдылықтар негізінде туып жатады. Осыған орай М. Горький қолданған фразеологизмдерді орыс ғалымдары мынандай топтарға бөледі:

а) әдебиге тән (литературно-книжный), кітаби фразеологизмдер;

ә) әдебиге тән сөйлеу түріндегі;

б) жаргон сөздер;

в) автордың өзіне тән нақыл сөздері.

Бұлардың барлық түрі жоғарыда әңгіме болды. Ендігі міндет М. Горький шығармаларындағы фразеологизмдердің қазақ тіліне аударылуы жайында болмақ.

Бір тұтас туындыдағы фразеологизмдер жүйесін және олардың аударылу принципі («Фома Гордеев» аудармасы бойынша). Әдеби бейне жасауда нағыз қарапайым халық тілінің негізінде құрылған, бөлінбейтін бір тұтас фразеологизмдердің,

⁸² Сонда, 667-бет.

мақал-мәтел, идиомдардың, тұрақты тіркестердің мәні ерекше. Бұлар кейіпкерлердің сөйлеуіне ене отырып образ жасаудың негізгі көркем деталі боп саналады.

Міне сол себепті көркем әдебиетте жалпы халықтық тілдің элементтерін зерттеп, оның өзге тілдегі көрінісін айқындаудың айрықша мәні бар.

Совет текстологтарының айтуына қарағанда Горький шығармаларының, кейіпкерлерінің тілін дараландыру (индивидуализация) үшін қыруар еңбек еткен. Мәселен, «Фома Гордеев» повесі 1889 жылы «Жизнь» журналында алғаш басылған соң, артынша үш мыңдай өзгеріс енгізген. Оның көпшілігі кейіпкерлердің диалогіне жасалған. Әрбір образдың өзін, мейлінше қадағалап, әркімнің өзіндік тіл өрнегін жасаған. Шығарманың идеялық мазмұны мен тілдік, стильдік айшықтарын айқындайтын элементтер ретінде фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді, тұрақты сөз тіркестерін Горькийдің мол қолданған фразеологизмдер мен мақал-мәтелдерді аудару, аударма теориясының ең қиын күрделі мәселелерінің бірінен саналады.

Күрделі тіркестер — идиомдарды, фразеологиялық топтарды былай қойғанда, жеке сөздердің өзін де екінші тілде беру процесі оңайға түспейді. Өйткені қайсыбір тілді алсаңыз да, оның әрқайсысының өзге тілге сай келе бермейтін толып жатқан ерекшеліктері бар екенін кіріспеде де ескертіп өткенбіз. Туыстығы басқа тілдердің бірінен-біріне аудару процесі оңайға соқпайды. Орыс тілінде жыныстық айырманы білдіретін

грамматикалық категориялар қазақ тілінде жоқ. Мәселен бізде женский род, мужской род деп бөліп жатпайды. Әлгі қиындықтар осы тектес ерекшеліктерге де байланысты. Қазіргі реалистік аударма теориясы түп нұсқаның осы типтес өзгешеліктерін толық жеткізуді талап етеді. Шығарманың тек мазмұнын қанағат тұтып отыратын кез де болған. Енді мазмұн мен идеяға қоса шығарманың сан қилы тілдік құбылыстарын, автордың стилін жеткізу — өмірдің өзі туғызған заңды талап. Яғни, белгілі бір шығарма түп нұсқада қандай болса, аударма тілде де үлкенді-кішілі бар қасиетімен түгел жеткізілуі тиіс.

Ғалымдардың, тәжірибелі аудармашылардың пікірінше, идиомдар мен фразалық топтар аударманың ең қиын саласы екені анық. Бұл фразеологизмдер мен мақал-мәтелдердің өзіндік қасиеттерінен туатын қиындықтар. Және фразалық топтардың әр тілде өзінше тұрақтанған, сол тіл аясына ғана сыйымды тұтас мағынасы болатынын, жоғарыда жеке-дара тексеріп қараған болатынбыз.

Әдетте идиомдар барынша қысқа боп келеді де барлық компоненттері жиылып бір-ақ мағынаны білдіреді. Ал компоненттерін жеке-жеке алып қарасаңыз, өзінің бастапқы лексикалық мағынасынан айрылып, дерексізденіп кеткенін байқаймыз. Бұл көптеген жыл жемісі болса керек.

Фразалық топтар да идиомдар тәрізді қысқа, нақты, тұжырымды боп келеді. Компоненттерінің негізгі орны тұрақты. Бірақ мұның компоненттері

бастапқы, негізгі мағынасынан айырылмай-ақ біртаянақты ойды бейнелеп, тұспалдап жеткізіп тұрады. Идиомдардан айырмашылығы осы қасиетінде. Бұларды аудару кезінде туатын қиындықтар осындай қасиеттеріне байланысты. Бәлкім осы қасиеттерінің кесірінен болар — идиомаларды тек сол халықтың мүлкі деп қарап, оны өзге тілге аударуға мүлде болмайды деген ұғымның соңғы уақытқа дейін белең алып келуі. Ондағы айтылатыны идиом құрамындағы сөздерді жеке-жеке аударғанда мағынасыз бір бәлдір-батпақ боп шыға келеді деу. Осылай қараған да дұрыс. Бірақ, олар әлгі идиом компоненттерін сол тілдің өзінде жеке-жеке алып қарағанда да ешбір мағына бермейтінін ескермейтін. Сондықтан бұл жерде идиомдардың компоненттерін жеке-дара бөліп қарамай, солардың бәрі жиылып беретін мағынасын ғана екінші тілден іздестіруіміз қажет. Сонда біз, әлгідей ел мен елдің, халық пен халықтың арасына қорған орнатып, шек қоймайтын боламыз. Сайып келгенде, бір халықтың тілінде жазылған, айтылған ой мен мазмұнды және оның қалай айтылуын екінші тілде әбден беруге болады. Өйткені ұлт пен ұлттың зат, әлем тұрғысындағы түсінігінде жоғары, төмендік жоқ, бәрінің ойлау жүйесі бірдей. Марксизм-ленинизм қағидасы осыны айтады. Міне, сондықтан совет аудармашы-ғалымдары, жазушылары автордың қандай бір ерекшелігі болмасын, стилін сақтап, аудару керек деп тұжырады. Идиома, фразаларды аудару дегенімізді автордың стилін беруге жол деп қарауымыздың себебі осыдан.

Идиомдарды аудару жайында түрлі-түрлі пікір тараған. Бірі аударуға болады десе, екіншісі, керісінше, аударуға болмайды дейді. Мұндай кереғар пікірлердің туу себебі мынада. Біріншіден, идиомдардың жоғарыда ескертілген ерекшеліктеріне байланысты. Екіншіден, идиом сөздердің аударылу тәжірибесін қорытып зерттеген нақты еңбектің күні бүгінге дейін болмауында. Үшіншіден, бұл мәселе жайында пәлендей бір ереже жасау қиын-ақ. Сондықтан әрбір нақты іс, тәжірибе үстінде аудармашы өзінің білімі, таланты, шеберлігінің шама-шарқына орай бұл мәселені өзінше шешуі тиіс. Оның негізгі сүйенетін тірегі автордың стилі болу керек.

Идиом мен фразалық топтарды, мақал-мәтелдерді аударудың біздіңше, бірнеше жолы бар сияқты. Бұларды кейде сөзбе-сөз калька түрінде аударуға болады, мысалы; *балық та емес, ет те емес* — «ни рыба, ни мясо»-ның, *қойға шапқан батырың, батыр көрсе қой болар* — «молодец против овец, а против молодца и сам овца»-ның аудармасы ретінде тілімізге сіңісе бастады. «Если враг не сдаётся, его уничтожают» — *егер жау берілмесе, оны құртар болар*, «дураку закон не писан» — *ақымаққа заң жоқ* немесе «сухая ложка рот дерет» — *құрғақ қасық ауыз жыртар*, ал «шила в мешке не утаишь» дегенді *қап түбінде біз жатпас* деп аламыз.

Екіншіден аударылатын тілден сол мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің эквивалентін іздеу қажет. Ондай эквиваленттер көптеп табылады.

Халықтардың тіршілік ету формасы, тұрмыс жайы ұқсас келе береді. Соған орай әрбір ұлттың өмір тәжірибесін тұжырып, нақтылап, ұйқастыра айту қабілеті байқалады. Өлгі айтылған сөздің объектісі бір болуына байланысты ұқсас фразеологиялық орам жасалады.

«Махатъ кулаками после боя» — *жау кеткен соң, қылышыңды тасқа шап*; «не в свои сани не садись» — *көрпеңе қарай көсіл*; «что посеешь, то и пожнешь» дегенді қазақша *не ексең, соны орасың*, ал «лучше поздно, чем никогда» мәтелін *ештен кеш жақсы* деп беру осыған дәлел.

Сонымен бірге мағынасы тепе-тең мақал-мәтелдер көптеп кездеседі. Мысалы орыстар «у семи нянек, дитя без глаз» десе, қазақтар *мұны қойшы көп болса, қой арам өлер не қатын көп болса шөмішті ит жалайды* дер еді. Немесе орыстың «кошку бьют, а невестке наветки дают» дегенін *қызым, саған айтамын, келінім, сен тыңда* деп беруге болар еді.

Мақал-мәтелдерді аудару керек пе, немесе эквивалентін табу керек пе деген мәселе айнала-сында да талай пікір тараған. Жоғарыда ескерткеніміздей, кейбір әдебиетші ғалымдар егер фразеологизмдерді аударсақ түп нұсқадағы мағына мүлде жоғалады, бастапқы әсерден жұрдай болады дегенді айтады. Ал басқа зерттеушілер, әсіресе К. Чуковский барлық жерде бірдей мақал-мәтелдердің ана тіліндегі баламасын іздей бермей, қайта мүмкіндігінше аударуға тырысу керек дейді... «ибо народные пословицы тем-то дороги, что

в них самобытная живопись. Национальные приемы мышления»⁸³.

Бірақ қайсыбір тілді алсаңыз да, өзінше бейнелеу әдісі, сол образды тек өзіне ғана тән белгісімен әсемдеп, әсерлеп беру жүйесі болады. Мұндай ерекше белгілер фразеологизмдер мен мақал-мәтелден айқын көрінеді. Сондықтан ондай құбылыстарды қарадүрсін аудару салу білімсіздік болар еді.

Сонымен фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді аударудың тәсілдерін мынадай үш топқа жинақтап айтуға болады. Біріншіден, мақал-мәтел құрамындағы сөздердің заттық мағынасын түгел беріп, дәл аударуға болады. Екіншіден, кейбір сөздердің заттық мағынасын өзгертіпкіреп аудару керек. Үшіншіден, аударылатын тілдегі фразеологизмдер, мақал-мәтелдерді пайдалану қажет. Мақал-мәтелдерді аударудың осы типтес қағидасы орыс тілінде қалыптаса бастаған. Біз, ұлттық ажары айқын аңғарылып тұратын фразеологизмдерді мұндай формулаларға салмаймыз. Бұлардың жөні бөлектеу.

Енді осы әңгіме болған мәселелер тұрғысынан «Фома Гордеев» повесінің қазақша аудармасын талдап көрейік. Кейіпкерлердің сөйлеу мәнерін жеке дараландыру жағынан бұл шығарма теңдесі жоқ туындылардың қатарынан орын алады. Кейіпкер тілін шыңдай түсу нәтижесінде Горький типтендіру дәрежесіне жетеді. Олардың ішкі дү-

⁸³ К. Чуковский. Искусство перевода. М., 1936, стр. 173—174.

ниесін әр түрлі көркем әдістерді қолдану арқылы ғана емес, жалпы халықтық тілдің, әсерлі, өткір элементтерін ұтымды, ойлы пайдалану негізінде де аша біледі. Я. Маякин, И. Гордеев, А. Щуров, Ф. Гордеев, Ефим, Пелягея, Саша сияқты кейіпкерлер арқылы Горький мешандық көпестердің және сол кездегі еңбекші бұқараның күнделікті сөйлеу ерекшеліктерін айны-қатесіз суреттейді. Горький осы процсс кезінде *зенки, прок, тятя, обладатъ, пособить, давеча, заткнуть глотку, утереть нос, гнуть спину, зарубить на носу, хлопать глазами* деген сияқты ауыз-екі сөйлеу тілінің элементтерін, диалектикалық қарапайым сөздерді, фразеологиялық обороттарды, *агромадный, аржаной, яфимка, опссля, насекомая, купецкий, промашка, делов, ихний* типтес фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерді және саудамен айналысатын көпестерге тән *барыш, обернуть вокруг пальца, с руками оторвать, первый сорт, сбывать с рук* тәрізді тіркестерді тартынбай мейлінше мол әрі дәл қолданады. Ондағы мақсат әлгі ортаның күллі қасиетін оқырманға дәл жеткізіп, шын мәнінде көркем шығарма жасау. Горький мұнымен бірге әрбір кейіпкердің өзіне ғана тән сөйлеу ерекшелігі болатынын әсте есінен шығармайды. Жоғарыда есімі аталған бас кейіпкерлердің жалпы ортақ қасиеттері болумен қабат, оның әрқайсысының тек өзіне ғана тән, жеке-дара мінез-құлқы, іс-әрекеті, ұғымына орай сөйлеу мәнері бар.

Әрбір топ, әрбір тап өзін-өзі қорғаштау, мадақтау мақсатымен өзіне пайдалы афоризмдерді қол-

дануға тырысады. Мақал-мәтелдер сол топтың, белгілі бір таптың өмірге деген көзқарасын, идеясын, табиғатын танытатын тілдік фактор. Горькийдің мақал-мәтелге, әр алуан фразеологизмдерге өте-мөте құмар болуының мәнісі осында.

Көркем әдебиетте жалпы халықтық тіл барлық грамматикалық айшықтарымен, сөздік құрамының күллі байлығымен жазушының шеберханасына түседі де, шындықты суреттеудің құралы есебінде пайдаланылады. Жазушы дәл осы жалпы халықтық тіл арқылы әдеби кейіпкерлер мен мінез-құлықтарды сомдап соғады. Кейіпкер бейнесін дараландырып, типтендіріп, диалог жасаудың түрлі әдіс-тәсілдерін құрады. Шығарманың тақырыбы мен идеясын айқындайды, жазушы стилін тұрақтандырады. «Фома Гордеев» аудармасы дегенде ең алдымен айтарымыз бұл повесть тәжірибелі аудармашының қолына тиген. Қайсыбір, аудармашыларды қарағаныңызда, аудармашының кейбірінің түп нұсқа тілін, немесе аударма тілін жете білмейтіндігі көрініп тұрады. Жүсіп Алтайбаев өзінің аудармасында небір қиналады-ау деген кезеңдерден мүдірмей өтіп, ана тілінің заңдылықтарына орай қиыстырып өкетіп отырады. Тілді ойната білу үлкен шеберлік. Ал енді, сол тілді түп нұсқаның ыңғайына қарай бейімдеп, өзге тілде өрнектелген сом бейнелердің саң алуан сөз түйдектерін жасауын, сөйлеу мәнерін, түп нұсқаның шеңберінен шығып кетпей екінші тілде беру және сол аударылғалы отырған тілдің ішкі заңдылықтарын бұзбай беру бұдан да асқан шеберлікті тілейді. Аудармашы аударма өнерінің

осындай қиын да қызықты принциптеріне ыждағатпен қараған.

Бұл шығармада фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді қолданатын кейіпкердің бірі Я. Маякин. Ол өзі өмір сүрген ортаның бар тірлігіне белсене араласып, өз пікірін қаймықпай айтатын, айтқанда да мәнерлі, әсем поэзия тілімен мәтелдеп айтатын адам. Оның сөздері бейнелі, бедерлі. Кез келген жағдайға оның мақал-мәтелі өзір.

Маякин белгілі іскер, шаруа адам ретінде, өз табының ішінен белсенді «еті тірі» өкілдерін жақсы көреді. *«Слаба, брат, душа у ерша, коли у него щетинка дыбом не стоит...»* дейді ол.

Бұл кейіпкердің афоризмінде ешбір дау айтуға болмайтын сол бір кезең көпестерінің айнықатесіз социалды кейпі көрінеді. Ол үшін *«или всех грызи, иль лежи в грязи»*, *«обернуть вокруг пальца»*, *«девка не лошадь, без сбруи с рук не сбудешь...»* т. б. нақыл сөздерін еске түсірудің өзі Маякиннің кім екенін аңғартады. Міне, енді Маякин сияқты буржуазия идеологының бейнесін беруде пайдаланған тілдік факторлардың жайы қалай және олар қазақ тілінің қандай ресурстары арқылы берілген деген мәселені тексерейік. Өйткені М. Горькийдің өзіне ғана тән тіл ерекшелігін белгілі бір кейіпкерлерді соншама ірі, кесек тұлға етіп дараландыра көрсетудегі сөз қолданыстарын тексермей аударманың мәнін айқындай алмаймыз. Олай болса өзінің сөйлеуін негізінен афоризмдерге, мақал-мәтелдерге, фразеологизмдерге құратын Я. Маякин сияқты кесек бейненің

сөз саптауының ана тіліміздегі ажарын байқау қажет-ақ.

Аудармашы Я. Маякиннің сөйлеу тәсілін мейлінше дәл, дәмді етіп беруге тырысқан. Оның Маякин сөйлеуіндегі мақал-мәтел төркінін іздестіріп, фольклорлық жинақтарды шарлағаны байқалады. Олай болмаған күнде, фразеологизмдерді Горькийдің қайдан алып, не үшін пайдаланып отырғанын анықтай алмас еді. Осыдан келіп, аудармашы дегеннің өзі үлкен білімдар адам болу керек деген түйін шығады. Әрбір мақал-мәтел, фразеологизмдердің о бастағы шығу төркінін ажырата білу — аударудың бір кілті есепті. Бұлардың көпшілігі ежелден бері халық ұғымында қалыптасып, қалмай келе жатқан ұтымды, ойлы, ажарлы, айшықты сөз түйдектері болғандықтан құрамындағы кейбір сөздер сонау ертеде өткен кезеңдер жайлы қызықты деректерді мегзейді. Осының бәрін білу фразеологизмдердің айшықты әсерін айнытпай берудің тәсілдерін танытса керек.

Ж. Алтайбаев Я. Маякиннің сөйлеу ерекшеліктерін беруде әр түрлі тәсілдерге барған. Ол негізінен көптеген мақал-мәтелдерді аударып, олардың түп нұсқадағы әрін толық жеткізуге әрекеттенген.

Төмендегі мысалдарға назар аударыңыз: — замечай, как они к тебе ластятся ...*чуют коты сало...*» (стр. 88).

Маякин адамға, әсіресе көпестерге сенуге болмайтынын ескертеді. Кейбір көпестердің Фомаға көңіл айтуын, бай баласына жағыну деп дөп ба-

сады. Сондықтан да оларды мысыққа теңеп отыр. Бұл қазақша былай аударылған.

«— Көріп тұрмысың, бәрінің де саған жалбақтауын... *майдың иісін алған мысықтай*» (92-бет).

Бұл фразеологиялық топ қазақша жатық шыққан. Әрине «алған» дегеннің орнына «сезген» деп алуға болар ма еді деген де ой туады. Бірақ, онда фразалық топқа тән қасиет түгел көріне алмас еді. Ал енді, бұл сөйлемді бөлшектемей түгел тексерсек, басқаша құруға болады. «*Майдың иісін алған мысықтай, бәрінің де саған жалбақтауын қарашы...*» Дәл осылай құрылса, сөйлем қазақ тілінің стилін жоғалтпас еді. Аудармашы түп нұсқаның ағынымен кетіп, әр сөзді әрбір тіркесті рет-ретімен аударып бергендіктен осылай боп отыр. Дегенмен, біздің бұл жерде көрсетпегіміз, фразалық тіркестің аударылуы.

«— Не робей..., хотя у них на брюхе-то шелк *да в брюхе шелк*». Бұл Я. Маякиннің Фомаға қала дворяндарын таныстыру сәті. Мұнда М. Горький халық мақалын орнымен әдейі қолданып отыр. Жазушы өзінің мақсатына орай мақалды сәл өзгертіпкіреп Маякиншілеп берген. Ал негізінде, орыс тілінде бұрынды-соңды шығып жатқан мақал-мәтелдер жинағына үңілсек, бұл мақалдың сәл басқашалау екенін білеміз. Халықтың қолдануында «*на брюхе шелк, а в брюхе шелк*» деген түрі кездеседі. Аудармашы бұл жерде автордың стильдік тәсілдерін ескермей тұра алмайды. Өлгі мақалды М. Горький Маякиннің сөйлеу ерекшелігін дәл беру үшін құбылтып жіберген. Яғни, көбінесе бұзуға, құрамындағы сөздерді бө-

ліп-жарып арасына сөз қосуға келмейді дейтін мақалдардың өзін жазушы әр мақамға салады. Бұл мақал Я. Маякиннің қолдануында бұрынғы мағынасының үстіне қосымша үстеме-кекесінді үн қосқан. *То мен да* қосымшалар жалпы айтылатын ұғымды нақтылап нысанаға дөп тигізіп тұр.

Маякиннің дворяндарды бұлай мысқылдауында мән бар. Ол көпестерді мемлекеттің бірден бір тірегі деп ұғады. Сондықтан дворяндардың негізсіз күпінуіні осылай мазақ етеді.

Аудармада мақалдың негізгі мағынасы дәл берілген. Біріншіден аудармашы мақал компоненттерін түгел аударса, екіншіден оның экспрессивтік әсерін, кекесінді ырғағын тәуір жеткізген,

«— Жасқанба... бұлардың бәрі *сырты жылмаң, іші сырдаң* адамдар» (98-б.). Бұл фразеологиялық тіркес Абайдың әйгілі өлеңі «бойы былғаң, сөзі жылмаңды...» еске түсіреді. Қазақ тілінің нормасына сыйысып, әрі түп нұсқаның стильдік айшықтарын беріп тұр. Осы сияқты, бірнеше мысалды қатарынан берейік:

«— *Стоит перед ним пенъ дерева, а он видит морда зверева...*» (стр. 114).

«— Қарсы алдында *ағаштың түбірі тұрса, ол оны аюдың тұмсығы* деп түсінеді!..» (123-бет).

Немесе:

«*Дуб — дерево хорошее, да плоды его только свиным годны...*» (стр. 136). Қазақшасы:

«*Емен жақсы ағаш болғанымен, оның ұрығын шошқадан басқа жемейді...*» (145-бет). Сол сияқты:

«— *Вот-вот... При плохих картах всегда с ко-*

зыря ходи!» (стр. 185) деген мақал былай аударылған:

«— Я — я... *Қолдағы қартаң жаман болса, әрқашан көзірден жүр!*» деген.

«— Пора им *глотку заткнуть* — давно пора!» (стр. 230).

«— Олардың үнін *өшіретін* уақыт жетті, өлдеқашан жетті!» (248-бет).

Бұлардың бәрі де балама емес, аударылған мақал-мәтелдер. Әрине, кейбірінде мақал-мәтелге тән қасиеттер жетіспей де жатқандай. Мысалы, алғаш сөйлемдегі «пень дерева» мен «морда зверева» жасап тұрған ұйқастық, ырғақтық әуен аудармасында байқалмайды. Соған қарамастан, бұл мақал тілімізге жат емес, өте жатық. Өзіміздің төл мақал-мәтелдеріміздей қабылдаймыз. Мұның аудармасы да «қолмен ұстап, көзбен көруге» болатын нәрсені жуығырақта түсіне қоймай, надандығына басып, басқа нәрсеге жоритын адамдарды көз алдымызға дәл келтіреді. Я. Маякин бұл жерде Фома Гордеевтің аңғал, аңқау, «көр көздігін» дәл тауып, бетіне басып кекеп отыр.

Байқасақ, М. Горький өз кейіпкерінің бейнесін, оның сөйлеу тәсілдері арқылы жан-жақты ашады. Халықтың мақал-мәтелдерін, идиомдық тіркестерін, бірде сол күйінде бұзбай, жігін ажыратпай қолданса, енді бірде кейіпкердің сөзіне кіріктіріп одан бөліп, аршып ала-алмайтындай жағдай жасайды. Я. Маякиннің сөйлеуіндегі фразеологизмдер дәл осындай. Ол ақылгөйлене, күйіне, сүйсіне сөйлеп кеткенде, оның өз сөзі қайсы, мақал-мәтелі қайсы деп жіктеп жатпайсың. Маякиннің

қолдануындағы мақал-мәтелдер оның түпкі мақсатын айқындай түседі, басқа сөздерімен жымдасып, туыстасып, туындап кетеді. Аудармашы «Фома Гордеевтегі» кейіпкерлердің кейпін жасауға негізгі себеп болып отырған, осындай тілдік құбылыстарды қатты қадағалағанын неше түрлі мысалдармен дәлелдеуге болады. Фразеологизмдерді, мақал-мәтелдерді аударғанда, Ж. Алтайбаевтың негізгі тірек еткені, кейіпкерлердің сөйлеуіндегі әлгіндей стильдік ерекшеліктерін беру болса керек. Яғни сөйлемнің мазмұнын ғана беріп қоймай, сол сөйлемнің оқушыға етер әсерін әйгілеп тұрған жеке сөздер мен сөз тіркестерін, фразеологизмдерді, әрі түп нұсқадағыдай қалпында, әрі ана тіліміздің заңдылықтарына сай аударды.

Әрбір сөйлем, әрбір абзацтың көзге ерекше түсіп, сезімге төтенше әсер ететін бөліктері болады. Фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, кейіпкерлер сөзін ерекше әрлендіріп, уыт беріп тұратын сондай тілдік факторлар. Ж. Алтайбаевтың аудармашы ретіндегі сауаттылығы осындай ерекшеліктерді беру кезеңінде айырықша көрінеді.

Я. Маякин өз ортасының идеологы, ақылгөйі, Ол өмірдің қилы-қилы қатпарларын білетін күрделі адам. Бірақ оның ақылы түпкі мақсатына орай айлакерлікпен астасып жатады. М. Горькийдің оған былай баға беруі өте дәл екенін повестің өн-бойындағы іс-әрекетінен көзіңіз жетеді.

«Яков Маякин — низенький. худой, юркий, с огненно-рыжей клинообразной бородкой — так

смотрел зеленоватыми глазами, точно говорил всем и каждому:

«Ничего сударь мой, не беспокойтесь! Я вас понимаю. но ежели вы меня не тронете — не выдам...»

Оның алғашқыда «қой аузынан шөп алмайтын» момақан кейпінен айлакерлікті байқау қиын. Автор оның өн бойындағы қилы-қилы қылығын аузына әр түрлі ұтымды сөздер салу арқылы біртіндеп ашады. Я. Маякин Игнат Гордеевтің досы, ақылшысы. Игнаттың семья тіршілігіне араласып, кейбір мәселелер жайында ақыл-кеңес береді. Маякин досының ер жетіп келе жатқан жалғыз баласы Фоманың қамын жеп: «...ты сунь его с головой в какое-нибудь горячее дело! Золото огнем пробуют...» дейді, оның бұлай өзеуреуінде мақсат бар. Фоманы күйеу бала етіп, сол арқылы Игнаттың байлығына иеленбек. Досын иландыру үшін осылай ұтымды сөйлеп отыр. Осындай фразеологизм Я. Маякиннің өмір көрген, ысылған «ысқаяқ» адам екенін дәлелдейді. Сол себепті мұндай сәттерге аудармашының да қатты көңіл бөліп, оны: «Алтынды от балқытады...» деп алуын орынды дейміз.

Ал енді осы фразеологизмдердің орыс тілінде өзге варианттары бар ма екен, соны байқайық. «Золото испытывается в огне», «Золото огнем, человека делом». «Золото искушается огнем, а человек напастями» деген бірнеше түрі кездеседі. Горький мұның бәрінен де хабардар. Бірақ Маякиннің дәл осы сәттегі әрекетін таныту үшін бұлар жеткіліксіз. Сондықтан бұлардың бәрін ойдан

өткізіп, солардың негізінде халықтық фразеологизм жасаған. Сол себепті *«алтынды от балқытады»* деген қазақша варианты да дәл, нақты берілген деп түйдік, *«Алтынды отпен байқайды»* деу келісімсіз болар еді. Игнат өлген соң, Маякин Фоманы өз балаларындай баули бастайды. Бірақ Фома икемге келмейді. Сонда Маякин ашуға мініп, оны аяусыз міней бастайды *«...Телятам же по медвежьи не реветь!»* (стр. 187), — дейді ол. Қазақшасы *«...Бұзау — аю болып ақыра алар ма?»*, немесе *«накопил злобы на клопа, а пошел на медведя?»* (стр. 276) — *«қандаламен ұстасып, оның өшін аюдан алмақ екенсің ғой?»* Орыс халқында соңғы мақалдың мынадай түрі де кездеседі. *«Пошел с шилом на медведя»*. Мұның мәні — болмашы әрекеттермен үлкен іске кірісетін адамдарды ажуа ету. Ал, М. Горький бұл мақалды мүлде өзгертіп Маякиннің аузына салады да, өткір сықаққа айналдырады. Мұнда автор қандала мен аюды қарсы қойып, Маякиннің табиғатын дәл танытатын мақал жасап отыр. Бұл жәйттердің бәрі аудармашыға үлкен септігін тигізген. Өздеріңіз байқап отырғандай бұл мысалдар да аудармашының сәтті қалам сілтесін танытатын тұстар. Оның орысшасы қандай әсер етсе, қазақшасы да дәл сондай әсер етеді. Мақалдардың беретін негізгі ұғымдары мен сол ұғымды ойнатып, неғұрлым әсерлі жеткізіп тұрған компоненттер әдемі аударылған.

Фомадан әбден күдер үзген Я. Маякин енді басқаша тәсілдер қолданып, мүлде өзгеше сөй-

лейді. Ол Фоманы жұрт көзінше мұқатып масқара етеді.

« —...Али — *свинья ищет, где лужа, а Фома где хуже?*» (стр. 234). Бұл мысалдың қазақша аудармасын берместен бұрын, мақалдың өзін талдап алайық. Мақал Горькийдің өз туындысы. Бірақ оны жадынан шығармаған, халықтық мақал-мәтелдер негізінде пародия түрінде жасаған. Мұндай мақалдарды повестен көптеп кездестіруге болады. Орыста *«рыба ищет где глубже, а человек — где лучше»* деген мақал бар. Горький осының қарсы вариантын жасаған. Бұл не үшін қажет болды? Маякин Фоманы аямай айыптап тұр. Оның бұл кездегі сөзі мірдің оғындай өткір де шешен. Міне Маякиннің осы сәттегі «ділмарлығын» дәл көрсету үшін қажет болды. Біз бұдан жазушының тілдік материалдарды өте шебер пайдалана білетінін көреміз. Халықтық тіркестердің өзін сан саққа салып, ойнатып, құбылтып, әр түрлі мақамда қолданатынын білеміз. Аудармашы үшін мұның бірде-бірі ескерусіз қалмауы тиіс. Ж. Алтайбаев бұл жағын да ескерген. Ол бұл мақалдың да тәп-тәуір баламасын жасайды.

«...Әлде — *шошқа батпаққа дегендейін, Фома азапқа қашатын болған ба?*» (253-бет). Қай жағынан алып қарасаң да, өте сәтті аударылған. Ұйқас десеңіз ұйқас бар, мысқыл десеңіз мысқыл бар. Әйтеуір түп нұсқаға тең түсіп тұрған нақыл.

Осы келтірілген мысалдардан Яков Маякиннің нағыз тұлғасын, белгілі бір ортаның белді өкілі ретіндегі келбетін, оның іс-әрекетін, қылықтарын дәл тануға болады. Өйткені Маякиннің сөйлеуін-

дегі әлгіндей фразеологизмдер, оның кім екенін айны-қатесіз танытса керек. Кейіпкердің бейнесін жасауға негізгі себеп болып отырған осындай тілдік факторлардың қазақ тіліне дұрыс, сәтті аударылғандарын бердік.

Повестегі басқа басты кейіпкерлер сөйлеуінде де мақал-мәтел жиі кездеседі. Бірақ жоғарыда ескерткеніміздей, олардың сөйлеуі Маякинмен бара-бар емес. Әрқайсысының өзіне тән сөйлеу әдісі, сөз құрау жүйесі бар. Өйткені бұлар бір кезеңде өмір сүрген ортаның әр түрлі мінез-құлқыты өкілдері. Сол мінез-құлқы олардың сөйлеген сөзінен айқын аңғарылып тұрады. Горький, міне осындай адамдардың жеке-дара бейнесін жасау үшін ең алдымен, бұлардың сөйлеуіне көп мән береді. Солардың қазақ тіліндегі көрінісі жайлы да бірер мысал келтірейік.

Я. Маякиннен кейінгі ірі кейіпкер Игнат Гордеев. Ол да әлуетті, өз ісіне мығым көпес, бірақ ол жұмысшының ортасынан шыққан. Өзінің іскерлігімен ірі байлықтың иесіне айналған. Ол Маякиндей аяғын аңдап баспайды, «дүниенің астан-кестенін» шығарып, «айқай-шулы» өмір сүруді қалайтын адам. Оның да өзіндік сөйлеу стилі бар. Маякин оқыған қауымның да, қарапайым халықтың да сөйлеу тәсілінен хабардар болса, Игнаттың сөзінде халықтық элемент басым.

М. Горький бұл кейіпкерді оқушымен былай таныстырады: «Сильный, красивый и неглупый, он был одним из тех, которым всегда и во всем *сопутствует удача* — не потому, что обладая огромным запасом энергии, они по пути к своим

целям не умеют — даже не могут — задумываться над выбором средства и не знают иного закона, кроме своего желания» (стр. 1). Енді бұл авторлық таныстырудың қазақша аудармасын байқайық.

«Әрі қарулы, әрі келбетті, табан-ақылды Игнат қандай істе болсын әрқашан *жұлдызы оңынан туып тұратындардың бірі* еді, ал ондайлар талапты да, еңбек сүйгіш те емес, бәрінен де бұрын, қажымас қайрат иесі болып келеді де өз мақсатына жетудің жолын талғап жатпайды — тіпті талғай алмайды — сондай-ақ олар өз дегенінен басқаны тыңдамайды» (1-бет).

Игнат Гордеев осындай адам. Бұл жолдардың да аудармасын құптай отырып, автордың бұл кейіпкерді екі жақты суреттейтінін ескертеміз. Оның сөйлеуіндегі фразеологизмдер осыны аңғартады. Игнат Гордеев бір жағынан кәдімгі қанаушы жыртқыш таптың нағыз өзі болса, екінші жағынан ол халық арасынан шыққан кәдімгі қарапайым адам. Еділ бойының мұжықтары сияқты бейпіл өмірді, еркін қимылды жақсы көреді. Кейіпкердің мінез-құлқын, іс-әрекетін, жалпы әдеби тұлғасын айқындайтын фразеологизмдердің біразы мұнда да бар. Мәселен, ол өртенген кемесіне қарап тұрып былай дейді:

«—... плачь, пожалуйста: *слезы пожара не потушат*» (стр. 6). Бүгін жоғалтсам, ертең табамын деп өзіне өзі сенген күшті адам ғана осылай айта алмақ. Бір жағынан ешнәрсеге өкінбей қолды бір-ақ сілтеп жүре беретін орыс мұжығының мінезі көрінеді. Аудармасы былай:

«...Зар илеп жылағанда, *көз жасыңмен өрт сөндіре алармысың*» (7-бет). Бұл фразеологизмнің жалпы мағынасына нұқсан келіп тұрған бөлендей нәрсе жоқ. Мағынасы айқын. Кілтипан — айтылу стилінде және күллі сөйлем құрылысындағы сөздердің аударылу тәсілінде. Сильді сақтау дегеніміз сөйлемдегі сөздердің ойнақылығын, орнын, әсерін дәл көрсету болса керек. Бұл сөйлем дәл осы моменттегі Игнаттың сезім дүниесінің тамырын дөп басып тұр. Аударма осыны жеткізу керек. Ал стильді әңгімелейді екеміз, мұндай сәттерге назар аудармауға мұрша жоқ». — ...жыла, мейлің, бірақ *көз жасыңа өрт сөнбейді*» деген тәрізді беруге болар еді.

« — ...Знаешь: *не согрешишь — не покаешься, не покаешься — не спасешься...*».

«...Есінде болсын: *күнәға батпасаң — құлшылық ете алмайсың, құлшылық етпедің — жан сақтай алмайсың*» (11-бет). Ол әйелі Натальяның көзқарасынан байқаған күнәкерлікті осылай жуыпшаймақ болады. Орыспасынан да, қазақшасынан да сондай әсер аласыз. Немесе мынаған назар аударыңыз:

«Начал ты ...не худо, все обделал, как следует, *вожжи в руках крепко держал...*» (стр. 75).

«Тырнақ алдың... жаман болған жоқ, бәрін де тындырып қайттың, *тізгінді де бекем ұстай білдің...*».

Біздің көңіл бөліп отырған фразамыз «вожжи в руках крепко держал». Игнат баласының алғашқы сапарына баға беріп, тұспалдап, бейнелеп, көтермелеп сөйлеп отыр. Бұл нақылдың да компо-

ненттері түп-түгел аударылған. Шынында да бұл «тізгінді бекем ұстап тұрған» тіркес. Қарапайым мысал болса да аудармашының еңбегін дәл танытады.

Біз Я. Маякиннің де, И. Гордеевтің де фразеологизмдерінің сәтті аударылған деген жерлерін мысалға алдық. Аудармашы көптеген мақал-метелдерді, фразеологизмдерді қалай болса, солай аударма бермейді. Кезі келгенде аударарды да, ал кейбір фразеологизмдердің қазақ тіліндегі эквивалентін іздестіреді. Солардан бірер мысал келтірейік. Әрине бұлардың ішінде сәттілері де, көкейге қона бермейтіндері де бар.

«...иной раз смолчишь — и людям угодишь, и греха не сотворишь» (стр. 72). «...Кейде үндеме-сең үйдей пәледен құтыласың, жұртқа да жағасың» (78-бет).

«— Вот и валаамова ослица заговорила!» (стр. 195).

«— Міне, есекке де тіл бітті деген осы!» (210-бет). Немесе,

«— Ведь она испортит тебя! Ах, блудница вавилонская!..» (стр. 116).

«— Ол сені аздырады! Қап, сені ме, жер-көкті құртқан сіптірі!».

«— А для соуса, для вкуса!..» (стр. 223).

«— А — бұл сән-салтанат үшін?...» (241-бет).

«...псу живому лучше, чем мертвому льву...» (стр. 38).

«... өлі арыстаннан, тірі тышқан артық деген» (95-бет).

« — Вот — гляди! Вот Маякин! *Его кипятили в семи котлах, а он жив!*» (стр. 239).

« — Көрдiң бе әне! Маякиндi! Оны *отқа да, суға да салып* баққан едi, әне сонда да, мiнi, қураған жоқ». Бұл мысалдардың бәрi Я. Маякиннiң сөзiнен алынып отыр. Өздерiңiз байқап отырғандай, аудармашы бұл тұста фразеологизмдердiң ана тiлiмiздегi эквивалентiн, жұбын, баламасын беруге тырысқан. Кейбiрi түп нұсқаның дәл аудармасы сияқты, бiрақ ол аударма емес, қазақ тiлiнде бұрыннан қолданылып жүрген фразеологизмдер. Сондықтан да бұларды эквивалент ретiнде берiп отырмыз. Ал «валаамова ослица заговорила», «блудница вавилонская» деген мифологиялық нақылдардың жөнi басқа. Мұндай фразеологизмдердiң баламасын табу қиын, аудару да мүмкiн емес, түсiнiксiз бiрдеме боп шығар едi. Сонда не iстеу керек? Аудармашының «есекке де тiл бiттi» деп алуын мақұлдаймыз. «Жер-көктi құртқан сiптiрге» келер болсақ, әр түрлi саққа салуға болар едi. Мұны «Ахилестiң өкшесi» деген сияқты «вавилон жезөкшесi» деп аударса да жарар едi. Әйтсе де аудармашының баламасын да терiс дей алмаймыз.

Ендi Игнат Гордеевтiң сөйлеу ерекшелiгiн байқататын фразеологизмдердiң эквивалентiн қарастырайық.

«А ежели который слабый, к делу не склонен — *плюнь на него ...пройди мимо*» (стр. 33).

«Ал егер қолынан дәнеңе келмейтiн ез екен, *өлмесе өме қапсын, жуыма*» (35-бет).

«...*Чужого не желай, своего береги крепко...*».

«...Ешкімнің ала жібін аттама, өзіңдікіне берік бол...».

«Люби жену как душу, тряси ее как грушу» (стр. 9).

«Қатынды бастан, баланы жастан» (9-бет).

Горький геройлары одағай сөздер мен есімдіктерді де мейлінше көп қолданады. Олар кей сәттерде мақал-мәтелдерді, өткір нақыл сөздерді, фразеологизмдерді ауыстырып, солардың қызметін де атқарып кетеді. Мұндай сәттерде аудармашы әлгі одағай сөздердің мағынасын қазақ тіліндегі нақыл сөздермен нақты береді. Өйткені оларды дәл сол күйінде сөзбе-сөз аударса түсініксіз бірдеңе болып шығар еді. Сөздің эмоциясын, эффектін екінші тілде беру оңай емес. Аудармашы бұл тұста оның мағынасынан ауытқымауға тырысады. Мысалы:

«Әх ты...».

«Сенген қойым сен болсаң».

Немесе:

— «А на всякий случай...» (стр. 103).

« — Жаман айтпай жақсы жоқ» (111-бет).

Әрине барлық уақытта мұндай бола беру мүмкін емес. Одағай сөздерді сол қалпында, одағай сөзбен әдемі аударған сәттер де көп кездеседі.

Кейде аудармашы Я. Маякин, И. Гордеев, Щуровтардың шұбыртып ала жөнелетін нақыл сөздерінің ешбір компонентін де тастамай, ұйқас, ырғағын да дөп түсіріп, желдіртіп әкететіні бар. Мысалы:

«...С женой, значит, хорошо жил...— сказал он.— Ну, что ж? Мертвому — рай, живой — даль»

ше ирай!.. (стр. 236). Бұл Я. Маякиннің баласы Тараспен сөйлесіп отырғанда айтқаны. Жөн-жобаны білетін, діннен де хабары бар кәрі көпестің көңіл айтуы бұл. Жаны ауырмаса да жоралғы жасағаны. «*Өлгеннің артынан өлмек жоқ*» деп отыр. Қазақшасына назар аударыңыз.

«— Демек, тұз-дәмің жарасты ғой... — дейді ол. Несі бар өлгенге — *иман, тіріге — жан* деген! (256-бет).

«Дело ясное: *девки — сливки, бабы — молоко, бабы — близко, девки — далеко...*» (стр. 114). Аудармасы:

«Әңгіме түсінікті емес пе: *қыздар — қаймақ болғанда, қатын айран! Қатын — арзан, таппақысың — қызды қайдан* деген (123-бет).

Немесе:

«*Всякий скот пил из кринки, остались подонки, а дурак из грязного горшка сделал божка!..*» (стр. 113). Аудармасы:

«*Итаяқтың түбінде сарқын қалар, зердесіз жан сонан кеп дәрет алар!* деген (122-бет).

Бұл екі мысалдың екеуі де қазақтың қара өлеңінің үлгісімен аударылған.

Аудармашының табысын дұрыс танытар ма екен деген мысалдардың бірсыпырасын талдап өттік. Әлі де көп.

Енді аудармашының ағат кеткен жерлерін әңгімелейік. Бұл ретте де біз фразеологизмдердің аудармасын сөз етеміз. Және кейіпкерлерге жеке-жеке тоқталмай-ақ, кез келгенін алып талдаймыз.

Белгілі бір халықтың ғасырлар бойғы әдет-ғұрып, салт-санасы, күнделікті тұрмысына бай-

ланысты қалыптасқан ұғымдары болады. Соған орай түрлі мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, нақыл сөздер жасалады. Яғни, керісінше, әлгі мақал-мәтелдер белгілі бір халықтың, белгілі бір дәуірдегі тіршілік тынысынан хабар беретін тарихи факторлар.

Аудармада мұндай факторларға мән бермеуге болмайды. «Фома Гордеевтегі» фразеологизмдердің біразын қазақ тұрмысына тән *тайлақ*, *бұзау*, *қой*, *түйе* т. б. сөздеріне байланысты туған мақал-мәтелдермен аудару ұшырасады. Көп жағдайда бұл жаңалықтар оқушыны түп нұсқадан аулақтататын тәсіл. Біздің көптеген мақал-мәтелдеріміз, фразеологиялық тіркестеріміз мал шаруашылығына байланысты жасалған. Аудармашының бұларды кез келген жерге кіріктіріп жіберуге бейім тұруы осының әсері. Мына мысалдардан осыны байқауға болады.

«Фома посмотрел на нее и подумал: *«смирная какая при отце-то...»* (стр. 136).

«Фома оған көз жібереді де: әкесі отырған жерде *қойдан қоңыр момақан* бола қалатыны-ай осының ...деп ойлады» (145-бет).

Мұндағы «смирная» деген жалғыз сөзді аудармашы «қойдан қоңыр момақан бола қалатыны-ай» деп берген. Сөйлемді түгел тексерсек, бұдан бетер жәйттерге тап боламыз.

«...— Это она тебя всю зиму *за нос водила?* Ну но-ос! Ах она, *стервоза!*» (стр. 116).

«...— Ұлан қыстай сені *мұрнын тескен тайлақ-тай* жетелеп келген сол екен ғой! О меңіреу! Қап, ана *бетпақты-ай!*»

Аудармада Маякин Фоманы тайлаққа теңейді. Әрине Фоманың София Мединскаяға соншама еліктегенін бұл теңеуде соншама айқын беріп тұр. Бірақ оның аударма екені байқалмайды. Кәдімгі «тайлақ мінген Тәңірбергендердің» бірі ме деп қалуыңыз да ғажап емес. Аударма әрі шебер, әрі аударма екені көрініп тұруы керек. Олай болса Фоманың бұл жерде тайлақ сияқты болуының реті жоқ. Сондай-ақ Я. Маякиннің А. Щуров туралы «*поехала кума, неведомо куда!*» деп мысқылдай сөйлеуін «*мал құлағы саңырау, ести көрме тәңір-ау!*» деп аударуы да сәтсіз деп есептейміз.

Болмаса, мына бір мысалды қараңыз: «*или всех грызи, иль лежи в грязи*» (стр. 111). Бұл Маякиннің болашақ күйеу баласын баулып отырған шағы. Қазақша былай болып шыққан: «*алпыс күн атан болғанша, алты күн бура бол*» деген (117-бет). Бұл балама мүлде келмейді. Бірақ бұл «*а слона-то не приметил*» дегенмен бара-бар емес. Мұны кейбір аудармашылар «*Көрмес, түйені де көрмес*» деп алудың орнына, пілден айрылып қаламыз деген мақсатпен күлкілі жағдайға душар боп жүрген жайы бар. Ал мынау мысалға «атан» мен «бураны» тықпалаудың жөні жоқ. Маякиннің атан мен бурада шаруасы қанша. Олай болса мұның мәнін басқаша беру керек. Мәселен «*не бәрін құрт, не бар да батпаққа бат*» деген сияқты.

Эквивалентін іздестірмей-ақ әбден аударуға болатын фразеологизмдер де молшылық. Мысалы:

«И что она любит *чужими руками жар загребать* тоже все знают» (стр. 112). Мұны былай берген:

«Басқаның есебінен өз құлқынын түгендеуге үйір екені де мәлім» (112-б.). Аудармашы бұл фразаның жалпы мағынасын ғана алған. Бұл аударма емес. Түп нұсқаға ұқсас бір вариант сияқты. Онда да оңып тұрғаны шамалы. Осыны дәл, яғни компоненттерін түгел аударып, әрі ауыспалы мағынасын сол қалпында әсерлі жеткізуге болар еді. «*Басқаның қолымен от көсеуді ұнатады*» десе, әлдеқайда ұтымды. Дәл осы сияқты «*горе заставит — бык соловьем запоет*» дегенді «*басқа түссе баспақшыл*» деп бергеннен гөрі «*басқа түссе — бұқа бұлбұлша сайрайды*» деп аударғанның өзі абзал. Не болмаса «*надо клин клином вышибать*» деген фразеологизмді «*қардың басын қар алар*» деп алғаннан гөрі «*сынаны сынамен қағып түсірер болар*» сияқты етіп аударса еш нәрседен ұтылмайтын тәріздіміз. Көріп отырсыздар, басқа тілдегі фразеологизм, мақал-мәтелдерді аудару арқылы ана тіліміздің қорын байытуға, кемсіліне келтіруге әбден болады екен. Жоғарыдағы нақыл сөздердің аудармасын біз көрсеткендей етіп алса, ана тіліміздің мүмкіндігі мол екенін танытар еді. Осы сияқты бірнеше фразеологизмдердің үлгісін көрсетейік. «*Заруби себе на носу*» — «есіңде болсын» дегеннен гөрі «*құлағыңа құйып ал*» деп эквивалентін берсе орынды.

«*Кашу слопал — чашку о пол*» — «күл болмаса, бұл болсын» емес, «*асыңды ішейін, аяғыңа...*» деген тәрізді. «*Ты в грехе, ты и в ответе...*» —

«күнә кімдікі болса, жауап соныкі» емес. Бұл аударылған нақыл, бірақ түп-түгел орысша. Қазақ бұлай айтпайды. *«Өзің күнәлісің, өзің жауап бер»* десе де икемге келер ме еді бәлкім.

Аудармашы біраз фразеологизмдердің *«шляпасын шыр айналдырып»* жіберуге әуес. *«Она тебә образует»* дегенді де *«вокруг пальца обернул»* деген фразеологизмдерді де *«шляпасын шыр айналдыру»* деп береді. Бұл «шляпаның» келмейтінін өзіңіз де байқап отырсыз. Әрқайсысын өзінің мән-мағынасына орай бөлек аударуға болады ғой. *«Старый ведь вы человек»*-ті *«пайғамбар жасындағы адамсыз»* деп шатастырудың қандай орны бар.

«Фома Гордеев» повесінің қазақша вариантынан байқаған жәйттердің түрі осылай. Бізде не жетістігін, не кемшілігін баса көрсетейін деген мақсат болған жоқ. Бар болса, екеуін де қабат, қатар алып қарастыруға тырыстық. Кейіпкерлердің бейнесін жасауда айрықша роль атқаратын, жазушы тілінің шешендігін байқататын тілдік факторлардың ана тіліне берілу сапасын бүгінгі ғылыми көзқарас негізінен талдап көрдік. Повестегі фразеологизмдерді барынша қамтып, олардың әр түрлі сапада, әр түрлі әдіспен аударылғанын айттық. Бұдан шығатын қорытынды аудармашы екі тілді бірдей жетік білумен қатар, білімпаз болуы керек. Ал повестің аударма тілі бүгінгі сөйлеу, жазу тіліміздің деңгейін танытады, әрі орыс тілінің әсерімен жасалған жаңа обороттар, тіркестер, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер аудармашының тапқырлығын көрсетеді.

Сонымен жоғарыда сөз болған мысалдардан мақал-мәтелдерді, фразеологизмдерді аударуға болатынын көрдік. Оның бірнеше жолы бар екен. Әрине мұның бәрі, аударма сияқты азабы мен қызығы мол істе дөп келе бермеуі мүмкін. Түп нұсқаның бәрі біз айтқан үш тәсіл төңірегіне кеп түйісе береді. Қалай дегенде де аудармада түп нұсқадағы кестелі сөздерді келісімді етіп беруге әбден болады.

Дәл осы тектес мысалдарды ертелі-кеш қазақ тіліне аударылған басқа да шығармалардан алып талдап беруге болады. Біз оңдай жағдайда, көбінесе қайталауға ұрынатын болғандықтан, әрбір шығармадан терілген мысалдарды жеке-жеке әңгімелеуден қашыңқырап, келесі еңбекте оларды қосымша ретінде бермек боп отырмыз. Онда, бар факті белгілі бір жүйеге түсіріліп, сараланады.

Ендігі жердегі көркем туындыда тарихи ұлы бейнені жасауға жаратылған фразеологизмдерді қазақ тіліне аударудың тәжірибелері талданады. Бұған дейін фразеологизмдердің бір тұтас туындыдағы жайы зерттелді.

В. И. Ленин образын жасауда қолданылған бейнелеуіш құралдардың аударылуы

Аударма әдебиеттегі В. И. Ленин бейнесін сөз еткенде, біз оны ең алдымен түп нұсқа әдебиеттің өзімен тығыз байланыста қарауымыз керек. Өйткені аудармада әңгіме болатын жай — сол образды жасауда автор қандай стильдік тәсілдерге ба-

рып, тілдік материалды қандай дәрежеде іске жарата алды деген мәселелердің екінші бір тілдегі көрінісі. Бұл тұста аударылатын екінші тілдің бар қасиеті сарапқа түсіп, ішкі мүмкіндіктері аршылмақ. Сонда аудармашы ұстанатын басты мақсат — мазмұн мен форманың бірлігі, тұтастығы. Мазмұн дегеніміз белгілі бір шығарманың баян етілетін ойы, ал форма дегеніміз сол ойдың тіл құралдарымен өрнектелуі, оқушыға жеткізілуі. Ендеше бұлардың біріңсіз-бірін сөз ету мүмкін емес. Негізгі мәселеге барар жолда көңілге түйіп алатын бір жай осы.

Орыс тілінде жасалған көсем образының қазақ тіліндегі көрінісі — ауқымы кең күрделі мәселенің бірі. Оның сан түрлі тармағы сала-салаға жіктеліп талданғаны жөн. Көсем жайында жазылған шығарма орыс тілінде біраз бар. Оның қазақ тіліне аударылғаны да ғылыми тұрғыдан зерттеу үшін жетерлік. Әрине, соның бәрін талдап шығу мүмкін де емес.

Владимир Ильичтің аударма әдебиетіндегі образын сөз еткенде әңгімені ең алдымен орыс және қазақ әдебиетіндегі алғашқы тәжірибеден бастауға тура келеді. Жер жүзі еңбекшілерінің көсемі Лениннің әдебиеттегі бейнесін жасау оңай мәселе емес. Қиындығы — ұлы адамның, ұлы істерінің шағын шығарма аясына сия бермейтіндігінде.

Сондықтан Владимир Ильичпен үзеңгілес тірлік еткен дарын иелерінің бұл мәселеде алдымен қалам тартуын ерлікке саюға болады. Бұл аса күрделі проблеманы шешу тәсілдері қилы-қилы. Жазушыларға жеңілдік тигізген жайлар да бол-

ған. Ол — көсемнің аңызға айналған кәдімгі табиғи бейнесі мен нақты іс-әрекеттері еді. Көсем бейнесін жасауда айрықша үлгі болған — М. Горький, В. Маяковский, Д. Бедный т. б. Бұл жазушылардың Ленин жайындағы еңбектері 20-жылдардан аударыла бастаған. Содан бергі көркем шығармалардағы бейнелеу тәсілдерін талдап қарасақ тіліміз бен әдебиетіміздің даму барысын танытатын талай белестерді аңғарамыз.

Өзге туыс халықтар сияқты қазақ елінің жазушылары да Ленин бейнесін жасауда ең алдымен орыс әдебиетінің тәжірибесіне иек артқаны белгілі. Ленин бейнесін жасауда қазақ әдебиетіне игі әсерін тигізген жазушы М. Горький. Оның «В. И. Ленин» деп аталатын очеркі көсемнің бейнесін берудегі алғашқы үлгілердің бірі. Горький мұнда өз көзімен көріп, куә болған жайттарды жазушылық жалынмен баяндайды. Көсемнің жанды бейнесін айны-қатесіз көз алдыңызға келтіруге тырысады. Кезінде бұл очерк көптеген жас жазушылар үшін де таптырмайтын үлгі болған. Бұл шығарма қазақ тіліне екі рет аударылды. Алғашқысы 1935 жылы жарық көрді. Кейінгісі 1968 жылы А. Байтанаевтың аударуымен оқырман қолына тиді. Біз бұл аудармалардан көсем бейнесін танумен бірге ана тіліміздің бай қазынасында ежелден бар, бірақ көп аса қызу қолданысқа түсе бермейтін сөздеріміздің әр қилы жаңа мағыналық қызметтерге ие болып, қазақ тілінің дамуына септігін тигізгенін де білеміз. Осыған қарағанда, сөздердің қосымша мағыналары, әсіресе, аудармаларда ерекше қызмет атқара-

ды. Соның айқын бір мысалын «В. И. Лениннің» аудармасынан көреміз.

Мұнда М. Горький Лениннің кәдімгі табиғи тұлғасын әңгімелеумен бірге, оның көркем образын жасауға тырысқан. Бұл очеркте ұлы жазушы әрі тарихшы, әрі суреткер ретінде көрінеді. Алғашқыда бұл очерк «Адам» («Человек») деп аталған болатын. Жазушы адамның ұлылығын, оның даналығын суреттеуді мақсат етіп қояды. Бұл мақсат очеркте шебер шешілген. Ол Владимир Ильичті «Есімі ұлы әріппен жазылатын адам» дейді. Горький мұндай қорытындыға 1903 жылы келеді. Нағыз адамдар дегенде ол Ленин бастаған большевиктерге тоқтайды. Сондықтан да ол партияның Лондонда өткен V съезі жайлы әсерін Венгероваға былай деп жазған: «Русский революционер — со всеми его недостатками — феномен, равного которому по красоте духовной, по силе любви к миру — я не знаю».

Сонымен очерктің өзегі — орыс революционерлерінің жан дүниесінің сұлулығы және өмірге құштарлығы. М. Горький Ленин бейнесін жасауда орыстың бай тіл қазынасын, нақыл сөздерін, фразеологиялық тіркестерді, мақал-мәтелдерді мол пайдаланған. Ендеше М. Горький қолданған тілдік құралдардың қазақ тіліне мейлінше дәл аударылуы Ленин образын жасаудың ең басты шарты болса керек.

Екі аударманың арасы ширек ғасыр. Ал біздің советтік өміріміз үшін ширек ғасыр үлкен мерзім. Бұл мерзім ішінде еліміз әлуетті мемлекетке айналды. Талай тарихи оқиғаларды бастан

кешірді. Соған қарамастан экономикасы, мәдениеті өркен жайды. Әсіресе, ғылым саласындағы табысымызды бір мақала көлемінде таратып айту мүлде қиын. Филологияның бір тармағы боп есептелетін аударма ғылымы да кейінгі отыз-қырық жыл ішінде өзінің негізгі проблемалық мәселелерін түбегейлі зерттей бастағаны мәлім. «В. И. Ленин» алғашқы аударылған 30-жылдарда әлі де болса еркін және сөзбе-сөз аударманың дәуірлеп тұрған кезі болатын. Қандай бір көркем туынды болмасын аудармалар кейде көп сөзбен түсіндіріліпкіреп, кейде түп нұсқаның кейбір тұсын тастап жүре беретін мысалдар жиі ұшырайтын. Белгілі бір кезеңнің ізі бұл. Соған қарамастан «В. И. Лениннің» 1935 жылғы аудармасынан біз мейлінше дәл аударуға тырысқандықты байқаймыз. Жеке сөздерді, сөз тіркестерін сөйлемде орналастыру жағынан 1968 жылғы аудармамен арада аздаған алшақтықтар да кездеседі. Ол түсінікті нәрсе. Уақыт ілгері жылжыған сайын ана тіліміздің арқалар жүгі ауырлай түсуде. Соған орай белгілі бір мағынада ғана жұмсалатын сөздеріміздің қолданылу аясы кеңейіп, әр қилы қызмет атқармақ.

М. Горькийдің бұл туындысының алғашқы қазақшалануы сол кезеңнің ортақ заңдылығынан сәл де болса тыс тәсілмен аударылған деп айтуға болар еді. Өйткені түп нұсқаның бар қасиетін, яғни аударма теориясының бүгінгі терминімен айтқанда, мазмұн мен форманы тұтас қалпында жеткізуге тырысқан.

Көсемнің бейнесін жасауға М. Горький әр

алуан халықтық нақылдарды, жеке сөздерді басынша еркін, әрі мол пайдаланған. Ол бірде Лениннің өзін сөйлетсе, бірде өзгелерді сөйлетеді, көбінесе өзі араласып, көсем көз алдыңызда тұрғандай суреттеп, әңгіме шертіп кетеді.

М. Горький Ленин туралы әңгімесін совет еліне қарсы адамдардың көсем ұлылығын лажсыз, бірақ адал мойындау сөзімен бастайды. «Даже некоторые из стана врагов *его честно признают*: в лице Ленина мир потерял человека, который среди всех современных ему великих людей наиболее ярко *воплощал в себе гениальность*». Осы сөйлемнің қазақша екі варианты мынадай:

«Лениннің қайсыбір дұшпандары да оны *дұрыс таниды*: «Ленин өзімен тұстас ұлы адамдардың ішінде, әсіресе *кемеңгер еді*, басқалардан оның *мойны озық еді*», сол адамнан дүние жүзі қазір айрылып отыр (1935).

«Тіпті, жаулар тобындағы кейбір адамдар да: Лениннің қайтыс болуымен дүние, «өзімен замандас барлық ұлы адамдардың ішіндегі *асқан данышпан адамнан*» айрылды деп *шын мойындады*».

Осындағы курсивпен берілген тіркестерге назар аударалық. Жалпы бұл күрделі сөйлемнің бар құрамын екі аударма да түгел беруге тырысқан. Мәселе сөйлемнің үтір мен нүктесіне дейін берілуінде ғана ма? Жоқ. Белгілі бір тиянақты ойды білдіріп тұрған сөйлемнің негізгі элементтерінің қалай аударылуы алдымен еленуге тиіс. Негізгі элементтер деп отырғанымыз осы сөйлемдегі «*честно признают*», «*в лице Ленина*», «*вопло-*

щал в себе гениальность» тәрізді қазақ тілінің табиғатына тосындау тіркестер. Бұлар — сөйлемнің, жазушы ойының жұлыны десе де болар еді. Ленин образын жасауда айрықша роль атқарған осы тектес мағыналық топтар. Ендеше бұлардың барынша дәл аударылуы қажеттігін айтып жатудың жөні жоқ. 1935 жылғыда «дұрыс таниды» делінсе, А. Байтанаев «шын мойындадыны» қалайды. Дәл осы мысалдан-ақ біз орыс тілі мен қазақ тілі сөздерінің тіркесу қабілеті бөлекше екенін аңғарамыз. Және бұларды аудармашылардың қабілетіне қарай әр түрлі тілдік формалармен беруге болатынын көріп отырмыз. Яғни әр тілдің стильдік өрнектері де әр түрлі.

Қандай тілде де «воплощение» сықылды мағынасы кең сөздер кездеседі. Ондай сөздердің мағынасын екінші тілде бір сөзбен жеткізу өте қиын. Мына екі аудармашының да «кемеңгер еді», «мойны озық еді», «асқан данышпан» деп құбылуы тегін емес. Әлгі «воплощениенің» қуатын, әсерін беремін деген талаптан туган әрекет. Ал сонда «воплощал в себе гениальность» дегенді қазақша қалай айтуға болады? Бұл етістік даналықтың жиынтық мәнін білдіргендей. Яғни данышпандыққа қойылар талаптың бәрі — В. И. Лениннің бір басынан табылады деген сөз бұл. Екі аударманың дұрыс-бұрыстығын айтудан гөрі советтік дәуірдің әр кезеңінде көсем бейнесін жасауға қатыстырылған сөздер мен сөз тіркестері және сөйлем құрудың табиғатын талдауды ғана мақсат етіп отырғандықтан бұл жағына тереңдемейміз. Талдама сыры осы тұрғыдан ғана түсінілуге тиіс.

Ал «честно признают»-тың табиғаты да қазақша қызықтау шыққан. Бірі «таниды» десе, онда да дұрыс деген сөзді қосады, екіншісі «мойында-тады», мойындатқанда «шын мойындатады». Екі аудармашының да жағдайын түсінеміз. Бұл жердегі «честно признают» әрі «тану», әрі «мойындау» деген ұғымды береді. Екеуі де аударма тілінің даму іздерін танытатын тіркес. Қазір «шын мойындады» тәрізді тіркестер күнделікті әдеби тілімізде кеңінен қолданылатын формаларға айналғаны мәлім.

«В лице Ленина» деген тіркесті аудару тіпті қиын. 1935 жылғы аудармада «сол адамнан», 1968 жылғыда «Лениннің қайтыс болуымен» деген тіркес арқылы берілген. Соңғысынан тіліміздің кейінгі жылдардағы даму өрісін көруге болады. Алғашқы вариантта шығыс септігі формасында байланысқа түссе, соңғысында «қайтыс болуымен» дегендегі «болу-ы-мен» сөзі тәуелдік жалғауы және көмектес септігінің көмегімен «В лице Ленина» деген тіркестің берер мәні жеткізіліп тұр. Бұдан біз орыс тілінде белгілі бір формада айтылған ойды қазақ тіліне (ішкі заңдылықтарына орай) әр қилы беруге болатынын көреміз.

Лениннің көркем әдебиеттегі бейнесін жасау қиын екенін М. Горький былай түсіндіреді:

«Писать его портрет — трудно. Ленин внешне, весь в словах, как рыба в чешуе» дейді. Тап осы екі сөйлем көйлегі де қызық пішілген. «Оның суретін жазу қиын. Сөзіне қарағанда Ленин судағы балық сықылды» (1935).

«Оның бейнесін суреттеп жазу қиын: Лениннің сыртқы пішінін оның жалынды сөзінен ажыратуға болмайды» (1968).

Бұл мысалдан да, біз әрбір кезеңнің тіл дамуында қалдырған белгісін байқаймыз. Алдыңғысында аудармашы «писать», «портрет» деген сөздердің байланысқа түспей жеке-дара тұрғанда беретін мағынасын алған (жазу, сурет). Яғни ол кезде кейбір сөздеріміздің қосымша қызметі айқындалмаған кезі болатын. Көркем әдебиетте қолданылып жүрген осы сықылды сөздер келекеле «суреттеу», «бейнелеу» болып құбыла бастады. 1968 жылғы аудармадағы «оның бейнесін суреттеп жазу қиын» осының мысалы. Келесі сөйлемнің қазақша құбылуы да қызық. «Сөзіне қарағанда Ленин судағы балық сияқты». Мұндағы аудармашыны қинайтын тіркес «как рыба в чешуе».

Аудармашы «адалдығынан» балықтан шыға алмай отыр. Бұл сөйлем арқылы да тіліміздің бір кездегі тіркесу қабілетін көреміз. Сөйлемнің құрылысы қазақша да, мағынасы орысша. Ал кейінгі аудармадағы түрі бүгінгі стильді танытады. Мұнда Лениннің портретін бейнелі жеткізуде үлкен роль атқарып тұрған «как рыба в чешуе» выражениясын балықсыз беруге тырысқан.

Жалпы 1935 жылғы аудармадан біз барлық қиын фразалық тіркестердің, мақал-мәтелдердің дәл аудармасын беруге тырысушылықты байқаймыз. Ал 1968 жылғыда олардың қазақша варианты не эквиваленті беріліп отырады. Мәселен, «Это — ее вина будет, если мы *разобьем слишком*

много горшков» дегенді 1935 жылғы аударма: «Біз құмырашағы тым көбірек қиратып жіберсек, бұл да сол зиялылардың кінәсы болады», — деп алса, А. Байтанаев: «Егер көбірек бас жарылып, көз шықса біздің кінәмыз емес, олардың кінәсы», — дейді.

Қөсемнің шешендігін дәлелдейтін мына мысалдарға зер салыңыз: «Но вот поспешно взошел на кафедру Владимир Ильич, картаво произнес «товарищи». Мне показалось, что он плохо говорит, но уже через минуту я, как и все, был «поглощен» его речью». Мұның қазақша екі варианты мынау: «Бір кезде асығыңқырап басып сөз сөйлейтін кафедраға Владимир Ильич шықты да тілі күрмеліңкіреп «жолдастар» деді. Мен оны жаман сөйлейді екен деп қалдым, бірақ жалғыз минуттан кейін оның сөзі ұйытып алып кетті» — «Мінекей, асыға басып мінбеге Владимир Ильич шықты, тілін тістей сөйлеп «жолдастар» деуі маған тіпті сөйлей алмайтын адам сияқты көрініп еді, бірақ, бір минуттан кейін-ақ отырған жұрттың бәрімен бірге мені де әбден үйіріп кетті».

Тағы бірнеше мысал: «Проницателен и мудр был этот человек», «в многой мудрости много печали» — «Ол батымды, данышпан адам еді, ал данышпандық көп жерде, қайғы да көп» — «данышпан адам еді ол», ал «асқан данышпандықта қайғы-қасірет те көп болады ғой»; «картавит и руки сунул куда-то под мышки, стоит фертом» — «сөйлеуінде тіл ілгегі бар, қолын қолтығына тығып алған, тұрысы да бір түрлі жобалғы, өте

жабайы көрінді» — «тілін тістеп сөйлейді, екі қолын қолтығының астына сұғып жібереді, өзі бір жағына ауықтау тұр»; «комическая поза»; — «кісі күлетін келбет» — «қызық қылық»; «победоносно-петушиное» — «жеңу сипаты» — «қоразданып қыр көрсеткен»; «великое дитя окаянного мира сего» — «бұл дүниенің кемеңгер ұлы» — «ант ұрған дүниенің ұлы сәбиі»; «принести себя в жертву» — «өзін-өзі азапқа салу» — «өзін құрбан етуге жеңген»; «откуда он знает наши премудрости» — «ол біздің жұмыстарымызды біледі» — «ол біздің ісіміздің тетігін қайдан біліп жүр».

Жоғарыдағы «проницателен», «стоит фертом», «победоносно-петушиное», «великое дитя», «окаянный мир», «поглощен», «комическая поза» тәрізді сөздер мен сөз тіркестері Лениннің қилықилы қылығын, қимыл-әрекетін танытатын — Горький стиліне тән формалар. Бұларды беруде де екі тілдің мүмкіндігі мен аудармашылардың тіл меңгерудегі мүмкіндігін байқауға болады. Өйткені бұлар да орыс тілінің өзіне ғана тән тіркестер. Содан болар екі аудармашы да қазақ тілінің қорынан әр қилы сөздерді сұрыптаған. Бірі «батымды», «тұрысы жабайы — жобалғы», «жеңу сыпаты», «кемеңгер ұлы», «бұл дүниенің», «ұйытып алып кетті», «кісі күлетін келбет» (мұның бәрін жоғарыдағы ретпен беріп отырмыз. — Ө. А.) десе, екіншісі «алғыр, өткір ойлы», «бір жағына ауықтау тұрады», «қоразданып қыр көрсету», «ұлы сәби», «ант ұрған дүние», «үйіріп әкетті», «қызық қылық» дейді.

Сонымен, бір ғана көркем туындының аудармасын сөз ету арқылы, біз ең алдымен Ленин образын жасауда М. Горький қолданған тілдік-стильдік тәсілдерді көрдік. Екіншіден, көсем бейнесін жасауға қазақ тілінің мүмкіндіктері де жетерлік екенін байқадық. Үшіншіден сол мүмкіндік дегеннің өзі белгілі бір кезеңге және аудармашылардың шама-шарқына орай әр қилы болып келеді екен. Төртіншіден аударма арқылы орыс тілінің қазақ тіліне тигізіп жатқан игі әсерін аңғаруға болады. Келтірілген мысалдардағы сөздердің тіркесуі сөйлем құрылысы, жаңадан жасалған баламалар осы игі әсердің негізінде туып, қалыптасып келе жатқан дүниелер.

Аударма әдебиеттегі Владимир Ильич Лениннің образын жасаудың кейбір нұсқалары осындай. Бұдан Ленин бейнесі суреттелген көркем туындыларды аудару арқылы да, ана тіліміздің қауқарын байқап, стильдік мүмкіндіктерімізді байытуға болатынын көреміз. Ендеше ана тіліміздің асыл қазынасы аударма арқылы да молыға түсуде.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бүгінгі таңда мәдени өміріміздің қай саласын алсаңыз да, оның аударма араласпаған, аударма қатыспаған түрін табу қиын. Ендеше дарқан мәдениетіміздің бір ұшы аудармаға ойысып жататыны ақиқат. Совет Одағында жүзден астам ұлт өмір сүреді. Ұлы Отанымыздың осы көп ұлттық құрамының өзі-ақ аударма атқарар тірліктің маңызы қаншалықты екенін дәлелдесе керек.

Біз қазір марксизм-ленинизм классиктерінің теориялық еңбектерін, дүние жүзі мәдениетінің асқан үлгілерін өз ана тілімізде оқи алатын болсақ, мұны тек аудармаға байланысты, аударма ісінің дамуына байланысты қол жеткен табысымыз деп білеміз. Прогрестік мәні айрықша бұл процесс ең алдымен, негізінен, ұлы орыс тілі арқылы іске асып келеді. Қазір орыс тілінен аударылған сансыз дүниелерді қарап шықсақ, біз ғылым саласында да, көркем әдебиет саласында да жер шарында болған, болып отырған небір оқиғаларды оймен, көңіл көзімен көкейге түйе алар, сарапқа сала алар дәрежеде екенбіз.

Осыған қарағанда аударманың мәдени өмірден алатын орны айрықша. Біздің аударма мәселесін зерттеу объектімізге айналдыруымыздың бірінші себебі, міне осы айтылған ақиқаттарға тікелей байланысты.

Белгілі бір ұлт әдебиеті мен тілінің даму дәрежесін, қалыптасқан қағидалары мен заңдылықтарын көрші елдің әдебиеті мен тіліне байланыстыра зерттеудің нәтижесі мол. Мәселен қазақ әдебиеті мен әдеби тілінің бүгінгі деңгейге дейінгі өсу өрісін орыс тілі мен әдебиетіне байланыстыра зерттеудің ғылымдық маңызы бар.

Аударма, сонымен бірге, туған әдебиетіміздің эстетикалық мүмкіндіктерінің молаюына, әдеби тіліміздің әрлене, әшекейлене, әсемдене түсуіне өсер етеді. Көптеген тіл білімпаздарының, әдебиетші ғұламалардың зерттеулеріне қарағанда Белинскийдің осы пікірді айтқан уақытынан бері орыс тілі ең бай тілдердің біріне айналып отыр. Мұнда аударма әдебиеттің алатын үлесі ерекше.

1. Осы тұрғыдан қазақ әдебиетінің, ана тіліміздің өсу, өркендеу сипатына үңілер болсақ та, сан алуан аудармалар арқылы «адам ойларының қилы-қилы қатпарларын» қиыстырып беруде тіліміздің оралымдылығы, икемділігі күшейе түскенін байқау қиын емес. Сөйтіп біздің қазақ әдеби тілінің қалыпқа түсуі, дамуы, жетілуі аударма процесінің жолға қойылуына да тікелей байланысты деп айтуға әбден хақымыз бар.

Ал енді М. Горький творчествосына баруымыздың мынадай себептері бар. Халқымыздың әдеби, мәдени мұрасын сөз еткенде, біз советтік дәу-

ізде жеткен нәтижелерді орыс халқының мәдени мұрасына байланыстыра бағалаймыз. Бүкіл көп ұлтты совет әдебиетінің қалыптасып, өркен жаюына Алексей Максимович қосқан үлес айрықша. Ол социалистік реализм әдісін жасаушы. Социалистік заманада одан тағлым алып, үйренудің әр қилы арналы жолдары жасалды.

Мұның үстіне ұлы жазушы «көркем әдебиеттің бірінші элементі тілге» өзгеше мән беріп, соның білгірлікпен ұстартылуын қатаң қадағалаған. Қайсыбір жас жазушы шығармаларының тіліне берген талдама-бағалары күні бүгінге дейін қаламгерлердің назарынан түспеуге тиісті шарттар.

М. Горький халықтар достығының жаршысы. Ол не қилы заманаларды басынан кешірген, бірақ бірінің тірлігі жөнінде бірі бейхабар өмір сүріп келген халықтарды бір-біріне жақындастырудың алуан түрлі жолын іздеген гуманист. Сол елдерді біріне-бірін тереңірек таныстырудың ең асыл жолы аударма деп түсінеді.

А. М. Горький халықтар достығының дәнекері аударма мәселесіне айрықша мән берген жазушы. Ол совет үкіметінің алғашқы жылдарынан-ақ әр елдің рухани дүниесін бүкіл халықтық қазына ету мақсатымен аударманы жолға қояды. Бұл аса күрделі істің бүкіл халықтық сипатын, маңызын мейлінше жоғары бағалай отырып, М. Горький аударудың ғылымдық мәселелеріне бет бұрады. Аударма өнерінің негізгі принциптерінің жасалуын қадағалап, қағида-ережелерін қалыптастыруды қолға алады. Көркем шығарманың, әсі-

ресе көркем аударманың тіліне айрықша мән беріп, үнемі бағыт-бағдар сілтеп отырғанын білеміз. Міне, сондықтан жалпы аударма мәселесінде, оның ішінде М. Горький творчасының қазақ тіліндегі жағдайын объектіге айналдырып отырған біздер үшін жазушының мұндай ескертпелерінің маңызы бөлекше. Яғни, аударма мәселесіндегі М. Горький көрсеткен жөн-жобаның бүгінгі аудармашы-зерттеушілердің практикалық және теориялық істерінде тигізер пайдасы мол деп білеміз.

2. М. Горький шығармаларының аудармасын тексергенде, бізге айқын болған бір нәрсе — жазушының қазақ елімен байланысы әріден басталатыны. Ол қазақ халқының рухани өмірін танытатын мұралармен революциядан бұрын-ақ таныс болған. Қазақтың бай фольклорын, тарихын, музыкасын жинаған орыс оқымыстыларының еңбегін жоғары бағалағаны байқалады. Тіпті Абай мен Ыбырай жөнінде де мағлұматы болғанын көреміз. Қазір осыны дәлелдейтін деректі материалдардың біразы бізге мәлім болып отыр. М. Горький аудармаларының тарихи мәнін, оның творчасының басқа халықтармен рухани жалғастығын анықтауда бұл фактілердің де қолқабысы мол болуға тиіс.

3. Қазақ совет әдебиетінің бүкіл болмысынан М. Горький дәстүрінің игі әсерін байқау қиын емес. Ол әсер әрбір жазушы талғамының табиғатына орай әр қилы ыңғайда көрінеді. Мұны қазақ совет жазушыларының көрнекті өкілдері — С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, М. Әуезов, С. Мұқа-

нов, Ғ. Мүсірепов, С. Ерубаев т. б. өз айтқандарынан да айқын аңғарамыз.

Ендеше, біз бұдан, қазақ жазушыларының М. Горькийге, оның творчествосына деген ықыласының заңды құбылыс екенін байқаймыз. Социалистік заманның жаңа іс-әрекеттеріне лайықты қалам тартудың асқан үлгісін дүние жүзі классиктері, оның ішінде М. Горький арқылы бойына сіңірген суретшілер қазақ тілінің бай сөздік қорын жер қыртысын зерттеушілердей шарлайды. Сөз қадірін жоғары бағалап, тамаша туындылар берген жазушыларымыздың творчествосынан да М. Горький жасаған игі әсердің ізін анық көреміз. Сөйтіп М. Горькиймен рухани байланыс өмірдің өзі туғызған қажеттіліктен өрбіп, игі ісіміздің біріне айналған.

4. М. Горький шығармалары қазақ тіліне 20-жылдардың алғашқы жартысынан аударыла бастайды. Содан бергі аудармаларды сүзіп қарағанда, қазақ аударма өнерінің қалыптасу сыпатын танытатын әр түрлі ізденістерді, әр түрлі тәсілдерді байқадық. М. Горький творчествосын қазақша аударуға қатысқан аударма өнерінің қайраткерлерін танимыз. Олардың ішінде І. Жансүгіров, Ғ. Мүсірепов т. б. сынды айтулы сөз шеберлерін, М. Қаратаев, С. Талжанов, Ы. Дүйсенбаев т. б. сынды ғұламаларды, Қ. Сағындықов, К. Шәріпов, Ж. Алтайбаев т. б. сияқты практик-журналистерді, Ә. Нұрпейісов, Т. Ахтанов, Қ. Шаңғытбаев, С. Бақбергенов, А. Байтанаев т. б. жазушыларды, М. Дәулетбаев, Н. Құлжанова, Р. Уәлиахметов, Ж. Қасымбаев, И. Бегалиев, Ф. Дінісламов,

Ғ. Османов, т. б. сияқты аудармашыларды да көреміз. М. Горькийді аударуға қатысқан адамдардың жалпы саны қырыққа таяу. Бұлардың қай-қайсысының да қазақ әдебиеті мен тілінің алтын қорын байытуда, әсіресе аударма өнерінің ғылымдық негізде зерттеліп, өзіндік қағида ережелер түзуде тигізген пайдасы аса зор. Тіпті, атақты жазушыларымыздың қайсыбірі жазушылық өнерге М. Горький творчествосын ана тілімізге аудару арқылы машықтанған. Мәселен Ғ. Мүсіреповтің жазушылық аренаға шығуының сыры бізге осыны аңғартады.

5. Аударма қиын өнер. М. Горькийдің аудармаларынан, аударудың әр қилы принциптері бой көрсетеді. Аударма өнерінің тарихында ертеден келе жатқан тәсіл еркін аударма мен сөзбе-сөз аударманың да іздері бар... Бұл тәсілдің әрқайсысының өзіне ғана тән жемісі мен олқылықтары бар. Сонымен бірге аударма теориясының бүгінгі талабына сай жасалған реалистік туындылар да жоқ емес.

Бұл аудармалардан біз Горькийше, Горький кейіпкерлерінше сөйлеудің алуан түрлі сипатын байқаймыз. Азды-көпті кемшілігін ескермей есепке алғанда, М. Горький стилін, жазу мәнерін қазақ тіліне тәуір жеткізген аудармашылар деп Ғ. Мүсіреповті, С. Талжановты, М. Қаратаевты, Қ. Бекхожинді, Қ. Сағындықовты, Қ. Шаңғытбаевты, Ж. Алтайбаевты, Ә. Нұрпейісовты, Д. Дінисламовты т. б. көптеген қалам иелерін атап айтуға болады.

6. М. Горький шығармаларының қазақ тіліне

аударылу жайы бір қарағанда жаман жүргізілмеген сияқты. Оны аудару тоқталған жоқ, тоқталмайды да. Ал, сол аудармалардың сапасын салмақтайтын сын-зерттеу жұмыстарына келсек, бұл жөніндегі деректердің мүлде мардымсыз екенін мойындаудан басқа амал жоқ. Осы олқылықтың орнын толтыруға біздің жұмысымыздың сәл де болса септігі бола ма деп отырмыз.

7. М. Горький аудармалары жөнінде жазылған мақалалар тіпті жоқ деп айту дұрыс бола қоймас еді. Сонау 30-жылдардың өзінде-ақ аударманың бүге-шігесін талдауға талаптанған әдебиет зерттеушілерін білеміз (Ә. Қоңыратбаев, Қ. Бекхожин). Бертінірек те бой көрсеткен бірен-саран мақала (Ж. Бейсенбин, Е. Ғабдіров) болсын, әлгі әдебиетшілердің талдамасы болсын М. Горький шығармаларын аударудың өзіндік ерекшеліктерін, оның творчестволық тәсілдерін, кейіпкерлерін дараландырудағы сөз қолдану машығына тереңдей бермейді. Бұл мақалалардың көбі аудармада ескерілуге тиісті маңызды мәселелердің бірінің төңірегінде ғана әңгіме қозғайды. Ол — түп нұсқаның идеялық мазмұнының екінші тілдегі көрінісі. Бұл мақалаларды біз М. Горький шығармаларының аудармаларын саралаудағы кезеңнің талап-талғамына орай жазылған және уақытына қарай бағалануға тиісті мәліметтер ретінде ескеруге міндеттіміз.

8. Ал мәселенің екінші жағы — түп нұсқа тілі мен аударма тілінің жай-жапсары қазақ аударма ғылымында түбегейлі тексерілді деп айту ертерек. Мұны М. Горький шығармаларының аудар-

маларына байланысты тіпті айқын көреміз. Ендеше аудармада ең алдымен тілдік элементтерді сапалы аудармай толыққанды творчестволық дүниенің құнын айыру қиын.

Осыған орай жалпы аударма теориясындағы мынадай үш түрлі бағытты байқауға болар еді. Біз мұны шартты түрде көрсетіп отырмыз. Біріншіден аударманы әдебиет тану ғылымының зерттейтін объекті ретінде қарастыру (Қашкин, Брагинский, Росельс т. б.); екіншіден тіл білімінің объекті ретінде қарастыру (Федоров, Бархударов т. т.); үшіншіден жалпы филологияның объекті ретінде қарастыру (Гачечиладзе, Эткинд т. т.).

9. Қазақ аударма ғылымында ара-жігі айқынырақ көрініп тұрған мұндай көзқарастарды ашып айтуға қиын. Тек мынаны ғана ескертеміз. Бізде аударманы күні бүгінге дейін көбіне жазушы, әдебиетші ғұламалар зерттеп келгендіктен бұл жөніндегі көзқарастар әдебиет тану ғылымының ыңғайына қарай бейімделе беретіні байқалады. Бұл саладан аударманың біраз мәселесі шешілді дегенмен де, оның ғылыми проблемалары енді-енді жан-жақты зерттеу объектісіне айналып келеді. Ғылыми проблемалар дегенде, біз бұл жерде әдеби-лингвистикалық тұрғыдан тексерілуге тиісті мәселелерді мегзеп отырамыз.

10. Қазақ аударма ғылымының барысын қадағалағанымызда оны бірыңғай лингвистикалық тұрғыдан зерттеген еңбектер жоқ екен. Көркем аударманы (басқа түрі емес) тексергенде, не бірегей лингвистикалық зерттеумен кетуге, не бірыңғай әдебиет тану ғылымының тәсілдеріне салуға

болмайтыны анық. Мұны әдеби лингвистикалық проблема есебінде қарастырған жөн. Міне сондықтан да біз монографиялық зерттеуіміздің барысы көрсеткендей соңғы комплексті зерттеу әдісін жақтайтын ғұламалардың пікірін аударма ғылымының бүгінгі талап-тілегіне сай туған дұрыс бағыт деп қараймыз.

11. Көркем аудармада фразеология мәселесі өте қиын да күрделі мәселенің бірінен саналады. Бұл проблеманы дұрыс шешудің бір жолы фразеологизмдердің табиғатын терең түсінуде жатыр. Оның түрлерін, соған орай көркем туындыда атқаратын қызметін жете ұғып алмай тұрып, екінші тілге аудару жөнінде сөз болуы мүмкін емес. Қазақ тілінде болсын, орыс тілінде болсын фразеологизмдердің зерттелу жайы бізді қанағаттандырады. Сол зерттеулердің нәтижесінде аудармашыларға, аударманы қарастырушыларға аса қажет мәселелердің беті ашылған. Көркем шығарманың өн бойында әр қилы қызметте жұмсалатын фразеологизмдерді дұрыс аудару үшін, аудармашының стильдік өңі айқын, мұндай тілдік категорияларды жете зерттеген еңбектердің болғаны абзал.

Қазақ тілі мамандары фразеологизмдерді аударудың жай-жапсарына бірсыпыра уақыттардан бері-ақ көңіл бөліп келеді. Біз бұл істе сонау 30-жылдардың бастапқы кезеңінде айтылған проф. Қ. Жұбанов пікірлерінің айрықша ғылыми мәні бар деп білеміз. Мәселен марксизм классиктері аудармасының тілі жайындағы С. Аманжоловтың зерттеулеріне жасаған редактордың ескертпеле-

рінде ол фразеологизмдерді аударудағы кейбір олқылықтарды былайша атап көрсетеді. «...образные выражения незнакомые читателям перевода, можно и должно заменить соответствующими образными же выражениями, выработанными на казахской почве». Мы считаем совершенно непристительным для Самойловича А. М. такие переводы на русский язык, как «заставить жаворонка нести яйца на овце» или как «ясно как то, что на жеребенка положили тавро». Дело в том, что тут мы имеем дело с идиоматической фразеологией с так называемыми «крылатыми словами», значения которых непередаваемы переводом отдельных слов, из которых они состоят. Следовало бы объяснить значение фразеологии в целом».

12. Ең алдымен фразеологизмдерді екі топқа бөліп қарап, олардың аудармасын соған орай тексеру қажет. Біріншіден, мағынасы жағынан жеке сөздер мен сөз тіркесіне бара-бар фразеологизмдер. Бұларға жататындар — идиомдар. Екіншіден синтаксистік құрамы бір тұтас, тиянақты аяқталған ойды білдіретін фразеологизмдер. Яғни мақалдар мен мәтелдер және басқа түрлері. Бұлай бөліп қарауда мән бар. Зерттеу нәтижесі байқатқандай фразеологизмдердің бұл екі түрінің аударылғыштық сипаты осылай бөлек қарауды талап етеді.

Сайып келгенде, біз идиомдар жөнінде күн бүгінге дейін жалғасып жатқан пікірлерден сәл басқаша қорытындыға келдік. Идиомдарды аударуға болады және аудару қажет деп санаймыз. Әрбір жазушының, әрбір шығармасындағы идиомдардың қолданылу өрісінің өзі аударудың тәсі-

лін көрсетеді. Мұны калька жолымен, эквивалент-балама арқылы беру қажет.

13. Ал мақал-мәтелдердің жайы басқашарақ. Бұларды аударуда тәжірибеде сыналған үш түрлі жолы барын байқаймыз. М. Горький шығармаларының аудармаларынан да біз осы үш түрлі жолдың әрқилы көрінісін анықтадық.

Бірінші жол. Фразеологизмдердің мазмұны мен формасы, тіпті экспрессивті-эмоциялық әсері де түгел жеткізіледі. Басқаша айтқанда, фразеологизмдердің заттық бейнелі мағынасы толық сақталады.

Екінші жол. Фразеологизмдердің мазмұны толық жеткізілгенмен лексико-грамматикалық құрылысында аздаған өзгерістер жасалады. Яғни мұның заттық-бейнелі мағынасы жартылай сақталады.

Үшінші жол. Халықтар өміріндегі ұқсас тіршілік пен құбылыстар нәтижесінде жасалған мақал-мәтелдерді бір-біріне дайын балама ретінде пайдалануға болады. Мұндай лексико-семантикалық топтар қай халықта да жетерлік. Тек соны таба білу керек.

14. Бұл тәсілдердің ешқайсына да салуға көне бермейтін біраз мақал-мәтелдер бар. Олар ұлттық бояуы айқын фразеологизмдер. Бұлар аударылса ұлттық ажарынан айрылады, аудармауға тағы болмайды. Осындай өзгешелігі жағынан бұлар идиомдарға келетін тәрізді. М. Горький аудармашылары мұның да әр қилы амалын қарастырған. Негізінен орыс тілінің небір қиын обороттарын да аударуға болатынын, олар қазақ

тілінің материалы арқылы дәлелдеуге тырысады.

15. М. Горький фразеологизмдерін аудару үшін алдымен, олардың шығармаларындағы қолданылу өрісін, көлемін, түрін, мақсатын анықтап алу қажет. Өйткені фразеологизмдер жазушының негізгі мақсатына орай стильдік қызмет атқарады. Ендеше жазушының стилистикалық мақсатына орай олардың аудармасын қарастырған жөн.

16. М. Горький фразеологизмдерді кейіпкерлер образын дараландыру үшін қолданады. Бұл қолданыстың мынадай түрлерін атап көрсетеміз. Ол халықтың қарапайым нақыл сөздерін кейде өзгертпей сол күйінде алса, кейде кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқына байланысты неше саққа салып өзгертіп, құлпырта қолданады. Олардың лексико-грамматикалық құрылысына өзгерістер енгізеді. Ал енді бір сәтте Горький геройлары халықтық фразеологизмдерге бергісіз мүлде жаңа афоризмдермен сөйлеп кетеді. Мұның бәрінің сыр-сыпатын айырып, эмоциялық-эстетикалық әсерін білу оңай емес. Аудармалардан байқауымызша мұндай тұстарды жеткізуге қазақ тілінің мүмкіндігі мол екен. Соларды аудару арқылы тіліміздің экспрессивті-эмоциялық мүмкіндігі аршыла түсті. Көптеген сөздеріміз жаңа мағыналық реңкке көшіп, стилистикалық өрісі кеңейді.

17. М. Горький қолданған әр алуан фразеологизмдерді аудару арқылы, оларға балама іздеу арқылы ана тіліміз даналық сөздер қорының қатарын молайтты. Қаламгерлеріміз осылар арқылы да бейнелеу құралын күшейтті.

М. Горький шығармаларындағы нақыл сөздерді аударудың осылай бірте-бірте семантикалық жүйесі жасалады.

18. М. Горький творчествосына тән ерекшеліктерді саралағанымызда жазушының өзіндік өзгешелігін айрықша танытатын тілдік құбылыстары мол екенін, оларды қазақ тіліне аударуда ана тіліміздің де мүмкіндігі жетерлік екенін байқадық. Бұл жерде, тек, фразеологизмдердің әрбір шығармадағы стилистикалық қызметін айқындап алған жөн. Бұл аудармалар қазақ тілінің мәдениетін арттыруда үлкен роль атқарды.

19. Алайда аудармалардың бәрі бірдей үлгі тұтарлық дәрежеде емес. Біз тексеріп отырған нақты мәселенің өзін жеткізуде де толып жатқан олқылықтар кеткен. Сондықтан аудармалардың біразын қайта қолға алып, бүгінгі талғам таразысына лайықты қайта жасау қажет.

20. Әрбір аударма өз кезеңінің жемісі. Оның әрқайсысында автор стиліне қоса аударылған кезеңнің, аудармашылардың тіл ерекшеліктері мен стилі көрінеді. Олай болса М. Горькийдің тіл, стиль ерекшеліктерін аударушылар әр қилы түсініп, әр қилы жеткізуге тырысады.

21. М. Горький фразеологизмдерін тексеру арқылы бұларды аудару мәселесінде екі тілді фразеологиялық сөздіктің аса қажет екені байқалады.

М А З М Ұ Н Ы

Кіріспе	3
<i>Бірінші тарау.</i> Фразеологизмдер және олардың зерттелу жайы	39
<i>Екінші тарау.</i> Фразеологизмдерді аудару мәселелері	81
<i>Үшінші тарау.</i> Бейнелі сөз тіркестерінің көркем шығармалардағы стильдік қызметі және оларды аударудың кейбір амалдары	148
Қ о р ы т ы н д ы	215

Айтбаев Умирзак

ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ И ПРОБЛЕМЫ ИХ ПЕРЕВОДА

Утверждено к печати ученым советом
Института языкознания
Академии наук Казахской ССР

Редактор *Айтмухамбетова С.*
Худож. редактор *Хоменко М. А.*
Художник *Сущих И. Д.*
Техн. редактор *Бикетова В. М.*
Корректор *Кубашева М. А.*

* * *

Сдано в набор 29/IV 1975 г. Подписано к печати 16/IX 1975 г.
Формат 70×108¹/₃₂. Бумага № 1. Усл. печ. л. 9,3.
Уч.-изд. л. 9,8. Тираж 1200. УГ05143. Зак. 92.
Цена 1 р. 08 коп.

* * *

Издательство «Наука» Казахской ССР.
Типография издательства «Наука».
Адрес издательства и типографии: 480021, г. Алма-Ата,
ул. Шевченко, 28.